

Қазақстан Республикасының Білім және ғылым министрлігі
Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті

М.К. Асанова
Ж.М. Жартай
М.Р. Газизова

РЕСУРСТЫҚ НАРЫҚТАР

Оқу құралы



Қарағанды
2016

*Академик Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ Ғылыми кеңесімен
мақұлданған*

УДК 330.101.54(075.8)

ББК 65.012я7

А 98

А 98 **Асанова М.К., Жартай Ж.М., Газизова М.Р.**
Ресурстық нарықтар: оқу құралы. - Қарағанды: ҚарМУ
баспасы, 2016. - 138 б.

ISBN 9965-39-131-9

Ресурстық нарықтар - нарықтық қатынастар дамуының негізгі шарты болып табылады, ал оның жекелеген элементтері қалыптасуы мен дамуы бәсекелестікті және нарықты ерекшелейді. Сондықтан ұсынылып отырған оқу құралы ресурстық нарықтар, олардың арасындағы өзара байланысты сипаттайтын теориялық қағидалардан, маңызды нәтижелерден және заңдылықтардан тұрады. Қарастырылып отырған оқу құралы ресурстық нарықтардың микроэкономикалық негіздері, еңбек нарығы мен оның факторлы табысы еңбекақының, жер нарығы мен оның табысы рентаның, капитал нарығы мен оның табысы проценттің микроэкономикалық ерекшеліктеріне тоқталып өтеді.

Оқу құралы экономика факультетінің студенттеріне, магистранттарына, докторанттарына, оқытушыларға және ресурстық нарықтар мәселелерімен қызығатын тұлғаларға арналған.

УДК 330.101.54(075.8)

ББК 65.012я7

Сын-пікір білдірушілер: **Д.Е. Бектлеева**, Аймақтық даму ғылыми-зерттеу институтының жетекші ғылыми қызметкері, экономика ғылымдарының кандидаты;

Р.А. Орымбекова, Қазтұтынуодағы Қарағанды экономикалық университетінің есеп-қаржы факультетінің аға оқытушысы, экономика ғылымдарының кандидаты;

Б.Х. Раимбеков, Е.А. Бөкетов ат. ҚарМУ экономика факультетінің доценты, экономика ғылымдарының кандидаты.

ISBN 9965-39-131-9

©Асанова М.К., Жартай Ж.М., Газизова М.Р. 2016
©Қарағанды мемлекеттік университеті, 2016

КІРІСПЕ

Білікті экономист, қаржыгер, менеджер, бухгалтер, аудитор экономикалық зерттемелердің қазіргі заманғы әдістерін, жүйелі, кешенді экономикалық талдау әдіснамасын, кәсіпорын қызметінің нәтижелерін дәл, уақытылы, жан-жақты талдау шеберлігін игеру қажет. Қазіргі заманғы жағдайларда оқыту үрдісінде студенттермен алынатын тәжірибелік дағдыларға қойылатын талаптар жыл сайын өсуде.

Ресурстық нарықтар экономиканың негізгі негізгі звеносы болып табылады, және ресурстық нарықтардың теориялық және тәжірибелік негіздерін білу - білікті мамандарды даярлаудың міндетті талабы.

"Ресурстық нарықтар" пәнін оқыту мақсаты болып шаруашылықтың нарықтық типі жағдайында ресурстық нарықтардың, оның ішінде еңбек, жер, капитал нарықтарының қызмет етуінің экономикалық механизмдерін оқыту негізінде студенттердің экономикалық ойлау қабілетін дамыту табылады.

Курсты оқу кезінде студенттер ресурстық нарықтарға байланысты экономикалық құбылыстар мен үрдістердің мәнін, өзара байланысын және өзара тәуелділігін терең түсініп, оларды жүйелеу және моделдеу, факторлардың әсер етуін анықтау, жеткен жетістіктер мен нәтижелерді бағалау, өндіріс әсерлілігін жоғарылату резервтерін табуды үйренуі керек.

Берілген оқу құралы оқытылатын пәннің құрамдас бөліктері болып табылатын "Ресурстық нарықтардың микроэкономикалық негіздері", "Еңбек нарығы және еңбекақы", "Жер нарығы және рента" және "Капитал нарығы және процент" тақырыптары бойынша құрал, нұсқаулық ретінде пайдалануға бағытталған.

Негізгі және айнымалы капитал өнім шығару және қызмет көрсету кезінде әртүрлі кәсіпорын қызметінде қолданылатын негізгі ресурстар (еңбек, жер, капитал) болып табылады. Сондықтан болашақ экономист кәсіпорынның негізгі және айнымалы құралдарын қайта өндіруді есепке алу және талдаудың теориялық негіздерін біліп қана қоймай, сонымен бірге кәсіпорынның негізгі және айнымалы капиталдарының жағдайын

бағалау, қозғалыс және қолдану бойынша тәжірибелік дағдылар мен іскерліктері де болуы керек.

Бұл оқу құралында студенттердің білімдерін сұрақтар арқылы тексеріп қана қоймай, сонымен бірге олардың аналитикалық ойлау қабілеттерін қалыптастыру, талдау нәтижелерін жалпылау, сапалы басқарушылық шешімдерді қабылдау бойынша іс-шараларды құрастыруды қамтамасыз етеді.

Оқу құралының құрылымы келесідей құрылған: біріншіден, тақырыптың әрбір сұрағы бойынша теориялық материал берілген, екіншіден, алынған теориялық білімдерді жүйелеу және тексеру үшін әрбір тақырып соңында бақылау сұрақтары берілген.

Теориялық ақпарат мазмұнын құрастыру кезінде студенттердің сәйкесінше тақырыптарды игеру күрделілігінің деңгейі, жалпы және кәсіби күзінеттіліктері есепке алынған.

Оқу құралының тәжірибелік бағыттылығы және маңыздылығы бар. Материалдарды оқу және игеру кезінде қалыптастырылатын іскерліктер болашақ кәсіби қызметте студенттермен қолдануы мүмкін.

Берілген оқу құралы экономика факультетінің студенттеріне, магистранттарына, докторанттарына, оқытушыларға және ресурстық нарықтар мәселелерімен қызығатын тұлғаларға арналған.

БӨЛІМ 1. РЕСУРСТЫҚ НАРЫҚТАРДЫҢ МИКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ

Экономиканың басты мәселесі – қажеттіліктер шексіз, ал ресурстар шектеулі. Бұл қарама-қайшылықты шешу үшін таңдау жасау керек.

Шектелген экономикалық ресурстарды қолданудың әртүрлі альтернативті жолдары бар. Солардың ішіндегі аз шығынмен ең жоғарғы нәтижеге қол жеткізуге мүмкіншілік беретін альтернативті ұтымды немесе оптимальді таңдау дейді. Оптимальды таңдау барысында мынадай мәселелердің шешімін табуы керек. Ол:

- не өндіру?
- қалай өндіру?
- кім үшін өндіру?

Не өндіреміз? Бұл қажеттіліктер бойынша берілген экономикалық жүйеде, белгілі бір уақытта және қандай мөлшерде мүмкін болатын тауарлар мен қызметтер түрінің қайсысы өндірілуі тиіс деген шешім қабылдау.

Қалай өндіреміз? Бұл өндірілуі мүмкін тауардың немесе қызмет түрінің таңдап алынған нұсқалары ресурстардың қандай қисынымен және қандай технологияны пайдалану арқылы өндірілуі тиіс деген шешім қабылдау.

Кім үшін өндіреміз? Бұл таңдап алынған тауар немесе қызмет кімге арналып шығарылады, олар қалай бөлінеді және оны кім сатып алуы тиіс деген шешім қабылдау.

Осындай үш экономикалық субъектілердің туындауы әрдайым қажеттіліктердің шексіздігімен және экономикалық ресурстардың шектеулілігімен тығыз байланыста болып келеді. Сондықтан да аталған проблемалар кез келген экономикалық жүйеге тән құбылыстар.

Микроэкономиканы зерттеудің басты объектілері болып баға және баға қалыптастыру үрдісі табылады. Осыған қарап қазіргі заманғы ғылыми микроэкономикалық теориялар жүйесі қалыптасады. Баға құнның ақшалай көрінісі ретінде игіліктер мен қызметтердің шығындары мен пайдалылығы есебінен қалыптасады, нарықтағы сұраныс пен ұсыныстың, бағалық және

бағалық емес факторлардың әсерінен қалыптасады. Сондықтан да микроэкономиканың келесі тақырыптары болып баға, сұраныс және ұсыныс теориялары табылады, олар бір жағынан, бағаның, шығындар мен пайдалылықтың өзара байланысы ретінде, ал екінші жағынан, сұраныс пен ұсыныстың заңдары, факторлары мен икемділіктері ретіндегі басты мәселелерден тұрады.

Енді аталған негізгі ұғымдарға анықтама беруіміз қажет. Яғни микроэкономикалық ғылымның бастамасы, ең алдымен, экономикалық қажеттіліктер және олардың қанағаттандырылу тәсілдері болып табылады.

Қажеттіліктер дегеніміз – микроэкономиканың субъектілеріне белгілі бір экономикалық қызметті атқаруға итермелейтін ішкі ниеттер мен ынта-жігерлер, немесе басқаша сөзбен айтқанда, адамның өмір сүруін қамтамасыз етуге және де жеке бір тұлғаның, фирманың және тұтастай қоғамның дамуына қажетті заттар мен нәрселерге деген жетіспеушіліктен туындайтын мұқтаждықтар.

Игіліктер дегеніміз – қажеттіліктерді қанағаттандыратын құралдар; өндірушілер мен тұтынушылардың экономикалық қызметінің объектісі. Олар шексіз (мысалы, ауа, күннің нұры, жел энергиясы) және шектеулі көлемде болып келеді. Шектеулі көлемдегі игіліктерді экономикалық игіліктер деп атайды. Яғни, **Экономикалық игіліктер дегеніміз** – экономикалық қажеттіліктерді қанағаттандыра алу қасиетіне ие материалдық және материалдық емес заттар мен қызметтер. Ал экономикалық игіліктердің ерекше түріне тауар немесе қызмет көрсету жатады. **Тауар немесе қызмет көрсету дегеніміз** – нарықтық экономикалық жүйеде сатылатын және сатып алынатын материалдық және материалдық емес экономикалық игіліктер.

Адамдардың экономикалық қажеттіліктері көбінесе игіліктерді өндіруден асып кетіп отырады. Сондықтан да, жетпеген тұтынушылық игілікті өндіру үшін жанама экономикалық игілік ресурстар қажет.

Ресурстар дегеніміз – қандай да бір экономикалық қажеттіліктерді қанағаттандыруы тиіс экономикалық игіліктерді өндіре қолданылатын ресурстардың барлық түрлері немесе басқа игіліктерді өндіруде қолданылатын игіліктер. Сондықтан оларды

| | | |
|---|--|--|
| кәсіпкерлік қабілеті, лицензиялар, патенттер және т.б.) | | |
|---|--|--|

өндіріс факторы деп атайды. Қазіргі уақытта олардың негізгі түрлеріне еңбек, капитал, жер, кәсіпкерлік қабілеттілік және ақпарат жатады. Уақыттың әрбір нақты кезеңінде экономикалық ресурстардың шектеулілігі мәселесі орын алады.

Ресурстардың шектеулілігі дегеніміз – барлық экономикалық қажеттіліктерді бір мезетте қанағаттандыру мүмкін еместігінің көрсеткіші. Ресурстар шектелі болғандықтан, оларды тиімді пайдалану қажет (кесте 1).

Кесте 1

Экономикалық ресурстар мен қажеттіліктердің өзара байланысы

| Экономикалық ресурстар | Теориялық дәлелдеме | Ресурстар құнын бағалау (ресурстар табысының бағалануы) |
|---|--|---|
| 1. Жер | Жер телімдері, табиғи ресурстар | $X_0 = (PR/i) * 100\%$, мұндағы X_0 - жер бағасы, PR - ренталық табыс, i - банктік несие үшін пайыз. |
| 2. Еңбек | Адамның мақсатты және нәтижелі қызметі | $W = MRRL = MRL * PQ$, мұндағы W - жұмыскердің жалақысының ставкасы; $MRRL = \Delta Q / \Delta L =$ жұмысшының шекті табыстылығы; MRL - жұмысшының шекті өнімділігі; PQ - өнім құны. |
| 3. Капитал: 1) нақты және физикалық (мысалы, станоктар, машиналар, және т.б.); 2) ақшалай немесе қаржылық (мысалы, банктік шоттағы ақшалай құралдар және т.б.); 3) заттық жәе заттық емес (мысалы, | Табысты алып келетін барлық элементтер | $PV = [PR1/(1+i)] + [PR2/(1+i)^2 + \dots + PRn/(1+i)^n]$, немесе $PRn = PV(1+i)^n$, мұндағы PV - ақша, ағымдағы құны, PR - болашақтағы ақша, табыс, i - банктік несие үшін пайыз, n - уақыт мерзімі. |

Әр өндірістік ресурстың шегінің болуы және экономикалық мақсаттардың көп болуы – экономикалық таңдау мәселесін туындатады.

Экономикалық таңдау дегеніміз берілген шығындар деңгейінде қоғамның қажеттіліктерін максималды түрде қанағаттандыру мақсатының орындалуы кезінде бірдей альтернативті нұсқалардың ішінен ең дұрысын және жақсысын таңдап алу.

Кез келген қоғамның алдында әрдайым шектеулі ресурстардың ахуалын, бағытын анықтау мәселесі тұрады. Пайдаланған мәселелерді шешудің ең жақсы нұсқаларын таңдап, соны жүзеге асыр барысында экономикалық субъект экономикалық рационалдылыққа және ұтымды шешім қабылдауға жүгінеді.

Яғни, экономикалық рационалдылық немесе ұтымды шешім қабылдау дегеніміз – рационалды субъектінің өз алдына қойған мақсаттарын жүзеге асыру барысында берілген шығындар деңгейінде немесе ең аз шығынмен максималды нәтижелілікке жетуіндегі ұтымды шешім қабылдау әрекеті мен мінез-құлқы.

Сондықтан микроэкономикалық теорияда әрбір шруашылық жүргізуші субъект аса жоғары көрсеткішке жетуіне тырысады, тұтыншы өз қажеттіліктерін максималдауды, фирма өз пайдасын арттырды, мемлекет халықтың әл-ауқатын көтеруді мақсат етеді.

Экономикалық таңдау мәселесі үнемдеу мәселесімен тығыз байланыста болып келеді.

Үнемдеу мәселесі дегеніміз – берілген экономикалық субъектінің берілген қажеттілікті қанағаттандыруға игіліктерді дұрыс ойластырып және шектеп жұмсауынан туындайтын мәселелер, демек соның нәтижесінде басқа қажеттіліктерге осы игілікті жеткізе алу.

Материалдық игіліктерді жасап шығаратын үрдіс өндіріс деп аталады. Өнім өндірісінде адам табиғат объектеріне әсер етеді, оларға өзінің материалдық қажеттерін қанағаттандыратындай форма береді. Айтқандай, өндіріс дегеніміз тікелей тұтыну үшін,

немесе, өндірісті әрі қарай жүргізу үшін, табиғат заттарын өңдеу болып табылады. Өндірістің осы қызметі оның әлеуметтік формасы қандай болмасын сақталады. Игіліктерді дайындауға қатысатын факторларды анықтап білу маңызды мәселе болып табылады. Экономкалық теорияда өндірістің, мүмкіндігі мен нәтижелілігіне шешуші әсер ететін ерекше маңызды элементті, немесе объекті, өндіріс факторлары деп атайды. Өнім өндіруде пайдаланатын осындай факторлар өте көп болады. Және әр жекелеген өнімді өндіруге икемделген өзіндік факторлар болады. Сондықтан оларды біріктіріп, топтастыру қажет. Факторларды бөліп, топтастырудың көптеген әдістері бар.

Марксистік теория факторларға жұмыс күшін, еңбек заттарын, еңбек құралдарын жатқызады. Бұлар екі ірі топ құрады: өндірістің жеке факторы - жұмыс күші және өндірістің заттық факторы - еңбек заттары және еңбек құралдары болып бөлінеді қашан болсын, өндірістің жеке факторына жұмысшы күші яғни адамның еңбекке деген физикалық және интеллектуалдық қабілетінің жиынтығы жатады. Өндірістің заттық факторына барлық құрал-жабдықтардың жиынтығы жатады. Жеке және заттық факторлар өзара байланыстың күрделі жүйе құрайды. Онын тиімділігін технология мен өндірістің ұйымдастырылуы анықтайды. Өндірістің басты факторларының арасындағы әрекеттерді технология көрсетеді. Ол өндеудің әр түрлі әдістерін пайдалануды, еңбек заттарының қасиеттерін, формаларын, құрылуын өзгертуді талап етеді. Өндірісті ұйымдастыру өндіріс факторларының келісімді қызмет етуін, олардың сан жағынан сәйкес болуын, т.б. көздейді.

Маржиналистік теория өндіріс факторларын төрт топқа бөледі: жер, еңбек, капитал, кәсіпкерлік қызмет.

Жалпы нарықта тұтынушылардың сатып алатын кез келген тауарлары мен қызметтерінің саны мен сапасы оларды өндіруге жұмсалатын сол өндіріс үрдісіндегі ресурстардың немесе факторлардың саны мен сапасына және қолданылатын технологияға байланысты және тәуелді болып келеді. Сол себепті өндірістік ресурстар мен солар арқылы өндірілетін тауарлар мен қызметтердің арасындағы байланысты талдай отырып қана біз

нарықтағы өндіруші субъектілердің дербес әрекеттерін түсіне аламыз.

Кез келген өндірістің түрі белгілі бір игіліктерді жасау мақсатындағы іс-әрекет ретінде анықталуы тиіс. Өндірісті жүзеге асыру үшін әр түрлі ресурстар қолданылады. Сол ресурстар өндірістік үрдіске тартыла отырып, өндіріс факторлары формасына ие болады. Өндіріс факторлары әдетте, іріленген түрде:

- 1) Жер – табиғи ресурстары;
- 2) Еңбек – өндіріс үрдісіне қатысатын адамдардың ақыл-ой және дене қабілеттілігі;
- 3) Капитал – құнды құруда тікелей қатысатын өндіріс құралдары;
- 4) Кәсіпкерлік қабілеттілік (қызмет) – пайда табу мақсатымен өндірістің басқа факторларын шоғырландыру бойынша қызмет.

Өзін-өзі тексеру сұрақтары:

1. Факторлар нарығын сипаттаңыз. Дайын өнім нарығымен ол қандай қатыста?
2. Өндіріс факторларының шекті табыстылығы деген не? Ол қалай есептеледі?
3. Факторлар нарықтарының қандай түрлері бар? Қысқа мерзімді кезеңде бәсекелес факторлар нарығындағы фирманың тепе-теңдігін сипаттаңыз.
4. Факторлардың ұзақ мерзімді нарығындағы фирма тепе-теңдігінің ерекшеліктері неде тұрады?
5. Өндіріс факторларына салалық сұраныстың қисық сызығын сипаттаңыз.
6. Монополиялық билігі бар өндіріс факторлар нарығына сипаттама беріңіз.
7. Монополиялық фактор нарығында тепе-теңдік қалай орнатылады?

БӨЛІМ 2. ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ

2.1 Еңбек нарығының жұмыс істеу тетігі және оны талдаудың теориялық жолдары

Еңбек нарығы – бұл еңбекке сұраныспен және ұсыныспен байланысты қоғамдық қатынастар жүйесі, сонымен бірге ерекше тауар – еңбектің сатып алушылары мен сатушылардың өзара байланысты экономикалық және географиялық кеңістік, жұмыс берушілер мен қызметкерлердің арасындағы еңбек бағасы мен жағдайларын үйлестіруін қамтамасыз ететін механизм.

Осы анықтамалардың әрқайсысы (қатынастар жүйесі, кеңістік, механизм) еңбек нарығы түсінігінің маңызды жақтарын белгілейді және оның әртүрлілігін бейнелейді.

Еңбек нарығының қызмет ету нәтижесінде кәсіпкерлер, жұмыс берушілер өндіріс және қызмет саласын жұмыскерлермен, орындаушылармен қамтамасыз етеді, ал қызметкерлер өзінің еңбегін сатып өмір сүруге қажетті қаражаттарды алумен қамтамасыз етеді.

Мемлекетте еңбек нарығының қалыптасуы экономикалық, әлеуметтік және заңдық алғышарттардың пайда болуымен байланысты:

Еңбек нарығының экономика алғышарттары:

- экономикалық еркіндік, экономиканың либерализациясы, оның негізінде өндіріс құралдарына, соның ішінде жерге жеке меншік құқығы жатыр;

- еңбек еркіндігі, әр адам қай уақытта, қай жерде, қандай мөлшерде еңбек етуді анықтаудың дербестігі. Еңбек еркіндігі мәжбүрлі еңбекке тыйым салу;

- кәсіпкерлік қызметтік еркіндігі, кез келген адамда өзінің ісін, жеке өндірісін бастауға немесе кәсіпкерлік қызметтің нысандарына сәйкес басқа тұлғалармен бірге өндіріске қатысу мүмкіндігінің болуы.

Еңбек нарығының әлеуметтік алғышарттары табыстар, отбасы құрамы, денсаулық жағдайы, еңбек өтілі, қабілеттері,

білім деңгейі, жеке сапалар бойынша адамдар арасында әлеуметтік теңсіздіктің болуымен анықталады. Осы түрдің алғышарттары халықтың бөлінуіне, бай және кедей, орта класстың пайда болуына әкеледі. Алайда, қоғамда адамдардың әлеуметтік теңсіздікке жұмыспен қамты және халықты әлеуметтік қорғау, зейнетақымен қамтамасыз ету жүйесі, әлеуметтік және медициналық сақтандыру мемлекеттік жүйесі қарсы шығуы тиіс.

Еңбек нарығының заңдық алғышарттары мемлекеттің халқын әлеуметтік қорғау және экономикалық еркіндігін қамтамасыз ететін заңдар жүйесінен тұрады. Оларға еңбек, жеке меншік, кәсіпкерлік, халықты жұмыспен қамту, әлеуметтік қамтамасыз ету, әлеуметтік сақтандыру, әлеуметтік кепілдік және т.б. туралы заңнамалар жатады.

Қазақстанда еңбек нарығының алғышарттары ең алдымен Қазақстан Республикасының Конституциясының 1 бабында анықталған - Қазақстан Республикасы өзін демократиялық, зайырлы, құқықтық және әлеуметтік мемлекет ретінде орнықтырады, оның ең қымбат қазынасы - адам және адамның өмірі, құқықтары мен бостандықтары.

Еңбек нарығының басты міндеті – еңбекке сұранысты және оған ұсынысты қанағаттандыруды қамтамасыз ету. Осы міндеттер еңбек нарығының келесі функцияларын орындау арқылы жүзеге асырылады:

а) еңбекті сатушылар және сатып алушылардың кездесуін ұйымдастыру;

б) нарықтың өзара әрекетінде әр жақтардың ішінде бәсекелес ортаны қамтамасыз ету;

в) еңбекақының тепе-тең қойылымын бекіту;

г) халықты жұмыспен қамту сұрақтарын шешуге мүмкіндік беру.

Еңбек нарығында кәсіпкерлер-жұмыс берушілер және жұмыскерлердің қызығушылықтары бірінші үйлестіріледі. Нарықтың қатынастардың жақтары еңбек жағдайлары, еңбекақының мөлшері, әлеуметтік кепілдіктер, келісім-шарттың мерзімі туралы келіседі. Жұмыс берушілер мег жалданбалы қызметкердердің қызығушылықатыран екінші үйлестіру мемлекетте, салада және аймақта сәйкес келісімдер, тікелей

кәсіпорында және ұйымдарда – ұжымдық келісім-шарттар жасаумен әлеуметтік серіктестік жүйесі арқылы жүзеге асырылады.

Жақсы ұйымдастырылған және тиімді қызмет ететін еңбек нарығы қоғамның еңбек әлеуетін мақсатты пайдалануды қамтамасыз етеді, демек, еңбек нарығының жағдайы және тиімділігі қоғамның және экономикалық дамуының тиімділіктің маңызды макроэкономикалық факторы болып табылады.

Еңбек нарығы неғұрлым жақсы ұйымдастырылған болса, соғұрлым тиімді болады. Еңбек нарығының ұйымдастырылу деңгейі осы нарықтың элементтерінің қалыптасуына және олардың әрқайсысының қызмет ету сұрақтардың шешілуіне тікелей байланысты.

Еңбек нарығының құрамдас бөліктеріне немесе элементтеріне келесілер жатады:

- нарықтық қатынастардың жақтары және нарық субъектілері (жұмыс берушілер немесе олардың өкілдері және жұмыс іздеп жүрген адамдар);

- нарық конъюктурасы, яғни еңбекке сұраныспен және ұсыныстың қатынасы, еңбектің нақты түріне еңбекақыны анықтайтын қойылымдар және халықтың жұмыспен қамту деңгейі;

- еңбек нарығының субъектілері қатынасын реттейтін құқықтық актілер;

- халықты жұмыспен қамту қызметінің органдары (кәсіптік бейімдік қызметтер, жұмыскерлерді дайындау және қайта даярлау, жұмыспен қамту қорлары және т.б.);

- жұмыспен қамтудың балама уақытша нысандары (қоғамдық жұмыстар, маусымдық жұмыстар және т.б.);


- өндірістен босатылған, жаңа жұмысқа ауысатын, жұмыссыз азаматтарға әлеуметтік төлемдер және кепілдіктер жүйесі;

- халықты жұмыспен қамту саясатын және қызметін қаржыландыру жүйесі.

Еңбек нарығының аталған бірінші және екінші элементтері еңбек саласындағы нарықтық қатынастар үшін қажетті жағдай болып табылады; олар кез келген еңбек нарығында болады және оның ұйымдастырылуына байланысты емес. Бірақ еңбек

нарығының келесі элементтері арқылы қатынастардың тиімділік дәрежесіне маңызды әсер етеді. Олар арқылы еңбек нарығының кез келген ұйымдастырылуы жүзеге асырылады, ал оған байланысты түрлі тиімділігі қалыптасады.

Еңбек нарығы халық шаруашылығы салалары, қызметтерінің түрлері және нысандары бойынша, еңбек тиімділігі бойынша және қоғамдық қажеттіліктер құрылымы мен жеке меншік нысандарына сәйкес өндіріс бойынша қоғамдық өнімді бөлу және қайта бөлу тетігі болып табылады. 1 суретте еңбек нарығының құрылымы көрсетілген.




Сурет 1. Еңбек нарығының құрылымы

Қазақстан Республикасының Еңбек Кодексіне сай жұмыскер мен жұмыс беруші еңбек қатынастары субъектілері болып табылады.

Қазіргі уақытта халықтың жұмысбастылық және жұмыссыздық мәселесі өзектілердің бірі болып табылады және ғылыми зерттеулердің пәні ретінде көрінеді, басқару тәжірибесінде зерттеледі. Мемлекетте және аймақтарда жұмысбастылық және жұмыссыздықтың қиын жағдайы

теориялық негіздерді, халықтың жұмысбастылығын басқаруда жаңа тәсілдерді, еңбек нарығын реттеу бойынша ұсыныстар құрастыруды экономикалық ғылым алдына қойды. Осы мәселені қарастырған кезде, еңбек нарығын қалыптастырудың және қызмет етуінің аймақтық ерекшеліктеріне назар аудару керек

Мемлекет халқының жұмысбастылық және жұмыссыздық тұрғыдан құрылымы 2 суретте бейнеленген.



Сурет 2. Халықтың жұмысбастылық және жұмыссыздық тұрғыдан құрылымы

Экономикалық белсенді емес халыққа еңбекке қабілетті жастағы тұлғалар, түрлі себептерге байланысты жұмыспен қамтылмағандар жатады.

Экономикалық белсенді халық еңбек нарығында ұсынысты қалыптастыратын бөлігі. Қазақстанда Экономикалық белсенді халыққа жататындар:

1) жұмыс жасындағы барлық еңбекке қабілетті адамдар (өндірістен кол үзіп оқитын оқушылар мен Қарулы Күштер қызметшілерін және үй шаруасындағы адамдарды қоспағанда);

2) жұмыс жасынан тыс, бірақ қоғамдық өндірісте жұмыспен қамтылғандар;

3) жеке қосалқы ауыл шаруашылығымен айналысатын адамдар жатады.

Жұмыспен қамтылғандарға жатады:

- еңбек шарты бойынша жұмыс істейтіндер, соның ішінде толық емес жұмыс уақыты негізінде, сонымен бірге маусымдық, уақытша жұмыспен бірге басқа да ақылы жұмыс істейтіндер;

- кәсіпкерлік қызметпен айналысатындар;

- келісім бойынша өнімді өткізетін және қосымша кәсіпте жұмыс істейтіндер;

- өндірістік кооператив мүшелері, сонымен қатар азаматтық-құқықтық келісімдер бойынша жұмыс атқаратындар;

- ақылы лауазымға тағайындалғандар және бекітілгендер;

- әскери қызмет өтетінде, ішкі істер мекемелерінде жұмыс істейтіндер;

- демалыспен, қайта даярлаумен, біліктілікті арттырумен, еңбекке жарамсыздығымен, өндіріс тоқталуымен және басқа да себептерге байланысты уақытша жұмысқа шықпағандар;


- қоғамдық, діни, қайырымдылық қорларынан басқа ұйымдардың құрылтайшылары.

Қазіргі уақытта жұмысы жоқ, іздеп жүрген, жұмыс істеуге дайын және ақылы жұмысбастылық саласында еңбекақыдан басқа табыс көздері жоқ жұмыссыздар болып саналады (Халықаралық Еңбек Ұйымы әдістемесі бойынша).

Бүгінгі таңда, еңбек ресурстарын тиімді пайдаланумен байланысты ғылыми мәселе ретінде жұмыссыздық теориялық ұйғарымдар мен тәжірибелік шешімдерді жеткілікті алған жоқ. Жұмыссыздықтың деңгейі ұлттық әл – ауқаттың және кез келген территориялық бірліктің тұрақтылықтың маңызды көрсеткіштерінің, жалпы социум жағдайының индикаторы және әсіресе әлеуметтік – экономикалық реформалардың тиімділік көрсеткіштерінің бірі болып есептеледі. Сондықтан, экономикалық қатынастар жүйесінде жұмыссыздықтың орнын, оның мәнін, ерекшеліктерін, себептері мен нысандарын зерттеу қазіргі экономикалық ғылымдардың өзекті тақырыптарының бірі болып табылады.

Еңбек нарығы халықтың жұмысбастылығы және жұмыссыздықты жоюдың маңызды сұрақтарын шешуге бағытталған, соның ішінде: еңбек ресурстарын бөлу, оларды тиімді пайдалану үшін жағдайлар мен ынталар жасау, жұмыс күшінің мобильділігін арттыру, еңбекті және басқаларды экономикалық ынталандыруды нығайту, халықты өзгермелі нарықтың қатынастарға бейімдеу, білікті мамандарды тиімді өндіру және ұдайы шығару үшін жағдайлар жасау.

Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің мәліметтеріне сай мемлекеттегі 1999 жылдан 2015 жылға дейін аралықта жұмыссыздық деңгейі 8,5% төмендеді және жұмыспен қамтылған адамдардың санын 29,2% артқанын байқауға болады (сурет 3).



Сурет 3. 1999-2015 жж. бойынша Қазақстан Республикасының еңбек нарығының негізгі көрсеткіштері

1999 жылмен салыстырғанда Қазақстан 2015 жылы экономикалық белсенді халықтың саны 1,3 есе артты, сәйкесінше 1999 жылы 7055,4 мың адамды құраса, 2015 жылы осы көрсеткіш 9074,9 мыңға тең болды.

Осылайша, нарықтық экономиканың маңызды құраушы элементі еңбек ресурстарының және экономикалық белсенділікті

дамыту үшін шартты қамтамасыз ететін дербес реттеу және мемлекеттік реттеу механизмдерін тиімді байланысынан тұратын жұмысбастылықты басқару болуы тиіс.

2.2 Еңбекақының экономикалық табиғатын және функцияларын зерттеудегі теориялық-әдістемелік тәсілдері

Нарық экономика жағдайында еңбекақы – бұл еңбекке төлем, ал оның мөлшері – нақты еңбек түріне сұраныспен оның ұсыныс байланысының негізінде еңбек нарығында анықталатын еңбек құны.

Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстан басқа еңбекке ақы төлеу теориясы еңбекақы мөлшеріне әсер ететін басқа да факторларды бөледі, оның ішінде: еңбектің саны мен сапасын, оның біліктілігін, еңбек жағдайлары, өмір сүру құны, еңбекақы саясаты және т.б.

Әдетте еңбекақыны еңбек күшін пайдаланған үшін төлем, ал оның шамасын – жұмыс күшінің бағасы ретінде түсіндіреді.

Еңбекақы туралы сұрақтар ойшыларды, экономист – ғалымдарды, тәжірибелік қызметкерлерді назарларын аударды және қоғамның даму серпінін едәуір деңгейде анықтады.

Ағылшын ғалым – экономисті Адам Смит (1734 – 1790) саяси экономика, сонымен қатар еңбек туралы ғылымның дамуына үлкен үлес қосқан. «Халық байлығының табиғаты және себептерін зерттеу» (1776) оның негізгі туындысында мемлекеттің байлығы материалдық өндіріс өнімімен анықталатыны жатыр. Оның көлемі осындай өндіріске қатысатын халық үлесіне және онда еңбек өнімділігіне байланысты. Еңбек өнімділігінің өсу шартына өндіріс мамандануын бөлу және терендетілу жатады.

А. Смит еңбек құны теориясын дамытатын экономикалық ойдың классикалық бағыт негізін салушылардың ойларын жалпылады. Алайда, осы салада ол еңбек құны теориясы және өндіріс факторлар теориясы бірге болатын екі жақты позицияны қарастырды.

1. А. Смит еңбекті өндірістік және өндірістік емес деп бөле тұра, келесіде қорытындыға келеді, өндірістік еңбектің барлық түрлері бірдей, егер олар тауарлар құнын қалыптастырса: «... еңбек жалпыға бірдей, құнның жалғыз нақты өлшемі немесе барлық уақытта және барлық жерде әртүрлі тауарлар құнын өзара салыстыра алатын құралы арқылы жалғыз өлшеуіші болып табылады». Тауардағы қажетті еңбек саны «көрінбейтін қол» - сұраныс пен ұсыныстың өзара байланыс – әрекетінің нәтижесінде бәсекелестік нарықта анықталады.

2. Капиталистік өндірісте құн шамасының құрамына жалданбалы қызметкерлердің еңбекақысы, жер иеленушілердің рентасы және кәсіпкердің табысы кіретін шығындармен анықталды: «Барлық қоғамда әр тауардың құны соңында біреуіне және басқасына немесе барлық бөлігіне жинақталады, әр дамыған қоғамда барлық үш бөліктер үлкен немесе аз дәрежеде құрама бөліктер ретінде біраз тауарлардың бағасына кіреді».

Алайда, А.Смиттің басқа айтқандары оның түсінігінде баға қалыптасатын барлық табыстардың көздері еңбек арқылы болатынын көрсетеді. Дәл осылай, ол келесідей жазады: «Еңбекке ақы төлеу еңбекке табиғи сыйақы немесе еңбекақыны құрайды». Және одан әрі «... рента жерді өңдеумен байланысты қолданатын еңбек өнімімен бірінші шегеруді құрайды... жерді өңдеумен байланысты қолданатын еңбек өнімінен пайда екінші шегеруді құрайды. Осындай пайдаға шегеру басқа әр еңбек өнімінен алынады».

А. Смиттің өндірістік және өндірістік емес еңбек туралы ойлары қызығушылық туғызады. А. Смит өндірістік еңбек сатуға арналған заттарда бекітіліп және жүзеге асырылатын материалдардың қайта өңдеу құнын арттыратын еңбек деп есептеді. Өндірістік емес еңбек қызметтер көрсетілетін сәтінде жоғалатын қызметпен байланысты. Осындай еңбекті А. Смит бойынша құнға ештеме қоспайды, жеке заттарда бекітілмейді және жүзеге асырылмайды, бірақ өзіндік құны бар және сыйақыға лайық болады.

А. Смиттен кейін экономикалық теорияда адамзаттың даму тарихына елеулі әсер еткен екі әртүрлі бағыт қалыптасты: құнның еңбек теориясы және өндірістік факторлар теориясы. А. Смит

теориясында болған екіжақтылықты жойған, саяси экономиканың классикалық мектептің ғалым – экономисті және ағылшын қаржыгері Давид Рикардоның ғылыми еңбектері еңбек туралы экономикалық теорияның бір бөлігінің – құнның еңбек теориясын – негізін қалаған. Ол «Саяси үнемдеу және салық салудың басы» атты жұмысында келесіні жазған: «Тауардың құны немесе ол айырбасталатын басқа тауарлардың саны осы еңбекке төленетін үлкен немесе аз сыйақыға емес, оны өндіру үшін қажет еңбектің салыстырмалы шамасына байланысты. Д. Рикардо өзін экономикалық либерализмнің өкілі ретінде көрсетті – еркін нарық және мемлекеттің экономикаға араласпауы. Д. Рикардо үш негізгі қоғамдық класстарға бөлді: жер иеленушілер, капиталдың меншік иесі және жұмыскер, сәйкесінше әрқайсысы өзіне тиісті табыс алды: рента, пайда және еңбекақы. Рикардо бойынша рента да, пайда да – бұл жұмыскер еңбекақысының төленбеген бөлігі. Д. Рикардо еңбекақының мөлшерін жұмыскер және оның отбасының күн көруге қажет құралдар құнымен анықтады, бірақ А.Смитқа қарағанда ол ең төменгі күнкөріс деңгейін қатал шектеді.

Қызметкердің еңбегі – бағаның немесе құнның жалғыз көзі болғандықтан, онда еңбек өнімділігінің артуынсыз еңбекақының өсуі бағаның өзгеруіне әкелмейді, ал кәсіпкердің пайдасының төмендеуіне және керісінше, капиталистердің табысының өсуі еңбекақыны төмендетеді. Д.Рикардоның осы ұйғарымы оның теориясын класстар арасындағы ұрыс – керіс және алауыздық жүйесі деп атауға себеп болды.

А. Маршалл еркін бәсекелік нарықтың жұмыс жасау заңдылықтарын және онда бағақалыптастыру механизмін зерттеді. Осындай нарықта бекітілген бағаны ол заттың шекті өнімділігімен анықталатын сұраныс бағасымен және шекті шығындардың мөлшерімен анықталатын ұсыныс бағасының өзара әрекеттестік нәтижесі ретінде қарастырды. Сұраныс және ұсыныс сызықтарының қиылысу нүктесінде тепе – тең баға бекітіледі («Маршалл кресті»). Бағаның осындай түсіндірмесі тауар құны оны өндіруге кеткен еңбек мөлшерімен анықталатыны туралы құнның еңбек теориясын толығымен жоққа шығарды. «Кез келген әрекет, - А. Маршалл жазды – аталған түсіндірмені дәлелдеу капиталмен көрсетілетін қызмет ешқандай құрбансыз

«тегін» игілік болып табылатынын қажеттілігі бойынша ұйғарды, сондықтан ары қарай жұмыс істеу үшін ынта ретінде сыйақыға мұқтаж болмайды; дәл осы қорытынды аталған түсіндірмені дәлелдеуге ұмтылады». Сондықтан А.Маршалл еңбекақыны еңбек үшін сый, капитал үшін пайыз – «материалдық ресурстардан болашақ қанағаттанарлықты күтумен байланысты шығындар» сыйақы, рента және пайданы – жер иеленушілер мен кәсіпкерлердің табыстары деп есептеді.

1929-1933 жылдар аралығындағы халықаралық экономикалық дағдарыс мемлекет қатысуынсыз қоғамның тиімді даму мәселелерін өз еркімен шешу еркін кәсіпкерлік мүмкіндігін күмәнға қойды. Нарық экономикасын реттеуге мемлекет араласуы қажеттігін түсіндірумен ағылшын ғалымы Джон Мейнард Кейнс (1883 – 1946) шықты. Кейнс теориясында әртүрлі факторлардың әсер етуі есебінен өнім бағасын қалыптастыру үрдісі маңызы зор. «Жұмысбастылық, пайыз және ақшаның жалпы теориясы» жұмысында Кейнс нарық ізгі өзіндік реттелінетін механизм болу мүмкін емес, себебі нарық субъектілердің табыстары одан асып кетеді. Сондықтан ақша – несие және бюджеттік саясатының сәйкес көмегімен сұраныстың төлем қабілеттілігін өсуін ынталандыруда мемлекеттің араласуы керек.

Тиімді сұраныс бір жағынан жеке тұтыну деңгейімен, ал екінші жағынан – өндіріс тұтыну – инвестициялар шамасымен анықталады. Сұраныс өсуін қамтамасыз ету үшін құралдар ретінде біріншіден, инвестициялар өсіміне әкелетін (несиелік механизм) мемлекет әсерінен несие пайызын азайту, ал екінші жағынан, инвестицияға мемлекеттік шығындардың өсуі және тауарларға мемлекеттік сатып алулардың арттуы (бюджеттік механизм). Осы екі шаралар өндіріс кеңеюіне, сәйкесінше халықтың жұмыспен қамтылуын жоғарлатады және жұмыссыздықтың азаюына бағытталған.

Дж.Кейнс неоклассикалық теорияға (еңбекақының қысқаруы бағаның төмендеуіне, қызметкерлерден кәсіпкерлерге табыстардың қайта бөлінуіне әкеледі) қарсы төменгі еңбекақы жұмыссыздықтың азаюына мүмкіндік бермейді. Халықтың

жұмыспен қамтылуы ең алдымен мультипликаторлық (көбейетін) нәтижеге әкелетін инвестициялар шамасына тәуелді болады.

Дж.Кейнс бойынша жұмыспен қамтудың өсуі адамдардың үнемдеу мен тұтынуға бейімделген психологиялық заңдылықтарға да байланысты болады: адамдар өздерінің табыстарының өсуіне сәйкес тұтынуды жоғарлатады, бірақ олардың табыстарының өсуінің сондай мөлшеріндей емес, ал шамалы аз мөлшерде. Сондықтан инвестицияларға сұранысын арттыруы, өндірістің дамуы және халықтың жұмыспен қамтылуын жоғарлату арқылы халықтың сұранысын ынталандыру керек.

К. Маркс «Капиталда» еңбекақы – еңбектің бағасы емес, ал жұмыс күшінің бағасы екенін дәлелдеген. Ол өзінің еңбегінде еңбекақының нақты қозғалысы жұмыс күшінің құны емес, ал оның функциясының, яғни қызметінің құны төленеді деген дәлелді көрсететін құбылысты аңғартады. Осы құбылыстарды екі үлкен топқа бөлді. Біріншіден, жұмыс күні ұзақтығының ауысуымен еңбекақының өзгеруі. Осыдан келесі қорытындыны шығаруға болады, көліктің құны емес, ал оның операциялардың құны төленеді, өйткені көлікті бір күнге қарағанда бір аптаға жалдау қымбаттырақ болады. Екіншіден, бір қызмет түрін атқаратын әртүрлі қызметкерлердің еңбекақысының жеке айырмашылықтары. Осы жеке айырмашылықтарды құлдық еңбекте көруге болады, бірақ мұнда ешқандай қиыншылықтарсыз жұмыс күші еркін сатылады. Ең негізгі айырмашылық құлдық жүйе кезінде жұмыс күшінен пайда орта сападан жоғары және жұмыс күшінен жоғалтулар орта сападан төмен құл иеленушілер үлесіне, ал жалданбалы еңбек жүйесінде – қызметкердің өзіне тиесілі, себебі соңғы жағдайда жұмыс күші қызметкердің өзімен, бірінші жағдайда – үшінші тұлғамен сатылады. Қазіргі экономикалық ғылымда еңбекақының мәнін анықтаудың екі тәсілі бар. Біріншісі еңбекақыны жұмыс күшінің бағасы ретінде анықтайды және К.Маркстің экономикалық теориясына негізделеді, ал екіншісі – Д.Б. Кларктің өндірістің экономикалық теориясы негізінде еңбекті қолдану бағасы ретінде анықтайды. Олардың арасындағы негізгі айырмашылық қоғамда реттелген қатынастарды анықтайтын салдар ретінде өндіріс құралына меншік сипаттамасын назарға аударады, ал екінші тәсіл осы

қатынастарды елемейді, тек реттелген қатынастардың экономикалық жағын ғана ескереді, себебі, кім табыс алады сол өзі оның қайнар көзі, жасаушысы болады, демек адамды адам пайдалану болмайды. Еңбекақының әлеуметтік – экономикалық мәнінің эволюция теориясы кесте 2 көрсетілген. Кестедегі мәліметтер еңбекақы теориясының эволюциясы бақыланып отыр, саяси үнемдеудің классикалық мектебінің әрекеттерінен еңбекақының мәні және капиталистік пайдаланудан ақталуға және басуға бағытталған оның концепцияға дейін қозғалысының заңдары ашылды.

Кесте 2
Еңбекақының әлеуметтік – экономикалық мәні теорияларының эволюциясы

| Теория | Авторы | Еңбекақының мәні |
|----------------------------|---|--|
| 1 | 2 | 3 |
| Құнның еңбек теориясы | А. Смит | Еңбекақы бұл қызметкердің барлық еңбегінің бағасы |
| | Д. Рикардо | Еңбекақы қызметкерді және оның отбасын асырау үшін қажетті құралдардың құнымен анықталады. |
| | К. Маркс | Еңбекақы жұмыс күшінің құны және бағасының өзгертілген нысаны. Бұл өзгеріс еңбекақы бетінде еңбекке төлем ретінде жүреді, ал шын мәнінде еңбек күшінің бағасы. |
| «Шекті өнімділік» теориясы | Д.Б. Кларк, А. Маршалл | Еңбекақы «шекте өнімнен» алынатын табыс ретінде. Еңбекақы деңгейі шекте өнімділікпен, яғни «шекте» қызметкердің еңбекақы деңгейімен анықталады. |
| Еңбекақының «Темір заңы» | А.Р.Ж. Тюрго, Д.Рикардо, Т.Р. Мальтус, Ф. Лассаль | Еңбекақы жұмыс халқының табиғи қозғалысының әсерінен өмір сүруге физикалық қажетті минимум құралдар айналасында ауытқиды: жұмыс ортасының көбеюімен байланысты еңбек ұсынысы оған деген сұраныстан арта бастайды, осыдан еңбекақы физикалық қажетті минимумға дейін және одан да төмендейді, |

| | | |
|---------------------------------|---|---|
| | | осының салдарынан қызметкерлер санының азаюы еңбек ұсынысының қысқаруына, сол сияқты – еңбекақының өсуіне әкеледі. |
| «Еңбекақы қоры» теориясы | Дж. Милль, Мак – Куллох және т.б. | Еңбекақы қоры тұрақты, капиталистік табыстар есебінен оның артуы мүмкін емес, өйткені осы жағдайда капиталистердің өндіріске қызығушылықтары жойылады, капиталдың жиналуы тоқталады, осыдан қоғамды опат болуымен қорқытады. |
| «Қалдық өнімге құқығы» теориясы | У. Девонс | Еңбектен басқа (рента, капиталға пайыз, табыс, сақтандыру төлемдері, салықтар және т.б.) төленген еңбекке тиісті өндірілген өнім құнының бөлігі ретінде еңбекақы |
| «Реттелген еңбекақы» теориясы | Дж.М. Кейнс | Белгілі бір деңгейдегі еңбекақыны өндіріс көлемі және жұмыспен қамтумен байланыстырады; жұмыспен қамтудың өсуіне әсер ететін құралдардың бірі инфляция нәтижесінде нақты еңбекақыны төмендету болып табылады. |
| Маржиналистер | Э. Чемберлин К. Ротшильд және т.б. | Маржиналистер ойынша еңбекақының деңгейі «шекте» табыстан төмен болмауы немесе қалай дегенмен оған тең болу тиіс. |
| Ұжымдық – келісім теориясы | Ф. Пирсон, С. Сличтер, Дж. Данлоп және т.б. | Бірдей жұмыс істейтін, біліктілігі тең мамандықтар бір қызметкерлер үшін еңбекақы қойылымының жоғарғы және төменгі шектері бар. Осы шектердегі қойылымның нақты деңгейі жалдаушылардың жұмыс күшіне, ал қызметкерлердің - жұмысқа қажеттілік деңгейіне тәуелді. Тарифтік қойылымның мөлшері және диапазоны – капиталистер және қызметкерлер арасындағы келіссөздер және келісімдердің нәтижесі. |

«Еңбекақы» экономикалық категориясының үлкен тарихи өтіліне қарамастан, оның мәні мен мазмұнын анықтаудың бірдей

тәсілдері және бірлігі әлі күнге дейін жоқ. Жүргізілген әдістемелік зерттеу нәтижесінде еңбекақы мәнін анықтауда төрт мүмкін нұсқаларды ажыратады: еңбек құны, жұмыс күшінің құны, еңбек бағасы, жұмыс күшінің бағасы. Қазіргі неоклассикалық экономикалық теория бірінші орынға айырбас саласын қояды және еңбекақы деңгейіне әсер ететін ұсыныс пен сұраныс тебілісін толық талдайды, бірақ сонымен бірге ұдайы өндіріс циклінің басқа саласын елемейді.

Жұмыс күшінің құны ретінде еңбекақының мәнін ашу үшін жұмыс күшіне және басқа да тауарлар үшін ұдайы өндіріс тәсілін мақсатты қолдану болып табылатын төрт белгілі фазаларды қосады: қалыптасу, реттеу, айналым және жұмыс күшін пайдалану. Еңбек үрдісі тек жұмыс күшінің ұдайы өндірісінің төртінші фазасында – пайдалану фазасында ғана орынды. Демек, егер еңбекақы – бұл еңбек бағасы болса, яғни жұмыс беруші оны еңбек қызметінің үрдісінде орынды болатын шығындар, ұдайы өндірісінің төртінші фазасымен байланысты шығындар құрылымына қосуға міндетті. Егер еңбекақы – жұмыс күшінің бағасы деп ұйғарсақ, онда ол барлық төрт фаза бойынша шығындарды қосу тиіс. Демек, ұдайы өндіріс тәсілдерімен бірге еңбекақының құрамын ашудан оның қалыптасу тәжірибесі және нақты шамасына байланысты.

Еңбекақы ставкасы және еңбекақы мөлшерін ажырату керек.

Еңбекақы ставкасы еңбек бірлігі (сағат, күн, ай) үшін бекітіледі және қызметкердің лауазымына, оның мамандығына, біліктілігіне және еңбек шарттарына байланысты сараланады. Еңбек сағаттық, күндік тарифтік мөлшерлеме, сондай – ақ айлық төлемдер негізінде төленуі мүмкін. Батыста кейде жылдық еңбекақы туралы еңбекақы ставка түсінігіне жақын көрсеткіш ретінде айтады.

Еңбекақы мөлшері еңбек саны мен сапасы, еңбекақы ставкаларының есебімен белгілі бір уақыт аралығында еңбек нәтижесі ретінде оның көлеммен сипатталады. Әдетте, еңбекақы мөлшері айлық есебімен анықталады, бірақ еңбек мерзіміне байланысты басқа да аралықтар болуы мүмкін, онда жұмыс істеген еңбек мөлшері бойынша еңбекақы туралы сөз болады.

Еңбекақы азаматтардың табыстардың маңызды бөлігін құрайды. Көптеген азаматтар үшін ол негізгі, ал кейде жалғыз табыс көзі болады, сәйкесінше әл – ауқаттылықтың белгісі болып табылады. Бұл оның әлеуметтік – экономикалық үлкен мәнін анықтайды. Халықтың еңбекақы деңгейі қоғам дамуының маңызды макроэкономикалық көрсеткіштер жүйесінде, соның ішінде жалпы ішкі өнім және жалпы ұлттық өнім шамаларының ажырамас бөлігін құрай отырып, көрініс табады. Еңбекақының көлемі халықтың төлемқабілетті сұранысын қалыптастырады. Жоғары төлемқабілетті сұраныс мемлекет экономикасының дамуына үлкен жағымды әсер етеді, ал төменгі – экономика дамуын бәсеңдетеді. Азық – түлік өнімдеріне, ұзақ мерзімді қолданатын тауарларына және қызметтеріне халықтың қанағаттанарлық мүмкіндігінен аса еңбекақының өсуі ақшаның құнсыздануына, яғни инфляцияға және өмір сүру деңгейінің төмендеуіне әкеледі.

Мемлекет масштабында еңбекақы мөлшерін, көлемін және пропорцияларын реттеу табыстар және еңбекақының мемлекеттік саясаты арқылы, ал жеке секторда еңбекақы саласындағы кәсіпорындар мен ұйымдардың әкімшілік саясаты көмегімен жүзеге асырылады. Мемлекет еңбекақы саясатын жүргізу барысында келесідей халықаралық нормалар мен стандарттарға негізделу керек: адам құқығының жалпы декларациясы; күнкөріс деңгейін есептегенде қызметкерлер отбасыларының негізгі қажеттіліктерін (азық – түлік өнімдері, киімдер, аяқ – киім, тұрғын үй, медициналық көмек, білім және т.б.) ескеретін «Әлеуметтік саясаттың негізгі мақсаттары және нормалары туралы» №117, «Дамушы елдерді ерекше есепке алатын еңбекақының ең төменгі деңгейін бекіту туралы» №131 және оның ұсыныстары бар №135, «Еңбекақыны қорғау туралы» №95 еңбекті ұйымдастырудың Халықаралық Конвенциясы және т.б.

Еңбекақы адамды еңбекке ынталандыратын маңызды факторлардың бірі болып табылады. Сонымен қатар, еңбекке ынталандырумен байланысты негізгі түсініктерді қарастыру орынды болады.

Кәсіпорындарда адамдардың өзара байланысы кезінде пайда болатын әлеуметтік қатынастар арасында қызметкердің еңбекке

қатысы маңызды орын алады. Одан тиімділік факторлар арасындағы өндірісте адами факторларды іске асыру жағдайы тәуелді болады.

Еңбекке қатынасы кәсіпорында жоғары өнімділік қызметі үшін адамның мүмкіндіктерін қолдану деңгейін сипаттайды. Осы қатынастар еңбектік ынталандыруда, еңбекпен қанағаттандыру деңгейін өзіндік бағалауда және қызметкердің сәйкес тәртібінде көрінеді. Ынталандыру факторлар арасында еңбекақының және материалды ынталандырудың мөлшері маңызды орын алады.

Еңбек қызметін ынталандыру және еңбекпен өзіндік қанағаттандыру адамның ішкі жағдайын көрсетеді, оның еңбекке қатысының сыртқы көрінісі еңбек тәртібінде және белгілі бір әлеуметтік белсенділікте анықталады.

Еңбекке қатынасын қалыптастыруына еңбек қызметін ынталандыру негізгі әсер етеді, соның ішінде ішкі қозғаушы күштердің жиынтығы – қажеттіліктер, қызығушылықтар, себептер, бекітулер, құндылықтар, құнды бағыттар, идеалдар және сыртқы қозғаушы күштерге – персоналдық еңбек белсенділігін арттыру мақсаттары жатады.

Қажеттілік – ынталандырудың басты көзі, бұл жеке тұлғаның (ұжымның), қоғамның қызмет етуіне керек. Адамдардың алғашқы физиологиялық қажеттіліктері олар үшін ең керектігін анықтайды. Бұл тамаққа, киімге, аяқ киімге, тұрғын үйге, өзінің ұрпағын жалғастыруға қажеттіліктер. Рухани, мәдени, интеллектуалды, әлеуметтік қажеттіліктер адамның өндірісте және қоғамда орнын анықтайды. Соңғысына еңбекке деген қажеттілік жатады.

Қажеттіліктер саналы бола тұрып, әртүрлі игіліктерге, объектілерге, қызмет түрлеріне, қажеттіліктерді қанағаттандыру мүмкіндіктерге қызығушылық нысанын танытады. Нақты қызығушылықтар адамды белгілі бір әлеуметтік еңбекке бағыттайды.

Себеп – белгілі бір әрекеттер мен қызметтерге салдар, өзінің жеке тәртібін түсіну және белгілі әлеуметтік қызметтерге дайындығын және бейімділігін ұйғаратын оған саналы қатынасы. Себептер әртүрлі сипатта болуы мүмкін. Материалдық себептер өмір сүруге қаражаттарды табу қажеттілігі, алатын лауазым

бойынша рухани себептер жұмыстың ауқымды бөлігіне қызығушылықпен анықталады. Әлеуметтік себептер кәсіпорын персоналы арасында немесе басқа қоғамда қандайда бір әлеуметтік рольді иеленуге ұмтылысын көрсетеді.

Себептер әрекеттердің алғышарты болып табылады. Олар, әдетте таза түрінде ғана емес, мотивациялық ядро қалыптастырып, бір – бірімен өзара байланыста болады. Себептер үшін олардың өзгеруі, қозғалуы сипатты болады. Егер де белгілі жағдайда адамның қатысы тұрақтылықпен, тікелей әрекеттерге үлкен дайындығымен сипатталса, онда олар бекітулер деп аталады.

Құндылықтар – бұл нақты өмірдегі құбылыстар, заттар, сондай – ақ, адам санасында оның өміріне, еңбегіне маңызды мақсаттарға жету құралдары.

Құндылықтардың бір нысаны жоғарғы мақсат, жағымды сапалардың, тұлғалардың, заттардың және құбылыстардың белгілерінің бірігуі ретінде идеал ұсынылады.

Құнды бағыттар – бұл адамдарда материалдық және рухани игіліктерге, құндылықтарға, идеалдарға жетуге ұмтылысын туғызатын олардың жиынтығының тұрақты қатынасы және оған қызметтерде және тәртібінде бағыт көрсетеді.

Стимулдар – адамды белгілі бір еңбек тәртібіне бағыттау мақсатымен сыртқы әсер ететін күштер.

Міне адам ынтасын және еңбек тәртібін анықтайтын қозғаушы күштер жиынтығы. Адамның еңбекке және сәйкес тәртіпке қатынасын қалыптастыруына объективті – сыртқы және субъективті – ішкі факторлардың үлкен тобы әсер етеді.


Объективті факторларға ең алдымен қызметкер жұмыс істейтін мемлекетте әлеуметтік – экономикалық ахуалы, аймақтар және салаларда экономикалық жағдайы жатады. Сондай – ақ, объективтілерге ауқымды еңбекпен, оның қауіпсіздігімен, өндіріс ортасындағы санитарлық – гигиеналық жағдайы, еңбекке ақы төлеу және ұйымдастыру деңгейімен, персоналдың әлеуметтік – демографиялық құрылымымен, оның ішіндегі моральдік – психологиялық климатпен анықталатын кәсіпорында және бөлімшелердегі еңбек жағдайлары жатады.

Субъективті факторлар – бұл қызметкер өзінің жеке сипаттамалары: оның жынысы, жасы, білімі, тәрбиесі, отбасылық жағдайы, мамандығы, жұмыс өтілі, жеке тәжірибесі, жалпы және кәсіби мәдениеті, құнды бағыттар және т.б.

Қызметкердің еңбекке қатынасы оның қызметінің объективті және субъективті көрсеткіштер арқылы көрінеді. Объективті көрсеткіштерге: өндіріс тапсырмаларын орындау деңгейі, орындалған жұмыстың сапасы, қызметкердің еңбек тәртібінің жағдайы, оның белсенділік дәрежесі, қызметін жақсартуға жолдар іздеудің шығармашылығының болуы және т.б.

Субъективті көрсеткіштерге – еңбекпен қанағаттану дәрежесі, адамның жұмысқа қабілеттілігінің деңгейі, оның көңіл – күйі және т.б.

Жоғарыда аталған қозғаушы күштер қатысатын еңбек тәртібін реттеу механизмі сурет 4 көрсетілген.



Сурет 4. Еңбек тәртібін реттеу механизмі

Еңбек тәртібі қажеттіліктер, қызығушылықтар, құндылықтар және идеалдар, құнды бағыттар, себептер, бекітулердің әсерінен қалыптасатын еңбек қызметін ынталандырумен анықталады. Қажеттіліктер қызығушылықтардың пайда болуының алғышарты. Қызығушылықтар идеалдар, құндылықтар және себептерді

қалыптастырады. Қызығушылықтарға және құндылықтарға өз ретінде кәсіпорында жоспарлық және бағалық көрсеткіштер, әкімшілік шешімдер және стимулдар жүйесінің жиынтығымен анықталатын еңбек жағдайы тікелей әсер етеді.

Себептер мен құнды бағыттар арасында кері әсер бар, яғни олар бір – біріне өзара әсер етеді. Себептер, бекітулер және құнды бағыттар тікелей еңбек тәртібін қалыптастырады. Осылайша қызметкердің еңбек тәртібінің сипатын және оның еңбекке қатынасын анықтайтын қозғаушы күштердің өзара байланыс схемасы.

Еңбекпен қанағаттанарлық және қанағаттанарлықсыз дәрежесін анықтайтын индикаторлар арасында әдетте еңбекақы деңгейін бөледі. Еңбекпен қанағаттанарлық (қанағаттанарлықсыз) факторлар иерархиясында әлеуметтік сұраулар кезінде еңбек респонденттердің бағалауы бойынша жиі еңбекақы факторы алдыңғы орынды алады.

Абсолюттік мөлшерде еңбекақы жалданбалы қызметкер өзінің қажеттілігіне жұмсайтын жұмыс берушіден ақшалай немесе заттай көріністе алатын қаражаттар сомасын білдіреді. Егер еңбекақы қандай да бір өнім немесе бұйым түрінде заттай берілсе, онда ең алдымен қызметкер ақшаның орнына алынған өнімдерді, бұйымдарды өткізіп, тапқан ақшаға оған өмірде қажетті құралдарды сатып алуға немесе керекті шығындарды төлеуге жұмсайды.

Еңбекақы мөлшері негізіндегі объективті критерий теориялық келесідей анықталады.

Біріншіден, адам жұмыс істеп және өмір сүру үшін тамақтану, киіну, тұрғын үйдің болуы, тұрмыстық және мәдени мақсаттағы құралдар, көлікке, байланысқа және өз денсаулығын сақтау үшін қаражаттары болуы тиіс, яғни адам өзінің өмірлік күштерін жетілдіру жағдайда болуы керек, оларсыз адам жұмыс істеу қабілетін айырылады, бірақ соңғы нәтижеде – өмірінен, ешкім жұмыс істемейді.

Екіншіден, адам өзін ғана жетілдіру емес, сонымен бірге өзінің ұрпағын жалғастыруға, отбасы, балалары болуы, яғни адамзат ұрпағын жалғастыру қажет.

Үшіншіден, мамандықты түсіну, өндірістің жаңа құралдарымен, жаңа технологияларымен танысу үшін адам жаңа білім алу, үйрену, қайта оқу, өзінің біліктілігін арттыру тиіс, яғни өзін жаңа білім деңгейін жетілдіру керек.

Адамды жетілдіруді барлық осы үш құраушылар жалданбалы қызметкермен алатын еңбекақымен қамтамасыз етуі қажет. Еңбекақы мәнін осылай түсіну классикалық саяси үнемдеу кезеңінен бастау алады, демек еңбекақы мөлшерін қызметкер және оның отбасына минималды қажет қаражаттар сомасы ретінде айқындайды. Негізінен, өмір сүру құралдарының ассортиментінің кеңеюінен басқа, көп нәрсе өзгерген жоқ. Автокөлік, радио, теледидар, тұрмыстық электр машиналары, электрондық байланыс құралдары, жеке компьютерлер пайда болды. Интернет, санды технологиялар қазіргі замандағы адамға қажет құралдар тізімін өлшеусіз кеңейтті. Осымен байланысты адамдардың қалыпты өмір сүру үшін ақша қаражаттарының сомасы да өсті.

Нарық қатынастарының апаттығына қарамастан, еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс еңбекақы құрамындағы осы талаптарды елемеу мүмкін емес. Еңбек нарығындағы еңбекақы ставкаларының теңесуі қызметкер және оның отбасының өмір сүру бағасы шегінде құбылады.

Еңбекақы өзінің мәнінде қоғамдағы әлеуметтік – экономикалық үрдістерге әсер етуінің бірнеше функциялар атқаруы тиіс. Еңбекақы функциясының түсінігінде бірнеше көзқарастар бар. Барлық авторлар сөзсіз қайта өндіріс және ынталандырушы функцияларын, сонымен қатар реттеу, әлеуметтік және т.б. функцияларын ажыратады. «Еңбекақы функциясы» категориясы еңбекақы жүйесінде өзінің бағытына толығымен сәйкес келу үшін құрамы қандай болуы керек деген сұраққа жауап беру керек. Алайда, тәжірибеде осындай ереже әдетте сақталмайды.

Қайта өндіру функциясы еңбек нарығында еңбекақының мөлшерін анықтайтын маңызды функциясы. Алайда, мемлекеттегі қазіргі еңбекақы деңгейі халықтың едәуір бөлігі үшін оның толық қайта өндіру функциясы туралы зор күшпен айтуға болатынын дәлелдейді: соңғы он бес жыл ішінде еңбекақының ең төмен мөлшері күнкөріс деңгейінен 3 – 5 есе

төмен болды, ал еңбекақы үлесі күнкөріс деңгейінен төмен қызметкерлер олардың барлық санынан 30% құрады.

Ынталандырушы функциясы қызметкерді жұмыс істеуге, өзінің еңбек сапасын және санын арттыруға бағыттайды.

Еңбекақының ынталандыру функциясының көрінуі – еңбекке ақы төлеуде теңдігінің жоқтығын білдіреді. Жақсы жұмыс істейтін қызметкер жаман жұмыс істейтінге қарағанда көп алу керек. Сонымен бірге жоғарғы білікті еңбек төмен білікті еңбектен жоғары төленуі тиіс. Осы шындықтар тәжірибеде шындықтан алыс. Біздің елімізде ғалымдардың, мұғалімдердің, медициналық және мәдени мемлекеттік мекемелер қызметкерлердің еңбегі банк, нотариус, сауда қызметкерлер еңбегінен аз төленеді, бірақ аталған бірінші топ қызметкерлердің еңбегінің қиындығы және әлеуметтік маңыздылығы бойынша екінші топтағы қызметкерлерге қарағанда төмен емес, ал кейде асады.

Реттеу функциясы еңбекақы мөлшерінің өсуі біріншіден, тауарлар мен қызметтер сұранысының өзгеруіне әкеледі, себебі, адамдар өздерінің әл – ауқаттылық деңгейін көтеруге, сатып алынатын тауарлар мен қызметтердің құрамы және сапасын жақсартуға мүмкіндік алады. Тауарлар мен қызметтерге сұраныстың өсуі олардың өндіріс көлемін артуы қарқынына әкеледі және керісінше, еңбекақы мөлшерінің төмендеуі тауарлар мен қызметтерге сұраныстың азаюына әкеледі; екіншіден, еңбекақы мөлшерінің өсуі жоғары еңбекақымен кәсіпорындағы еңбек ұсынысын жоғарлатуға әкеледі, осыдан оларға өндіріс көлемін арттыруға мүмкіндік береді, және керісінше еңбекақы деңгейі өндіріске реттегіш әсер етеді.

Еңбекақының әлеуметтік функциясы еңбекақы мөлшерінің саралануы кезінде әлеуметтік әділдігін қамтамасыз етеді. Осындай функция еңбекақының минималды кепілдіктерін және оның саралануын түсіндіру үшін табыстар және еңбекақы саясатын қалыптастыратын мемлекеттік мекемелерге көмек және ұсыныс ретінде жүреді. Ол әдетте қызметкердің еңбегі әлеуметтік қажет, бірақ еңбек нарығында сұраныс ұсыныстан төмен болатын қызметкер категориясына тән еңбекақы мөлшерін реттеуге жатады.

Еңбекақыны ұйымдастыру мәселелері оларды шешу деңгейіне байланысты өзінің ерекшеліктері бар. Еңбекақыны ұйымдастыруды макро- және микродеңгейге бөледі. Макродеңгейде еңбекақыны реттеу мемлекет экономикасы масштабында, жеке салалар және аймақтарда оған әсер ету үрдістерін қамтамасыз етеді. Микродеңгейде реттеу кәсіпорын және ұйым деңгейінде еңбекақыны қалыптастыру үрдістері қарастырылады.

Осылайша, еңбекақының әлеуметтік – экономикалық құрамы ең алдымен қызметкердің, содан барлық адамзаттың өмір сүруін қамтамасыз етеді. Еңбекақының мазмұнын талдауын қорытындылай келе, келесідей анықтама беруге болады: жұмыс күшінің бағасы ретінде еңбекақы бұл жалданбалы қызметкерлердің арасында жұмсалған еңбектің саны мен сапасына сәйкес бөлінетін, олардың өмір сүру құралдарның қорының негізгі бөлігі.

Еңбекақы деңгейіне әсер ететін ең маңызды фактор «еңбек өнімділігі» (немесе керісінше, еңбек сыйымдылығы) тікелей көрсеткішпен өлшенетін еңбек ресурстарын қолдану тиімділігі болып табылады. Өз ретінде еңбек өнімділігіне басқа өндіріс ресурстарын – қор қайтарымы, материал қайтарымы – қолдану тиімділігіне әсер етеді (кесте 3).

Жеңілдету үшін өндіріс факторлардың бағасы олардың сапасын бейнелейді деп есептейік. Мысалы, еңбек сапасы физикалық денсаулыққа, жалпы және кәсіби білімге, ұйымдастырушылық қабілетке, өндіріс тәжірибесіне және т.б. байланысты болады. Бағалық өзгеріске қиын ұшырайтын факторларда бар, бірақ олар сонымен қатар маңызды роль ойнады (көңіл құндылықтары, ұжымдағы әлеуметтік – психологиялық орта).

Кесте 3

Өндіріс тиімділігінің көрсеткіштері

| Ресурстар (өндіріс факторлары) | Тиімділік көрсеткіштері | |
|--------------------------------|--|--|
| | Тікелей | Кері |
| Еңбек | Еңбек өнімділігі = өнім/ еңбек шығындары | Еңбек сыйымдылығы = еңбек шығындары/өнім |

| Негізгі өндіріс қорлары | Қор қайтарымы =өнім/негізгі қорлар | Қор сыйымдылығы =негізгі қорлар/өнім |
|---|--|--|
| Айналым өндіріс қорлары (бір рет қолданатын капиталдық ресурстар) | Материалдық қайтарымы=өнім/ айналым қорлар | Материалдық сыйымдылық=айналым қорлар/өнім |


Әртүрлі саладағы және түрлі қызметкерлердің еңбекақы деңгейі едәуір түрде ерекшеленеді.

Егер біз орта салалық мәліметтерді емес, ал жеке қызметкерлердің еңбекақысын салыстырған кезде төлемде үлкен саралану байқалады. Еңбекақыдағы салалық және жеке ерекшеліктер немен байланысты?

Осы саралану қабілетте (туылған, алынған), білім деңгейінде (жалпы және кәсіби), кәсіби дайындығында, тәжірибеде және әртүрлі категориядағы қызметкерлерде бар біліктіліктегі айырмашылықтардың салдары болып табылады. Әртүрлі жұмыстар тартымдылығына байланысты екенін ескеру жөн.

АҚШ – тағы қызмет көрсету саласындағы, банктегі орта дәрежедегі қызметкерлер химиялық, автокөлік өнеркәсібі және құрылыс саласындағы қызметкерлердің еңбекақысынан едәуір төмен болады. Осындай жағдай біліктілік дәрежесімен ғана емес, еңбек жағдайларымен байланысты. Еңбектегі ыңғайсыздық, өндірістің зиян тигізуі еңбекақымен ақталу керек.

Кейде, төмен сағаттық еңбекақы алатын қызметкерлерде ақшалай нысанда ескермейтін, бірақ нақты еңбекақыны көбейтетін бірқатар артықшылықтары бар. 5 суретте еңбекақыдағы өтемақылық айырмашылықтар көрсетілген. Еңбек жағдайлары көзқарасына қарағанда тартымдылығы аз саланың қызметкерлері сағатына 4 доллар шамасында өтемақылық айырмашылық алады.



Сурет 5. Өртүрлі еңбек жағдайлардың еңбекақыға әсері

Аймақ жағынан еңбекақының ерекшелінуін ескерген жөн. Себебі барлық адамдар өзінің тұрғын жерін тез ауыстырмайды. Бұл ерекше қарт адамдарға қиын болады. Еңбек күшінің миграциясын бәсеңдететін институционалды және басқа да ерекшеліктер бар.


Бірқатар мемлекеттерде нәсіл немесе этникалық белгілер, жынысы, жасы, діни сенімдер бойынша кемсіту сақталады. Бірақ біраз дамыған мемлекеттерде осындай кемсітуге ресми тиым салынса да, нақты осы уақытқа дейін кездеседі. Әсіресе, осы нарық экономикасы қалыптасу кезеңіндегі дамушы елдерге қатысты. Қабілеттерді дамыту, біліктілікті жоғарлату, басқа да адами капиталға инвестициялар бойынша бағытталған әрекеттер едәуір жоғары еңбекақыны алуға мүмкіндік беретіні сөзсіз.

Біліктілігі жоғары қызметкерлер тұрақты артық табыс – сирек ресурс үшін – олардың біліктілігі немесе қабілеті – экономикалық рентын алуы мүмкін. Алдыңғы қатардағы фирмалар өндірушілердің артықшылығын алса, өнімділігі жоғары қызметкерлер экономикалық рентын алады.

Салалық еңбек нарығын қарастырайық. Еңбек ұсынысының қисығы оң көлбеуге ие болады. Салаға қосымша қызметкерлерді тартуға ұмтылу баламалы шығындардың артуымен байланысты. Еңбек сұранысының қисығы әдетте, теріс бұрышқа ие болады


(сурет 6). Тепе – теңдік жағдайда еңбекақы W_E деңгейіне жетеді. Өнімділігі жоғары қызметкерлер W_0 тең еңбекақы алып жұмыс істеуге дайын, алайда нақты олар W_E деңгейдегі еңбекақы алады.

Минималды (резервтік) еңбек бағасымен және нарықтық бағалар арасындағы айырмашылық экономикалық рентын құрайды. Барлық қызметкерлер үшін ол $W_0E W_E$ үшбұрыш ауданына тең. Толық бәсекелестік жағдайда экономикалық рентының болуы салаға жаңа қызметкерлердің келу үшін ынта болып табылады. Сондықтан бәсекелестік салада ұсыныс қисығы ұзақ мерзімді кезеңде абсолюттік икемді болады және экономикалық рента жоғалады. Алайда, жаңа қызметкерлерде бұрынғыларға қарағанда біліктілігі болмаған жағдайда экономикалық рента ұзақ мерзім бойы сақталады. Бұл ерекше адами ресурстарды тартатын салалар үшін сипатты. Эстрада жұлдыздары, киноактерлер, танымал спортшылар өте жоғары қаламақы алады. Олар қабілеттері ерекше, және сондықтан осындай қызметкерлердің ұсынысы шектелген.



Сурет 6. Экономикалық рента: жалпы жағдай


Ол абсолютті икемсіз. Нәтижесінде сұраныстың өсуі еңбекақының өсуінен еңбек бағасы арқылы бейнеленеді (сурет 7).



Сурет 7. Ұсыныс қатаң шектелген жағдайда экономикалық рента.

Еңбекке алғашқы сұраныс D_1 қисығымен, ал еңбек сұранысы – S қисығымен бейнеленген. Икемсіз ұсыныс жағдайда еңбек бағасы толығымен сұранысқа тәуелді. Өртістің танымалдылығының өсу сұраныс қисығының D_1 жағдайдан D_2 жағдайға ауысуын білдіреді. Осылайша, әртіс алатын қаламақы W_1 – ден W_2 – ге артады. $W_1 E_1 E_2 W_2$ төртбұрышының ауданы экономикалық рентаны береді. Экономикалық рента – бұл ұсынысы қатаң шектелген ресурс үшін төлем. Ол ерекше ресурс қызметінің нақты төлемі және осы ресурстың жеке меншік иеленушінің оны сатуға ұмтылу үшін төленуге тиіс минималды бағаның арасында айырмашылықты көрсетеді.

Еңбекақының саралануы жеке табыстарды бөлудегі теңсіздікті анықтайды. Оның негізінде соңында қабілеттегі, білімдегі, кәсіби тәжірибедегі айырмашылықтар жатыр. Теңсіздіктің маңызды факторы жеке меншікті бағалы қағаздарға (акциялар, облигациялар) және жылжымайтын мүлікке дұрыс бөлмеу болып табылады. Кейде, олжа, сәттілік, бағалы ақпараттарға рұқсат, тәуекел, жеке байланыстар және т.б. маңызды роль ойнайды. Оның маңыздылығын анықтау үшін Лоренц қисығын қолданады.



Сурет 8. Абсолютті теңдік, абсолютті теңсіздік және Лоренц қисығы.

Көлденең осьте халықтардың пайызы (немесе отбасының), ал тігінен осьте табыстардың пайызын қояйық. Әдетте халықтардың табысын бес бөлікке – квинтелдерге бөледі, әрқайсысына халықтың 20% кіреді (сурет 8). Халық топтары осьте аз қамтамасыз етілгеннен бастап ең бай бойынша орналасқан. Егер халықтардың барлық топтары бірдей табысқа иеленсе, онда халықтың 20% – на 20% табыс, ал халықтың 40% – на 40% табыс және т.с.с. сәйкес келеді. Абсолютті теңдік OE биссектрисасымен, ал абсолютті теңсіздік – OGE сызығымен графикалық бейнеленген. Нақты халықтың кедей бөлігі әдетте 5 – 6%, ал бай бөлігі 40 – 45% алады. Сондықтан Лоренц қисығы табыстардың абсолютті теңдік және абсолютті теңсіздіктерді көрсететін сызықтар арасында жатыр. Табыстарды бөлу әрқелкі болған сайын, Лоренц қисығының еңкею бұрышы өсуімен сипатталады, ол G нүктесіне жақындай береді. Және керісінше, саралану деңгейі төмен болған сайын, Лоренц қисығы OE биссектрисасына жақындай береді.

Теңсіздік деңгейі Джини коэффициенті арқылы анықталады. Ол $OAB CDEF$ фигурасының ауданын OEG үшбұрышының

ауданына қатынасы ретінде есептеледі. Джини коэффициенті артқан сайын, теңсіздікте артады.

Сонымен, еңбекақы жөніндегі саясат кәсіпорында басқарудың құрамды бөлігі болып табылады және оның қызметінің тиімділігі оған елеулі ықпал етеді. Себебі, еңбекақы жұмыс күшінің тиімді пайдаланудағы ынталандырудың маңыздысының бірі. Міне, сондықтан да, мұны еш уақытта естен шығаруға болмайды.

2.3 Еңбекақыны анықтаудың нарықтық механизмі

Нарықтық экономикаға өту өндіріс және бақылау функциясының жарылысында орналасқан әкімшілік – ұйымдық реттеу жүйесінен түбегейлі арылтады (кәсіпорындар ұлттық байлық құрылады, ал мемлекет оны реттейді).

Реттеу функциясы тікелей өндірушіге немесе кәсіпорынның жеке меншік иесіне беріледі. Тек меншік иесі ғана өндіріс құралдарымен және еңбек нәтижелерімен дербес бұйыруға құқылы. Меншік туралы, кәсіпкерлік туралы және басқа да заңдардың қабылдануы алдында бекітілген еңбекақыны қалыптастыру механизмдердің тағдырын шешті.

Жаңа жағдайларда реттелген қатынастардың орталықтандырылмаған нысаны құнық көрсеткіштер, нарықтағы бәсекелестікке бағытталады және кәсіпорынның қаржылық – нарықтық жағдайын көрсетеді.

Тікелей еңбекке ақы төлеу қатынасында еңбек нарығының ұйымдастырыған нысанын қалыптастыруы маңызды рольге ие. Еңбекақының мөлшері еңбек нарығындағы құн және баға, еңбек күшіне сұранысты ескере отырып, оның ұдайы өндірісіне шығындар негізінде анықталады.

Еңбекақы бойынша барлық сұрақтар енді кәсіпорын деңгейінде шешіледі. Мемлекет тек еңбекақының ең аз мөлшерін орнатады. Жұмыс күшінің тауарлық нысанына өтумен еңбекақының барлық функциялары едәуір кеңейтіледі және қалпына келтіріледі. Нарыққа өтумен еңбекақы еңбек күшінің

ұдайы өндірісінде негізгі элемент болды және еңбек күшін жалдайтын кәсіпкер үшін еңбек күшінің әлеуметтік функциясы ынталандырушы функциясымен қатар тең ролді атқарады.

Қызметкердің бюджеті тек киімге, тамаққа ғана емес, сонымен қатар пәтерді, үйді сатып алуға, тұрмыстық қызметтерді және т.б. қызметкердің өмір сүру біліктілігінің күрделілігіне байланысты шығындарды төлеумен қамтамасыз етуі тиіс. Сондай – ақ, еңбекақының әлеуметтік бағытпен қамтамасыз етудің екі деңгейі бар.

Біріншісі мемлекетпен реттеледі. Еңбеканың деңгейіне оның тікелей әсер етуі еңбекақының ең аз мөлшерін бекіту түрінде көрінеді. Жанама әсер ету инфляцияға, бағалардың өсуіне тәуелді өмір сүру деңгейінің құндық сипатамаларының индексациясымен байланысты. Сонымен қатар, мемлекет жеке нарықтық экономика жағдайында еңбек күшіне шығындардың үнемдеу тенденциясына тән қызметкердің еңбек табысын қорғайды.

Еңбекақының әлеуметтік функциясын жүзеге асырудың екінші негізгі деңгейі тікелей кәсіпорындарда іске асырылады. Егер еңбекақыны қызметкердің қалыпты өндірісін қамтамасыз ету үшін талап ететін табыс ретінде қарастырса, онда барлық қызметкерлерді түрлері және олардың жұмыс күшінің өндірісіне қоғамдық шығындардың мөлшері бойынша топқа бөлу кең таралды.

Жалпы жағдайда еңбекақы қызметкерлердің біліктілігі және еңбек күрделілігі бойынша саралануы керек. Егер де еңбекақыны тек қызметкердің ғана емес, оның отбасының да қалыпты өмір сүруін қамтамасыз ету үшін қажет табыс ретінде қарастырылса, онда еңбекақының механизмі қызметкер отбасының тұтыну деңгейінің есебімен құрастырылады. Жұмыс күшінің төмен баға кезінде қымбат тұратын құрылғының орнына арзан еңбек күшіне ауыстыруға экономикалық мүмкіндік пайда болады. Өндіріс тиімділігі арттуына мақсаты жойылады.

Жаңа экономикалық жағдайда жалпы табыстар соммасында әлеуметтік мақсаттарға кәсіпкерлердің қызметкерлерге тез қарқынмен өскен төленімдері, қосымша төлемдері маңызды орын алады. Әлеуметтік даму қорлар еңбек өнімділігін жоғарлату факторы ретінде еңбек күшін тұрақты ұдайы өндірісімен

байланысты қызметкерлердің өмір сүрудің материалдық жағдайларын жақсартуда үлкен роль атқарады. Қызметкердің еңбек табыстарының ынталандырушы функциясы негізгі болып табылады. Еңбекақы механизмінің және әлеуметтік ынтаның нақты осы бөлімі тірі еңбекті қарқынды қолдануда маңызды роль атқарады, оны басқару мақсатын жүзеге асыруына бағыттайды. Еңбекақының тікелей ынталандырушы механизмі анықталған мәнді және болашақта стратегияны іске асыруын білдіреді. Алайда, осы мән қызметкердің жалпы табысына еңбекақының үлесімен ғана түсіндірілмейді.

Дәстүрлі қызметкердің санасында еңбекақы кәсіпорында оның беделін мойындау психологиялық байластырады, оның әлеуметтік статусын қосымша білдіреді. Еңбекақы арқылы қызметкер басқалармен салыстыра отырып қосымша өзін, өзінің табыстарын бағалайды. Еңбекақы төмен болуы мүмкін, бірақ егер ол жұмыс бойынша әріптестерінен жоғары болса онда ынталандыру іс – әрекеті де жоғары болады.

Кәсіпорында еңбекақыны ұйымдастыру, еңбекақы төлеу жүйесіне байланысты ынталандыру құралы ретінде еңбекақының мөлшерімен бірге, тікелей қызметкерді бағалау болады. Алайда, кейін еңбекақының мөлшерін бекітумен қызметкерді бағалау қосымша бағалауға қарағанда қызметкерлер үшін басымырақ болады (кейін еңбекақы – қызметкердың еңбегі). Сондықтан еңбекті бағалаумен еңбекақыны ұйымдастыру бағалаусызға қарағанда үлкен ынталандыру роль атқарады. Қызметкердің еңбекақы өсуінің динамикасы көрінетін еңбек өмірі бойынша оның зор еңбегін мойындау үрдісінің жүруіне қарай өндіріспен (кәсіпорынмен, фирмамен) оның интеграциясының нақты үрдісі туралы айтуға болады. Егер мойындау болмаса, онда қызметкер жағынан кәсіпорынға ниетті ынталандырушы қатынасы, жоғары өнімділікке, қайтарылуына бағыты болмайды. Осылайша, еңбекақыны ұйымдастыруды дұрыс әлеуметтік ескертілген ынталандыру үшін өнімді еңбекке қызметкерді бағыттайтын, еңбекті басқару мақсаттарына жетудің шешуші жағдайлары бар. Алайда, еңбекақыны ұйымдастырудың қазіргі деңгейі оның мақсатты бағытталған белгілі бір нақты табыстары, ынталандыру саясатын іске асыру үшін оны қолдану туралы, қорытынды

жасауға мүмкіндік бермейді. Еңбекақыны басқару стратегиясының мақсаттарына сәйкес келу үшін: қызметкерлерде қоғамдық сезімін дамыту керек, оларды серіктестік рухта тәрбиелеу, жеке және қоғамдық қызығушылықтарды тиімді үйлестіру, оның ынталандыру механизмін өзгерту керек. Еңбекақы қызметкерді кәсіпорынның, фирманың талаптары арасындағы байланысты және соңғы нәтижелердегі оның үлесін, соның салдарынан – еңбекақы мөлшерін психологиялық, содан кейін экономикалық нақты түсінуге бағыттауы керек.

Өкінішке орай, еңбекақыны қазіргі ұйымдастыруда экономикалық бағыт басым. Экономикалық категория басым мәнде иеленеді: есепті табыс, еңбекке ақы төлеу қоры, ішкі бағалар және әр қызметкерді белсенді қызметке ынталандыруды қалыптастырумен байланысты т.б.

Ауыспалы кезеңде еңбекақыны ынталандыру функциясының тоқтатылады. Егер жоспарлы социалистік экономикада еңбекақы теңестіру сипатты иеленсе және өзінің ынталандыру қызметін атқармады, бірақ қазіргі уақытта кәсіпорынның қаржылық жағдайымен және осы кәсіпорындардағы еңбекақы арасында байланыс жоқ екені байқалады.

Еңбекке ақы төлеуде тарифтік бөлім маңызды рольге ие болған кезде, еңбекақыда ынталандырушы ролі жоғары болады. Қазіргі уақытта тарифтің ролі төмендеуде, көбірек мерзімді еңбекақыны қолдану көрінеді.

Сонымен қатар салалар және олардың ішіндегі кәсіби – білікті қызметкерлер топтары бойынша үлкен ерекшеліктер байқалады.

«Еңбекақы» түсінігінің мәнін қарастыра отырып, ең алдымен жалданып жұмыс істейтін және өзінің еңбегі үшін алдын ала келісілген мөлшерде сыйақы алатын тұлғаларға қатысты қолданатынын ескеру керек.

Экономикалық категория ретінде еңбекақы микродеңгейде (жұмыс берушіге және қызметкерге қатысты) және макродеңгейде қарастырылуы мүмкін.

Жалданып жұмыс істейтіндерге еңбекақы оған тиесілі еңбек ресурсына жеке меншік құқығын экономикалық жүзеге асыру нысаны болып табылады. Еңбекақыға қызметкердің табыс

құрылымының орталық роліне сәйкес келгендіктен, қызметкер еңбекақының жоғарлауына экономикалық қызығушылық білдіреді. Осы еңбек қызметінің сандық және сапалық нәтижесін жетілдіру, біліктілікті, еңбек мансабы бойынша жоғарлату, жалдаудың жақсы жағдайларын іздеуде еңбек ауысу, еңбекке ақы бойынша қосымша талаптарды шығару үшін алғышарттардың пайда болуына әкеледі.

Жұмыс беруші үшін қызметкерге еңбекақы төлеу өндіріс шығындарының элементі болып табылады. Ол еңбекақыға меншік шығындарын (бірлікке, өнім теңге, табыс теңге) төмендетуге экономикалық қызығушылық білдіреді. осы экономикалық қызығушылық бар экономикалық ресурстарды тиімді пайдалануын арттыру, ең тиімді қызметкерлерді таңдау, еңбекті үнемдейтін және еңбекті ауыстыратын технологияларды ендіру мақсатында жүзеге асырылады.

Макродеңгейде ұлттық табысты факторлық үлестіру жүйесінде еңбекақы еңбек факторының табысы ретінде көрінеді. Еңбекақы тұтынушылық тауарлар мен қызметтерге жалдамалы қызметкерлердің төлем қабілетті сұранысты қалыптастырады: нақты еңбекақының төменгі деңгейі экономикада жиынтық сұраныстың жетіспеушілігіне әкеледі, осыдан экономикалық өсімін, инфляция факторы көрінетін ақшалай еңбекақы артықшылығының жоғарлауын тоқтатады. Еңбекақының деңгейі мен динамикасы көбінесе қоғамдағы табыстардың саралануын, яғни әлеуметтік саралануын және әлеуметтік шиелініс деңгейінде анықталады. Осындай аспектіде еңбекақы мемлекеттік макроэкономикалық реттеу объектісі болып табылады. Нарықтық баға қалыптастыру және бәсекелестік жағдайында еңбекақы деңгейі өндіріс үрдісінің барлық негізгі субъектілерінің экономикалық қызығушылығының тікелей жанасу нүктесі және пәні болып табылатыны анық.

Жалданып жұмыс істейтін қызметкерлердің өмір сүру деңгейін анықтайтын негізгі параметр бола тұрып, еңбекақы еңбек өнімділігін және әлеуметтік – еңбек қатынастарын әділетті көрсеткішін жоғарлатуының бас ынталандыру факторы ретінде көрінеді.

Мемлекет экономикасы масштабында еңбекақының мөлшерін макродеңгей жүйесінде реттеу және оны ұйымдастыру үш элементтен немесе жүйелерден қалыптасады. Келесідей механизмдер арқылы:

1) Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныстың өзара байланысы нәтижесінде нарықтық өзіндік реттеу;

2) Еңбекақы бойынша мемлекеттік ең төменгі әлеуметтік стандарттарды бекіту;

3) Жалпы мемлекеттік және салалық деңгейде әлеуметтік серіктестік шегінде атқарушы билік органдардың қатысуымен жұмыс берушілер мен жалданбалы қызметкерлердің қызығушылықтарына келісім беру.

Қызметкердің еңбекақы мөлшеріне еңбекақығы шығындарға және тура өзіне салық салу жүйесі жанама әсер етеді.

Аймақтар масштабында еңбекақы мөлшерін реттеу және оны ұйымдастыру екі жүйеден қалыптасады. Келесідей механизмдер арқылы:

1) Еңбекақы бойынша аймақтық ең төменгі әлеуметтік стандарттарды бекіту;

2) Әлеуметтік серіктестік шегінде жергілікті атқарушы билік органдардың қатысуымен жұмыс берушілер мен жалданбалы қызметкерлердің қызығушылықтарына келісім беру.

Еңбек нарығындағы еңбек бағасын бекіту үрдісі нарықтық күштердің өзара байланысы кезінде еңбекке сұраныс және оның ұсынысының әрекеттесуі нәтижесінде оның нарықтық өзіндік реттеу мәнін құрайды.

Жалданбалы жұмысқа орналасу туралы шешімді қабылдау теориясы ең алдымен жеке еңбек ұсыныс қалыптастыру заңдылықтарын және салық салу және халықты әлеуметтік қамтамасыз ету облысында мемлекет саясатының оған әсер етуін қарастырады, содан кейін – отбасында қабылданған еңбек ұсыныс жағдайлары және ауыл шаруашылық өндіріс теориясы. Еңбек бойынша адамдардың жеке шешімдерімен байланысты заңдылықтарды қарастырайық.

Ең алдымен, потенциалды қызметкер жұмыс істегісі келеді ма? Егер иә болса, онда төленетін жұмыстың ұзақтығы қандай болу керектігін өзі үшін шешу керек. Содан кейін төленетін

жұмысты іздеу туралы шешімді қабылдаған адам қызмет саласы (лауазым, мамандық), жұмыс орналасқан орны және т.б. туралы сұрақтарды өзі үшін қалыптастырады.

Жеке еңбек ұсынысы қалай көрінеді деген сұрақ пайда болады. Адамның өмір сүруінің тәулік уақытын екі бөліктен тұрады. Бір бөлік оның физиологиялық қажеттіліктерді қанағаттандыру үшін жұмсалады. Осыдан ұйқыға, тамақ ішуге және басқа да өмірлік күштерді сақтау үшін әрекеттерге кеткен уақыт жатады. Осы уақыт 8 сағатты құрасын. Қалған 16 сағат жұмыспен (еңбекпен) немесе демалыспен қамтылуы мүмкін.

Өз ретінде жұмыс үй шаруашылығын жүргізумен байланысты болуы мүмкін, адам өзі үшін азық – түлік өнімдерін, тағам пісірумен, киім жасаумен, балаларды тәрбиелеумен, өз үйін салуға және жөндеумен айналысқан кезде. Бірақ үйден тыс жеке төлемге жұмыс істеуге болады, ал тапқан ақшаларға тамақ өнімдерін, киімдер, тұрғын үй алуға, балаларды тәрбиелеуге және басқа да қажеттіліктерге ақшаларды жұмсауы мүмкін. Жұмыстың осы екі түрі бірдей нәтижеге жетуге бағытталған, сондықтан олар бір қызметке жинақталуы мүмкін – ақыға жұмыс істеу.

Физиологиялық қажеттіліктерді қанағаттандырудан бос уақытын өткізудің басқа тәсілі демалыс, ойын қанағаттанарлық әкелетін сауық болып табылады.


Бос уақытын жұмсауға адамның сұранысы еңбек ұсынысына қарсы тұратын шама болып табылады, себебі еңбекке жұмсалған уақыт сауық үшін жоғалған болады, ал сауыққа жұмсалған уақытын жұмыс үшін жоғалған болады.

Осылайша, теория төленетін жұмысты іздеу туралы адамның шешімін оны сауыққа уақытты қолданудың баламасы ретінде қарастырады, яғни келесідей сұрақ шешіледі: жұмыс немесе сауық (демалыс немесе ойын-сауық).

Басқа игілікке сұраныс ретінде сауыққа сұраныс келесі факторлармен анықталады: игілікке балама шығындар, адамның материалдық әл – ауқат деңгейі және оның талғамының жиыны.

Балама шығындар сауықтың 1 сағатты егер қызметкер осы сағатта төленетін жұмыспен қамтылған жағдайда, онда оның алатын еңбекақысына теңестіруге болады. Әл – ауқаттылық деңгейін индивид табыстарының жиынтық мөлшері бойынша

анықтауға болады. Мұнда еңбек ұсынысы қисығына орын басу және табыс эффектісі ретінде факторлар әсер етеді. Екі эффектілерді бейнелейтін П – П (кері айналма қисығы) еңбектің жеке ұсынысының қисығы сурет көрсетілген. Ордината осінде еңбекақы мөлшері (ЕА), ал абсцисса осінде – еңбек шығындары (Ш) бейнеленген. Е нүктесінде П – П қисығы өзінің бағытын кері ауыстырады (сурет 9).



Сурет 9. Жеке еңбек ұсынысының қисығы

Орын басу эффектісі егер жұмысты тоқтағанда пайда болатын, бос уақытқа қарағанда жоғары еңбекақы басымырақ болғанда пайда болады. Жоғары еңбекақы алуға ұмтылу жұмыс уақыты бос уақыттың орнын басады. Еңбекақының өсуі кезінде еңбек ұсынысы артады. Еңбекақының өсуі кезінде табыстардың тұрақты шамасы еңбекке ынталандыруды күшейтеді және сауыққа сұранысты төмендетеді. Табыстың тұрақты шамасы кезінде еңбекақы деңгейінің төмендеуі еңбек ынтасын азайтады, яғни егер табыс тұрақты болса, онда жұмыс уақыты және сауыққа уақыт өзара байланысты болады. Бұл еңбек ұсыныс қисығындағы эффекті Е нүктесінен төмен участкемен көрсетілген.

Табыс эффектісі жұмыстан тыс бос уақыты еңбекақының артуына қарағанда жоғары бағаланған кезде, Е нүктесіне

жеткеннен кейін пайда болады. Осындай жағдай қызметкердің материалдық игілігі жоғары деңгейі кезінде қалыптасады. Көп тауарларды сатып алу ғана емес, демалуға және т.б. көп бос уақыт бар болу арманы туады.

Еңбекақы деңгейінің тұрақты сақтау кезде табыстардың өсуімен жұмыс уақытының ұзақтығы қысқарады. Еңбекақы деңгейінің тұрақты сақтау кезде табыстардың төмендеуі жұмыс уақытының көбеюіне әкеледі. Сондықтан еңбекақының өсімі еңбек ұсыныс қисығында көрсетілген Е нүктесінен жоғары орналасқан учаскесі жұмыспен қамтудың өсуіне әкелмейді.

Нақты өмірде осы екі эффектілер бір уақытта әсер етеді, бірақ қарама – қарсы бағытта. Табыс эффектісі басым болған жағдайда адам еңбек ұсынысының қысқаруымен, еңбекақының жоғарлануына ықпал етеді. Орын басу эффектісі кезінде еңбекақы деңгейінің өсуі еңбек ұсынысының артуына әкеледі.


Еңбек ұсынысы мөлшеріне салық салу жүйесі және халықтың әлеуметтік қорғау бағдарламалары әсер етеді. Осы факторлардың әсер ету механизмі салық ставкалардың қысқаруы инвестицияларды ынталандырады, ал олар өз ретінде еңбек белсенділігінің артуы және өнім шығарудың жоғарлауына әкелетініне теориялық негізделген.

Осындай теориялық көзқарас АҚШ – та 1980 жылдардың басында президент Р.Рейганмен жүргізілген салық салу реформалардың алғышарты болды. Онда жұмыс уақытының орташа ұзақтығының кейбір өсуіне әкелді. Қазақстанда бірдей жеке табысқа салынатын салық, сонымен қатар әлеуметтік салық салу енгізілді.

Нақты өмірде адамның алдында талғамдар жиыны пайда болады, яғни қай игілік екінші игілікке қарағанда басымырақ болады деген сұрақ туады. Мысалы, адамға өзінің қанағаттанарлығын арттыру үшін не керек: сауыққа көп уақыт немесе қажет тауарларды сатып алатын ақшаның көп мөлшері керек. Осы екі игілік – сауық және ақша адам қажеттілігін қанағаттану құралы ретінде өзара ауысатын деп есептеуге болады. Егер адам сауықтан көп қанағанаттарлықты таңдаса, онда ол тауарларды сатып алуға аз ақша алады. Сауық уақытының

қысқаруы ақша қаражаттардың көп мөлшерін табу үшін жағдай жасайды.

Талғамдар динамикасы нақты адам үшін табыстар және сауық уақытының әртүрлі комбинация сипаттайтын графикалық түрде көрсетілген немқұрайлы қисықпен бейнеленеді (сурет 10).




Сурет 10. Екі пайдалылық деңгей үшін немқұрайлы қисығы

Пайдалылықтың «А» және «Б» өзара ауысатын игіліктердің әр деңгейлері нақты адам үшін игіліктер бірдей болатын нүктелерді құрайды. «А» нүктесінде адам сауықтың 8 сағаттық ұзақтығында күндізгі табыстың 1000 теңге мөлшерінде жоғары дәрежеде қанағаттанады. Күнделікті табыс және күнделікті сауық шамалардың басқа да комбинациялары болуы мүмкін. Қисықтың бірігуі олар «А» пайдалылық деңгейін сипаттайды. Басқа талғам деңгейлері болуы мүмкін. Мысалы, егер сегіз сағаттық сауықтың 200 теңгедегі күнделікті табысқа сәйкес келсе, онда «Б» нүктесіндегі пайдалылықтың жаңа деңгейі пайда болады, ал осы деңгейдің басқада комбинациялары «Б» пайдалылық қисығын құрайды. Қисықтардан алынған барлық нүктелер тұтынушы үшін оның қызығушылықтары қай нүктеде теңесетіндігіне немқұрайлы қарайтын бірдей пайдалылықпен ерекшеленеді.

Немқұрайлы қисығы теріс көлбеу және сол бөлігі оң бөлігіне қарағанда тік болатын ойыс нысанын алады. Бұл табыстың төмен табыстар және сауыққа көп уақыт жұмсауға қарағанда, жоғары деңгейде және сауыққа аз уақыт жұмсау оның әр сағаты жоғары бағаланатынын білдіреді. Қайсысы жетпейді сол жоғары бағаланады. 11 суретті қарастырайық. Сауыққа уақыт жетпесе (ЕГ сегменті), онда В4-тен В3-ке өсуі ақшалай табыстардың (Д4-тен Д3-ке дейін) көп жоғалтуларын қажет етеді. БА сегментінде қарама-қарсы бейнені көруге болады.

Д1-ден Д2-ге табыстардың өсуі өзінің өтамақыда сауыққа уақыттың өсуін (В1-ден В2-ге дейін) талап етеді.



Сурет 11. Немқұрайлы қисығы


Жалданбалы жұмыс туралы шешімдер қабылдау теориясында табыстар және еңбекақы мөлшерімен байланысты шектеулер де қарастырылады. Теория әр адам максималды мүмкін табыстарға және сауық уақытын жақсырақ өткізуге ұмтылатынан шығады. Алайда әр индивидумның ресурстары шектелген. Ең жақсысы, адам өз ресурстарын максималды қолдану мүмкін.

Сұрақтың мәнін түсіну үшін келесі бастапқы мәліметтерді қолдану керек: 12 суретте көрсетілген адамның немқұрайлы

қисығында бір ғана табыс көзі – 50 теңге шамасында еңбекақы және еңбекке және (немесе) сауыққа пайдалану мүмкін 16 сағат уақыты бар. ДВ қисығы түрінде табыс деңгейі және уақыт көлемі мүмкін комбинация ретінде бейнелейік. Егер адам барлық 16 сағат сауыққа жіберсе, онда оның табыстарының мөлшері нольге тең болады (В нүктесі). Егер адам 16 сағатты жұмысқа жұмсаса, онда оның еңбекақысы күніне 800 теңгені құрайды (16 * 50) (Д нүктесі).

Еңбекақы (табыс) мөлшері және сауық уақытының барлық мүмкін байланыстар орналасқан осындай түзу (ДВ) бюджеттік шектеулер сызығы деп аталады, ал оның көлбеу бұрышы еңбекақы ставкасын сипаттайды. Ставка жоғары болған сайын, сызық тік болады.

Пайдалылықты максималдауға ұмтылу мақсатымен қызметкер оған М және Н нүктелері арасындағы немқұрайлы қисығы участкесінде (А) жетеді. Енді, егер бюджеттік шектеулер (А1) сызығына қатысты болатын жаңа немқұрайлы қисығын салса, онда еңбекақының (табыстың) және сауық уақытының максималды пайдалы комбинациясына жету жағдайлары қабылданған Е нүктесін аламыз, яғни осы қызметкер үшін 9 сағат жұмысты және сәйкесінше күндік еңбекақы 450 теңге және 7 сағат сауық уақытын құрайды. Барлық басқа нұсқалар дәл осы қызметкер үшін аз пайдалылықты құрайды.



Сурет 12. Немқұрайлы және бюджеттік шектеулер сызығы

Жеке адаммен еңбек ұсынысын қалыптастырумен байланысты тәуелділіктер жиынтығы (табыс және орын басу эффектілері, немқұрайлы қисығы, бюджеттік шектеулер сызығы) өз бейнесінде жеке ұсыныс қисығын табады, ал жеке еңбек ұсынысының соммасы осы еңбек нарығындағы жалпы еңбек ұсынысын береді.

Осы уақытқа дейін барлық айтылғандар физиологиялық қажеттіліктерді қанағаттандырғаннан кейін қалатын уақытын қолдануды талғамдарға қатысты индивидумның шешімдеріне жатты.

Отбасылық шешімдерді талдау отбасында пайда болатын жеке еңбек ұсынысындағы өзгертулерді табуға мүмкіндік береді.

Біріншіден, отбасы өндіріс және тұтыну орны ретінде қарастырылады. Осы үрдістерді жеңіл түсіну үшін отбасы тек бір ғана игілікті – тағамды тұтынады деп қарастырайық. Тағам әртүрлі тәсілдермен жасалу мүмкін: отбасының өзі өсірген өнімдер; дүкенде сатып алынған тауарлардан үйде жасау; дайын тағамды сатып алып үйде жылыту. Әр тәсіл үшін әртүрлі уақыт жұмсалады және өнімдерге (қызметтерге) баға әртүрлі болады.

Тағамды дайындауға уақыттың қысқаруы өнімдерді сатып алуға шығындардың өсуіне әкеледі.

Тағамды дайындау тәсілін таңдау отбасының еңбекақы (табыстар) мөлшеріне байланысты, сонымен қатар, отбасының талғамына, соның ішінде үй шаруашылығынан тыс еңбекақы табуға қайсысы бейімді, ал кім үйде көп жұмыс істеуге бейімділігіне байланысты болады.

Осы сұрақтың шешімдерінің әртүрлі нұсқаларын қарастырған кезде табыс эффектісі, орын басу эффектісі пайда болады, немқұрайлы қисығы және бюджеттік шектеулер сызығы қалыптасады.

Екіншіден, жұбайлардың қайсысы үй шаруашылығында жұмыс істейді, ал қайсысы жалданбалы жұмысқа барады туралы сұрақты шешу кезінде, кімнің еңбегі үйде, ал кімдікі еңбек нарығында өнімді екенін анықтау керек. Осы кезде жұбайлардың денсаулық жағдайы және еңбек ұсынысына оның әсер етуі ескерілу керек.

«Өжет» және «қосымша» категориялардағы қызметкерлер экономиканың төмендеу кезеңінде пайда болады. Егер экономика дамуының қалыпты кезеңде мысалы күйеуі төленетін жұмыс иеленсе, ал үй жұмысын әйелі жүргізсе, бірақ экономикалық төмендеу кезеңде күйеуі жұмысын жоғалтса, пайдалылық деңгейін сақталып қалу үшін күйеуі жалданбалы жұмысты таппай үй жұмысымен айналысуға тура келетін жағдай қалыптасады, ал әйелі экономикалық белсенді халықтың «қосымша» мүшесі болып еңбек нарығында жұмыс іздей бастайды.

Мемлекет масштабында адамдардың осы категориялар арасындағы қатынасты анықтау маңызды болады. Егер «өжет» жұмыскерлердің үлесі «қосымша» қызметкерлер үлесінен жоғары болса, онда жұмыссыздық деңгейі төмендейді, өйткені біріншілері жұмыс іздеу мәнін жоғалтып және оны іздеуді тоқтатып, олар тіркелген жұмыссыздардың санына қосылмайды. Егер «қосымша» қызметкерлердің есебінен жұмыссыздардың саны «өжет» қызметкерлерге қарағанда тез өссе, онда жұмыссыздықтың саны артады. Бірақ әр жағдайда «өжет» қызметкерлер «жасырын» жұмыссыздар қабатын білдіреді. Еңбек

нарығын тиімді ұйымдастыру үшін олардың санын әртүрлі зерттеу тәсілдерімен анықтау керек.

Сонымен, еңбекақы жөніндегі саясат кәсіпорында басқарудың құрамды бөлігі болып табылады және оның қызметінің тиімділігі оған елеулі ықпал етеді. Себебі, еңбекақы жұмыс күшін тиімді пайдаланудағы ынталандырудың маңыздысының бірі. Міне, сондықтан да, мұны еш уақытта да естен шығаруға болмайды. Еңбекақы төлеудің негізінде еңбекақы төлеудің шекті өнімділігімен шектелінетін, өндіріс факторы ретіндегі еңбектің құны жатыр. Шекті өнімділік теориясына сәйкес қызметкер еңбекақының орнын толтыратын өнім өндіруге міндетті, олай болса еңбекақы қызметкердің еңбек тиімділігіне тәуелді.

2.4 Қазақстандағы еңбекақының қарқыны және саралану деңгейіне талдау: эмпирикалық-корпоративтік тәсілдер

Бір елдің өзінің ішінде әр қилы мамандықтағы қызметкерлер мен әр қилы еңбегі жалдамалы қызметкерлердің еңбекақы мөлшерінде үлкен айырмашылық бар. Белгілі бір кезеңде экономика жағдайына байланысты да еңбекақы өзгеріп отырады. Өнеркәсібі дамыған елдерде номиналды еңбекақының өсуі байқалады. 2010-2014 жылдар аралығында Қазақстан Республикасындағы жалданбалы қызметкерлердің орташа атаулы айлық еңбекақысы, еңбекақының ең төменгі мөлшері кесте 4 көрсетілген.

Кесте 4

Еңбек төлемінің негізгі көрсеткіштерінің динамикалық тізбегі

| | 2010 | 2011 | 2012 | 2013 | 2014 |
|--|-------|-------|--------|--------|--------|
| Қызметкерлердің орташа айлық атаулы жалақысы | | | | | |
| теңгемен | 77611 | 90028 | 101263 | 109141 | 121021 |

| АҚШ долларымен | 527 | 614 | 679 | 717 | 675 |
|--------------------------------------|---------------------|-------|-------|-------|-------|
| Өткен жылдың кезеңіне сәйкес индексі | | | | | |
| атаулы жалақы индексі | 115,3 | 116,0 | 112,5 | 107,8 | 110,9 |
| нақты жалақы индексі | 107,6 | 107,1 | 107 | 101,9 | 103,9 |
| Жалақының ең төмен мөлшері, теңге | 1 қаңтардан - 14952 | 15999 | 17439 | 18660 | 19966 |

Қазақстан Республикасында 2010 - 2014 жылдар аралығында қызметкерлердің орташа атаулы жалақысының өсімі байқалады, яғни осы кезең аралығында аталған көрсеткіш 35,9 % артты. Ал талданылатын кезеңде жалақының ең төменгі мөлшері де өсті, 2010 жылы 14952 теңге құраса, 2014 жылы 19966 теңгені құрады. 2014-2015 жылдар аралығында Қазақстандағы бір қызметкердің орташа атаулы жалақысының ең жоғарғы мөлшері 2014 жылдың желтоқсан айында болып, 154577 теңгені құрады. 2015 жыл ішінде аталған көрсеткіш 1 тоқсанда 118638 теңге болса, ал жылдың соңында 136094 теңге болды, демек 12,8% артты (сурет 13).



Сурет 13. 2014-2015 жылдар аралығында Қазақстандағы бір қызметкердің орташа атаулы жалақысы

Қазақстан Республикасының өңірлері бойынша 2015 жылы орташа айлық жалақының ең жоғарғы деңгейі Маңғыстау облысында сақталады, 4 тоқсанда 236372 теңгені құрап, осы жылда 3% артты. Ал осы көрсеткіштің ең төменгі мөлшері Солтүстік Қазақстан облсына тән, 2015 жылдың 4 тоқсанда 87341 теңгені құрады.

Кесте 5

Қазақстан Республикасы өңірлері бойынша орташа айлық жалақы (теңге)

| Қазақстан Республикасы | 2015 | | | |
|------------------------|----------------|----------------|----------------|----------------|
| | 1 тоқсан | 2 тоқсан | 3 тоқсан | 4 тоқсан |
| | 118 638 | 124 227 | 124 656 | 136 094 |
| Ақмола | 82 633 | 90 457 | 88 593 | 94 080 |
| Ақтөбе | 100 915 | 108 007 | 107 089 | 113 431 |
| Алматы | 85 035 | 93 017 | 91 346 | 95 781 |
| Атырау | 217 003 | 210 183 | 230 163 | 254 178 |
| Батыс Қазақстан | 108 243 | 111 956 | 116 066 | 125 341 |
| Жамбыл | 79 894 | 85 206 | 84 062 | 87 778 |
| Қарағанды | 108 110 | 111 678 | 112 248 | 118 547 |
| Қостанай | 85 602 | 91 909 | 90 678 | 100 772 |
| Қызылорда | 102 070 | 106 866 | 104 929 | 106 817 |
| Маңғыстау | 229 167 | 217 327 | 224 503 | 236 372 |
| Оңтүстік Қазақстан | 81 166 | 89 352 | 84 179 | 88 785 |
| Павлодар | 100 028 | 105 199 | 106 337 | 119 663 |
| Солтүстік Қазақстан | 77 618 | 85 360 | 83 905 | 87 341 |
| Шығыс Қазақстан | 96 361 | 101 822 | 100 816 | 111 274 |
| Астана қаласы | 171 544 | 183 744 | 189 906 | 221 009 |
| Алматы қаласы | 152 724 | 161 963 | 158 218 | 178 480 |

2015 жыл бойынша Қазақстандағы негізгі экономикалық қызметтер бойынша орташа айлық атаулы жалақының өзгерісі 6 кестеде берілген.

Кесте 6

Қазақстан Республикасындағы негізгі экономикалық қызметтер бойынша орташа айлық атаулы жалақы

| | 1 тоқсан 2015 | 2 тоқсан 2015 | 3 тоқсан 2015 | 4 тоқсан 2015 |
|--|------------------|------------------|------------------|------------------|
| <i>теңге</i> | | | | |
| Барлығы | 118 638 | 124 227 | 124 656 | 136 094 |
| Ауыл, орман және балық шаруашылығы | 57 972 | 69 584 | 76 297 | 76 853 |
| Өнеркәсіп | 162 950 | 160 732 | 168 795 | 185 699 |
| Кен өндіру өнеркәсібі және карьерлерді қазу | 266 051 | 250 679 | 269 288 | 295 696 |
| Өңдеу өнеркәсібі | 124 348 | 127 469 | 135 414 | 148 668 |
| Электрмен жабдықтау, газ, бу беру және ауа баптау | 119 477 | 125 372 | 114 883 | 135 562 |
| Сумен жабдықтау; кәріз жүйесі, қалдықтардың жиналуын және таратылуын бақылау | 80 099 | 80 364 | 84 078 | 86 408 |
| Құрылыс | 129 404 | 141 656 | 158 501 | 166 993 |
| Көтерме және бөлшек сауда; автомобильдерді және мотоциклдерді жөндеу | 119 308 | 121 185 | 122 592 | 128 576 |
| Көлік және қоймалау | 156 099 | 157 347 | 165 857 | 173 470 |
| Тұру және тамақтану бойынша қызметтер | 106 402 | 110 980 | 112 176 | 124 179 |
| Ақпарат және байланыс | 167 655 | 193 118 | 171 811 | 199 728 |
| Қаржы және сақтандыру қызметі | 208 862 | 229 562 | 233 461 | 270 799 |
| Жылжымайтын мүлікпен жасалатын операциялар | 104 538 | 106 333 | 111 971 | 126 310 |
| Кәсіби, ғылыми және техникалық қызмет | 231 190 | 229 890 | 242 600 | 298 851 |
| Әкімшілік және қосалқы қызмет көрсету саласындағы қызмет | 97 401 | 98 018 | 102 124 | 112 311 |
| Мемлекеттік басқару және | 100 439 | 106 403 | 107 784 | 115 889 |

| | | | | |
|--|---------|---------|---------|---------|
| қорғаныс; міндетті әлеуметтік қамтамасыз ету | | | | |
| Білім беру | 73 865 | 84 446 | 72 969 | 80 320 |
| Денсаулық сақтау және әлеуметтік қызметтер | 87 283 | 94 256 | 90 871 | 96 165 |
| Өнер, ойын-сауық және демалыс | 93 038 | 90 286 | 99 536 | 113 480 |
| Өзге де қызметтер түрлерін ұсыну | 202 507 | 203 922 | 190 741 | 212 658 |
| Аумақтан тыс ұйымдардың және органдардың қызметі | - | - | - | - |

2015 жылы Қазақстанда негізгі экономикалық қызметтер бойынша орташа айлық атаулы жалақының ең жоғары деңгейі кәсіби, ғылыми және техникалық қызметке тән, орташа мөлшері 250633 теңге құрады. Екінші орын қаржы және сақтандыру қызметіне тиесілі – 235671 теңге. Ал жалақының ең төменгі мөлшері білім беру саласында, демек оның 2015 жылы орташа мөлшері – 77900 теңге.

Мемлекеттік еңбек потенциалын тиімді қолдануды арттыру мемлекет ішкі саясатының стратегиялық бағыттарының бірі болу керек, себебі қазақстандықтардың өмір сүру деңгейінің жоғарлауын қамтамасыз етуге мүмкіндік береді. Еңбек ақы – бұл еңбек өлшемі мен тұтыну өлшеміне бақылау жасауды жүзеге асыруға көмектестің маңызды экономикалық құрал. Шаруашылық субъектісінің түріне қарамастан әрбір қызметкердің кірісі субъект жұмысының түпкілікті нәтижелерін ескергенде, оның жеке үлесімен анықталады және салықтармен реттеледі. Еңбекақы тұтынушы кірісінің үлкен бөлігін құрайды, сондықтан да сұраныстың мөлшеріне, тауардың тұтасына және олардың бағасына елеулі әсер етеді

Өзін-өзі тексеру арналған сұрақтары:

1. Еңбек нарығының негізгі құрамдас бөліктерін атаңыз.
2. Қазақстан Республикасы еңбек нарығының ерекшелігі неде?
3. Еңбек нарығының міндеті мен функциялары қандай?

4. Еңбекақы деңгейіне әсер ететін негізгі факторларын белгілеңіз.

5. Еңбек нарығының басты көрсеткіштері қандай?

6. Еңбек нарығының субъектілеріне кімдер жатады?

7. Еңбекақының әлеуметтік – экономикалық мәні теорияларының эволюциясын талдаңыз.

8. Үй шаруашылығы деген не және экономикадағы оның рөлі

9. «Табыс-демалыс» моделі (үлгісі) арқылы үй шаруашылықтары еңбек ұсынысын қалай іске асыратынын түсіндіріңіз

10. Еңбек ұсынысы қисық сызығын салыңыз. Ол қандай пішіндерге ие бола алады?

11. Үй шаруашылықтары капиталды қалай ұсынады?

12. Өмірлік кезең моделі (үлгісі) арқылы үй шаруашылықтарының капитал ұсынысын көрсетіңіз.

БӨЛІМ 3. ЖЕР НАРЫҒЫ ЖӘНЕ РЕНТА

3.1 Жер нарығының түсінігі мен мазмұны. Жерге деген сұраныс пен ұсыныс. Жер нарығындағы тепе-теңдік

Жер нарығын талдау берілген өндіріс факторын экономикалық жүзеге асырудан түсетін табыстың мәнін, маңынасын және ерекшелігін анықтау үшін қажет.

Экономикалық талдау объектісі ретінде жер француз физиократтарының теориясында бірінші рет қарастырылған еді. Олар жерді жеке өндірістік ресурс ретінде, ал жермен жұмыс істейтін қызметкердің еңбегін - қоғамдық байлықтың жеке субстанциясы ретінде қарастырған. Бұл тұжырымдама XVIII ғасырда Франция феодалды, аграрлық мемлекет болумен түсіндіріледі. Сол уақытта экономика дамуында феодалды шектеулерді жоюмен, жермен байланысты экономикалық қатынастарды жетілдірумен қызығатын кәсіпкерлер классы біртіндеп қалыптасады. Физиократтардың идеялары буржуазды аграрлық қайта қалыптастыруға бағытталған болатын.

Экономикалық қатынастардың объектісі ретінде жерді талдау Адам Смитпен жалғастырылған еді. Бұл мәселелерді жетілдіруге үлкен үлесті Давид Рикардо қосты, ол жер рентасы теориясының негізін қалаушы болып саналады, содан кейін бұл теория өзінің дамуын Карл Маркспен жалғастырылған. Карл Маркс жер саласында экономикалық қатынастармен байланысты мәселелерді терең зерттеп, Давид Рикардо оның ережелерін дамытқан.

Жер нарығын қарастырудың алдында жерді иемдену және жерді пайдалану сияқты негізгі екі ұғымды түсініп алу керек.

Жерді иемдену деп қандай да бір жеке немесе заңды тұлғаның тарихи қалыптасқан жағдайларда белгілі бір жер теліміне деген құқығын анықтауды және соны мойындауды айтады. Жерді иемденуді оның иесі жүзеге асырып оған меншік құқығын қалыптастырады.

Жерді пайдалану – бұл белгілі жер телімін бекітілген заңдық тәртіппен қажетті мақсаттарда қолдану. Жерді пайдаланушы әрқашанда оның иесі болып табыла бермейді. Нақты шаруашылық өмірде жерді иемденуді және оны пайдалануды әртүрлі тұлғалар жүзеге асырады.

Жерді пайдалану экономикалық қатынастардың әр түрлі жүйесімен реттеледі. Экономикалық ресурс ретінде жер еңбек нәтижесі емес, яғни оның өндіріс шығындары жоқ. Жер табиғаттың сыйлығы. Жердің саны шектелген, сондықтан жер іс жүзінде қайда пайдаланса да, оның ұсынысы мүлде икемді емес. Бұл жер нарығында тек сұраныс қана белсенді екенін көрсетеді. Жерге сұраныс өзгерістерінің нәтижесі шамалы болғандықтан, оны пайдаланғанда осы ресурстың иесі белгілейтін баға шешуші рөл атқарады.

Нарықтық аграрлық экономиканың субъектісіне меншік иесінің екі типі жатады - толық меншік иесі және тұтыну меншік иесі. Жердің шектелуі және оны ұдайы өндірудің мүмкін еместігі, жер монополиясының екі түрлі болуын тудырады. Толық меншік иесі жерге өзінің жеке меншік монополиясын жүргізеді: кәсіпкерге оның капиталын өз жеріне әкеліп пайдалануға рұқсат ету-етпеуге ерікті болады. Аренда туралы келісім жасалған соң жерді нақты пайдаланушы белгіленеді. Оның (арендатордың) жердің осы телімінде шаруашылық жүргізуге монополиялық құқығы болады. Жердің меншік иесі мемлекет болса, жеке иемдену болмайды және монополияның бір түрі орнайды - жерге тұтыну жағынан жер иесі жүргізетін, жерге шаруашылық жүргізетін объект деп монополия орнайды.

Жерге монополия - нарық субъектісінің осы ресурсқа жарлық етуіне төтенше құқының болуы, иемденушіге үстем табыс әкеледі. Осы табыс жер рентасының экономикалық нысанын алады. Жеке меншік монополиясы абсолюттік жер рентасын тудырады, жерге шаруашылық монополиясы — дифференциялық жер рентасын тудырады.

Қазіргі экономикалық теорияда жер категориясы ауыл шаруашылық және ауыл шаруашылық емес мақсаттарда қолданылатын өндіріс үдерісінің басты құралы және шешуші факторы ретінде сипатталады. Қоғамдық өндірістің негізі бола

алатын жер экономиканың салаларында әртүрлі қызметтерді орындайды. Біріншіден, жер - өндіріс құрал-жабдығы ретінде қызмет атқарады: жердің кеңістік жағынан шектеулі болуы, жердің адам іс-әрекетінің нәтижесі емес, оның табиғаттың берген сыйы ретінде қарастырылуы, рента түрінде табыс әкеле алуы және оның бағасының болуы, т.б. Екіншіден, жер еңбек заты ретінде қызмет атқарады: өңдеуші өнеркәсіпке қажетті, кәсіпорын немесе зауыт салуға арналған алаң ретінде пайдаланылуы, жерді өңдеп, оған тұқым сеуіп өнім алу мүмкіндігі, т.б. Үшіншіден, жер еңбек құралы қызметін атқарады: мысалы, жерге тұқым сепкен күннен бастап өнім өсіру қызметін Жер-ана атқарады.

Жер факторының басқа өндіріс факторларынан айырмашылығы және ерекшелігі мыналардан көрінеді:

1. Жердің ұсынысы әрқашанда шектеулі болады.
2. Жердің ұсыныс қисығы өте икемсіз болып табылады.
3. Жердің қозғалмайтындық сипатта болады.
4. Жер шаруашылықтық іс-әрекеттің кез-келген түрінде қолданыла береді.

5. Жердің құны болмайды, бірақ оның бағасын анықтауға болады.

Маңызды өндіріс факторы ретінде жердің бірегейлігі келесідей:

- оның қозғалмайтындығы;
- жалпы саны бойынша оның өзгермейтіндігі;
- оның икемді емес ұсынысының болуы;
- әртүрлі шаруашылық қызметте қолданылады.

Өндіріс факторы ретінде жердің ерекшелігі:

1) жер қоғамның өмір сүруі мен дамуында маңызды рөлді атқарады;

2) жер өндірістің биологиялық құралдарымен тығыз байланысты (мал шаруашылығы, құс шаруашылығы, егін, органикалық және бактериалды шикізаттар). Олар табиғат өнімі болып қана табылмай, сонымен қатар биологиялық ғылым мен адам еңбегі нәтижесінде туындаған жасанды өнім, яғни ауыл шаруашылық өндірісі техникасына жатқызылады;

3) жермен тығыз байланысты ауыл шаруашылығында материалдық-техникалық ресурстар құрылымында өзіндік


ерекшеліктері бар. Оның құрамында көліктік және энергетикалық құралдар үлесі жоғары (мұнда барлығы үлкен қашықтыққа орындарын ауыстырады);

4) жермен жұмыс өсімдіктер мен жануарлар дамуының биологиялық кезеңдерімен байланысты өндіріс маусымдылығымен сипатталады, бұл маусымдылық ерікті түрде өзгертіле алмайды;

5) ауыл шаруашылығында ауыл шаруашылық өндірісінің мануфактуралық кезеңінен индустриалды-технологиялық кезеңіне ауысу үрдісі жалғасуда.

Сонымен, жердің саны және оның ұсынысы шектеулі болғандықтан, жер нарығында белсенді рөлді оған деген сұраныс ойнайды.

Жерге деген сұраныс – бұл белгілі бір мақсаттарда жер учаскелерін уақытша жалға алып пайдалануды немесе оны сатып алуды білдіретін қатынастар. Жерге сұраныс біркелкі болмайды, себебі ол ауыл шаруашылық және ауыл шаруашылық емес сұраныстары болып бөлінеді. Алдымен, жерге сұраныс ауыл шаруашылық өнімдеріне деген сұраныстан туындайды. Ал ауыл шаруашылық емес сұраныс тұрғын үйлерді, инфрақұрылым нысандарын, өндірістік ғимараттар мен құрылыстарды салу үшін қажетті сұраныстармен байланысты.



Сурет 14. Жерге сұраныс қисығы


Графикалық түрде ауыл шаруашылықтық пайдалы жерге сұраныс теріс көлбеулі болып келетін сұраныс қисығы түрінде көрсетілген (сурет 14). Бұл техника мен технологияның дамуының белгілі бір деңгейімен байланысты ауыл шаруашылықтық айналымына жердің нашар дамыған телімдері кірістіріледі. Ауыл шаруашылықтық жерге деген сұраныс азық-түлікке деген сұранысқа тікелей байланысты.

Ауыл шаруашылықтық емес жерге сұраныс қисығы теріс көлбеулі болып келеді, өйткені тұрғын-үйлердің, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен мекемелердің құрылысы үшін жер телімдері қаланың орталық және шеткі аудандарында орналасқан.

Жердің ұсынысы – бұл жер учаскесін оның қалыпты күйінде нарықтық қатынастар тұрғысынан сата алуын және немесе жалға беруін білдіретін қатынастар. Жердің ұсынысын мынадай екі негізгі фактор анықтайды:

1. Жердің құнарлылығы;
2. Жер учаскесінің нарыққа алыс немесе жақын орналасуы.


Микродеңгейде жер ұсынысы жердің құнарлылығы, жер телімдерінің орналасуы, жерді технологиялық қолдану арқылы қарастырылады. Ауыл шаруашылығы үшін өнеркәсіпке қарағанда өндіріс ерекшеліктері тән. Сондықтан жердің ұсынысы көбінесе бағалар бойынша икемді емес болады. Оны төмендегі графиктен көре аламыз (сурет 15).



Сурет 15. Жерге ұсыныс қисығы

Жер нарығындағы тепе-теңдікті оны бағасы – жер рентасы анықтайды. Жерге деген сұраныс көлемі рентаның мөлшеріне байланысты және оның қисығы кемімелі, теріс көлбеулі болып келеді. Ал жердің ұсынысы шектеулі және өте икемсіз болғандықтан, оның қисығы тік сызық түрінде болады. Жердің ұсынысына байланысты жердің бағасы өскенде оның көлемін арттыру немесе оның бағасы төмендегенде көлемін қысқарту мүмкін болмайды.

Жер нарығындағы тепе-теңдік жерге сұраныс пен ұсыныстың өзара әрекет етуі нәтижесінде орнатылады. Графикте – бұл сұраныс қисығы мен ұсыныс қисықтарының қиылысуымен сипатталады (сурет 16):



Сурет 16. Жер нарығындағы тепе-теңдік

Жер нарығындағы тепе-теңдік жер рентасын сипаттайды.


3.2 Жер нарығының факторлы табысы - жер рентасы

Жер рентасы – бұл меншіктен түсетін табыстың бір түрі ретінде жер учаскесін уақытша пайдаланғаны үшін төленетін төлем. Оның көлемі жерді жалға алу-жалға беру (аренда) келісінде анықталады. Бұл жерде жер рентасы жал төлемі ретінде қарастырылады. Жерді қолдану дәрежесіне байланысты оның негізгі екі түрін анықтауға болады:

1. Абсолютті жер рентасы – бұл жердің құнарлылығы мен басқа да ерекшеліктеріне байланысты болмайтын жалға берілетін барлық жерлерден алынатын рентаның бір түрі.

Абсолюттік жер рентасы жерге деген жеке меншікке байланысты. Орташа пайдадан артық алынған қосымша құн абсолюттік рентаны алу көзі болып табылады. Ауыл шаруашылығы айналымына кірмейтін жерден де жер рентасы алынады. Жер рентасының табиғаты жердің экономикалық ресурс ретіндегі ерекшеліктерімен және жерді пайдалану

қатынастарымен байланысты. Жер - бірегей өндіріс құралы: сан жағынан ол шектелген, оны жасанды түрде ұдайы өндіру мүмкін емес; жер учаскелері құнарлығы жағынан бір-біріне ұқсамайды, яғни олардың табиғи өндіргіш күштері өзгеше болады (сурет 17).




Сурет 17. Таза (абсолюттік) рента

R_{e1} жер телімінің 1 данасы үшін айлық рентаның деңгейін сипаттайды. $0R_{e1}e1Q_e$ тік төртбұрышы – қоғамда барлық қолданылатын жер үшін жиынтық рентаны көрсетеді. Азық-түлікке деген сұраныстың өсуі айлық рентаны R_{e2} дейін немесе жиынтық рентаны $0R_{e2}e2Q_e$ ауқымына дейін жоғарылатады. Азық-түлікке сұраныс төмендеген жағдайда қолданылатын жердің 1 данасы үшін рента R_{e3} дейін төмендейді, ал барлық абсолютті рентаның көлемі $0R_{e3}e3Q_e$ дейін төмендейді. d_4 сұранысы кезінде рента нөлге тең болады.

2. Ерекшеленген жер рентасы – бұл құнарлылығы жоғары, нарыққа жақын аумақтарда орналасқан және өндіріс шығындары төмен болатын жалға берілетін жерлерден алынатын рентаның бір түрі. Жалгерлер осындай жерлерден үстеме пайда алып отырады. Ерекшеленген жер рентасының өзі екіге бөлінеді:

1) Бірінші дәрежелі ерекшеленген жер рентасы – жердің табиғи құнарлылығына байланысты және оны экстенсивті жолмен игеру әдістері арқылы алынатын төлем;

2) Екінші дәрежелі ерекшеленген жер рентасы – бұл жердің құнарлылығын жасанды түрде игеру және оның сапасын арттыру арқылы интенсивті жолмен игеру әдістері бойынша алынатын төлем. Бұл жерде тыңайтқыштар, жаңа құрал-жабдықтар, жоғары сұрапты тұқымдар, биотехнологияның дамыған әдістері қолданылады (сурет 18). Шаруашылықты қарқынды жүргізу нәтижесінде қосымша қаржыдан дифференциалдық II рента туындайды. Ол, сондай-ақ, ауыл шаруашылығы өнімдерін өндіру кезіндегі қоғамдық және жеке баға айырмашылығынан да туындайды.



Сурет 18. Ерекшеленген рентаның қалыптасуы

18 сурет ерекшеленген рентаның қалыптасуын көрсетеді. Құнарлылығы бойынша жақсы жер телімінен (А) ерекшеленген рента алынады (штрихталған төртбұрыш); құнарлылығы орташа жер телімінен (Б) өндірістік шығындар тек қана өзін-өзі ақтайтын болады, одан рента түрінде ешқандай табыс алынбайды; құнарлылығы бойынша нашар жер телімінде (В) тек қана шығындар кезігіміз.

Кейбір жерлерге жеке меншік болғандықтан, олар тауар ретінде сатыла алады. Жер сатылатын жағдайда оның бағасын анықтауға тура келеді. Жердің бағасы жер рентасына және банктің пайыз мөлшерлемесіне тәуелді болып табылады және ол рентаның пайызға қатынасы ретінде анықталады:

$$\text{Жердің бағасы (PN)} = \text{жер рентасы (R)} / \text{пайыз мөлшерлемесі (i)} \times 100\%$$

Жер бағасы — капиталға айналған жер рентасы. Егер жердің адамзаттың мекені тұрғысынан қарасақ, жерге ешқандай баға жоқ. Жерсіз адам да, жан-жануар да, өсімдіктер де өмір сүре алмайды. Жерді жаратуға ешқандай да адам еңбегі шығындалмаған. Өздігінен адам еңбегінің нәтижесі бола алмайтындықтан жердің құны болмайды. Жеке меншік жағдайында жер тауар ретінде алып-сатылады, тауар айналысына енеді, яғни жер бағаланады. Жер бағасы, бір жағынан, рента мөлшерімен, екінші жағынан, қарыз процентімен белгіленеді. Жер бағасы рентаның көмегімен анықталады, ал жер рентасы жер иесінің оны пайдаланушыдан алатын табысының бір бөлігі, яғни арендалық төлемнің бөлігі. Егер жер учаскесі жыл сайын 10000 теңге рента келтіретін болса, ал банк салымнан 10% алатын болса онда жердің бағасы $(10000 \cdot 100) : 10 = 100000$ теңге болады, бұл жерге төлем шамасын жуықтап анықтау үшін пайдаланылатын әдіс.

Өндіріс факторы ретінде жер тауарлық сипат алады, ол сатылады және сатып алынады, оның нарықтағы бағасы оған сұранысқа тәуелді болады. Өндірістік құрал-жабдықтар нарығына түсуден бұрын жер - жер кадастры арқылы (старттық баға) экономикалық жағынан бағаланады.

Жер кадастры деп жер туралы мәліметтердің жиынтығын атайды.

Салыстырмалы цифрлар арқылы жер топырағының ауыл шаруашылық өндірісіне жарамдылық дәрежесі белгіленеді, жер сапасы жағынан бағаланады. Ірілеп бағалау жердің жарамдылық (пайдалылық) класын белгілеумен аяқталады, ал жан-жақты бағалау бонитеттік балдар (әдетте 100 балдық жүйе) арқылы жүргізіледі. Бонитеттік балды белгілеу үшін критерий ретінде негізгі ауыл шаруашылық өнімдерінің көпжылдық түсімділігі (өнімділігі) қолданылады.

Жер еңбек үрдісіне жатпайды. Ол ауыл шаруашылығында еңбек заты, бірақ өнімі емес. Сондықтан жерді бағалау үшін керек жағдайлар:

- жердің тұтыну қасиеттеріне баға беру;
- жердің пайдалы қасиеттеріне баға беру.

Бұдан басқа, жер учаскелеріне, жылжымайтын объект деп, оңашаланған су объектері, ормандар және басқа объектер жатқызылады.

Жылжымайтын объект ретіндегі жер учаскесінің физикалық параметрлерінен және сипаттамаларынан басқа құқықтық тәртібі болады. бұл оның сәйкестігіне (ұқсастығына) және бағаланған құнына өте мәнді әсер етеді. Жер учаскесін сипаттайтын құқықтық тәртіптің белгілері: жер учаскесі орналасқан шеңбердегі жердің категориясы, жер учаскесін пайдалану мақсаты, меншіктің формасы, сервитуттар, оған заттық құқықты шектеу.

Жерді бағалаудың бірнеше әдістері бар. Салыстырмалы құнарлылықты ерекшеленген жер табысы қамтамасыз етеді. Бұлардың көлемі табиғат жасаған құнарлылықтың дәрежесімен ғана емес, жерді жетілдіру үшін жасалған қосымша капитал салымдары мен еңбектен тәуелді болады. Бірақ жер сатылғанда, оның иесі жердің қыртысын салып қоймайды, ол одан жылдар бойы табыс (рента) алу құқығын сатады. Сондықтан, оның есебі бойынша, жер үшін алынатын сома, егер ол банкіді сақталғанда, оған пайыз формасында рентаға тең табыс әкелуге тиісті.

$$J_b = R_m / Q_{pm} * 100\% \quad (1)$$

мұндағы,

J_b - жердің бағасы, R_m - рента мөлшері және Q_{pm} - Қарыз пайызының мөлшері.

Ауыл шаруашылық жерлердің құны, әдетте, белгілі бірнеше шамаға көбейтілген ағымдағы ақшаға шағылған арендалық төлем түрінде көрсетіледі немесе басқа сөзбен, осы рентаны "бірнеше жылға сатып алу" түрінде. Бірақ бұл көрініспен алғашқы танысу болып табылады. Жерді бағалау жүйесі бірнеше элементтерден тұрады. Оған жататындар:

- жер учаскелерінің құқықтық тәртібі және сапалық сипаттамалары туралы кадастрлық тіркеу кітабының ақпараты;

- басқа көздерден түсетін жер учаскелерімен мәміле туралы ақпарат, жер және басқа жылжымайтын мүліктер нарықтары туралы ақпарат;

- бағалау аймақтары мен жер учаскелері бойынша жердің кадастрлық бағалануы;

- кадастрлық карталар және жер құнының регистрлері.

Жерді бағалау жүйесі, осымен қатар, жерді бағалау және қайта бағалау бағытында қызмет ұйымдастыруды талап етеді. Қазақстан экономикасының реформалану жағдайында жер салыстырмалы бағаланады, өйткені көлеңкелі нарықтың болуы, жер учаскелерімен мәмілелер туралы, жерді пайдаланатын кәсіпорындарының шаруашылық қызметтерінің нәтижесі туралы ақиқат мәліметтердің жоқ болуы, жерді жақсарту шығындары мен тиімділігінің парапар еместігі, халықаралық тәжірибе қабылдаған жерге баға беру принциптері мен әдістерін механикалық түрде қолдануға мүмкіндік бермейді.

Неоклассикалық теория жердің құнын басқа өндіріс факторларынікіндей, түпкі өнімнің құнынан туынды етіп түсінеді. Мысалы, егер астықтың бағасы төмендесе, онда осыны өсіретін жерге де сұраныс төмендейді, ал сұраныс төмендегенде, арендалық төлем ставкасы да төмен болады.

Жердің бағасы жер рентасының **капиталдандырылған құны** болып табылады. Өйткені, жерді сатқаннан түскен табысты банкке салып үстінен пайыз алу сол жерден алынатын жыл сайынғы рентаның мөлшеріне сәйкес келуі тиіс. Олай болса, пайыз мөлшерлемесі жер рентасының альтернативті құны болып табылады. Мысалы, айталық, жерден алынатын жыл сайынғы рентаның шамасы 2000 теңгеге тең, ал пайыз мөлшерлемесі 10-ға тең. Онда жердің бағасы мынаған тең:

$$PN = 2000 \text{ теңге} / 10 \times 100\% = 20\ 000 \text{ теңге.}$$

Егерде, жерді сатқаннан түскен 20 000 теңгені берілген пайыз деңгейінде банкке салсақ, онда жыл сайын рентаның көлеміне тең табысты алып отыруға болады.

Квазирента - агротехниканы жетілдірудің және жерді интенсивті пайдаланудың нәтижесінде келген үстеме табыс.

Квазирента - орынсыз, дәлелсіз, бірақ қажетті (әңгіме қысқа мерзімдік кезең туралы болғанда) пайда әкеледі деп сипатталады.

Бұл былай дәлелденеді: өндірістік құрал-жабдықтар өндірісіне ерекше немесе "негізгі" шығындар жасаудың қажеттігі жоқ, өйткені олар бар және өздерінің пайдалануын күтіп тұр. Квазирента, басқа (қосымша) шығындарға қарағанда, уақыттың ағымына байланысты әлі негізгі шығындар жасалғаннан кейін жұмсалуды керек, қажетті пайда болып табылады және бұлар кейбір салаларда негізгі шығындардан маңызы артық болады. Болашақта квазирента алынуын көздеу капиталдың өндірістік құрал-жабдықтарына салынуының қажетті шарты болып табылады.

Рента мен квазирентаның айырмашылығы қоғамның қарамағындағы жердің көлемінің тұрақты және тіркелген шамада болуымен белгіленеді. Салыстырмалы түрде адам жасайтын өндірістік құралдар (ғимараттар, машиналар және т.б.) өнімге сұраныстың ауытқуларымен байланысты өсіп немесе төмендеп отыратын "ағым" деуге болады.

Рента мен квазирентаның ұқсастығы мынада: барлық өндіріс құралдарын тез өндіру мүмкін емес, сондықтан қысқа мерзімде олардың саны тіркелген болады. Осы мерзімдерде алынатын табыстардың, осылардың көмегімен жасалған өнімнің құнына қатынасы, ақиқат рентанікіндей болады.

Сонымен квазирента - бұл кейбір өндіріс факторларының (жердің ғана емес) ұзақтығы әр шамада болатын уақыт мерзіміндегі ұсынысының шектелуімен белгіленеді. Өндіріс факторлары әкелетін табыстар рента, квазирента және ағымдағы инвестиция үшін процент формасын алуы мүмкін. Бос капиталға процент (ағымдағы инвестициялар) және капиталдың бұрынғы салымының квазирентасы біртіндеп біріне-бірі айналуы мүмкін.

Сонымен, еңбек, капитал және жер сияқты өндіріс факторларын пайдаланғаны үшін алынатын жалақы, пайыз және рента түріндегі факторлық табыстың түрлері қалыптасып отырады. Өндіріс факторлары нарықтарында фирмалар осы табыстарды олардың иелеріне төлейді немесе олар шығындалады, ал үй шаруашылықтары пайда көреді.

3.3 Қазақстан Республикасында жер нарығының қалыптасуы мен дамуы


Жер нарығы көптеген нарықтық элементтерден құралған қиын жүйеден тұрады. Ол екі бөлшекке бөлінеді: бірінші реттік және екінші реттік нарығы.

Бірінші реттік нарығы мемлекетпен жеке тұлғалар, мемлекеттік емес заңды тұлғалар арасындағы қатынастарды қамтамасыз етеді. Сату-сатып алу институты пайда болған сәттен бастап республикада мемлекетпен сатылған жер учаскесі және жер иелену құқығы бойынша 58,2 мың іс жасалып, тіркелген. Жеке меншік – жер нарығының жалғыз міндеті емес. Сондықтан, зерттеудің мақсаты – мемлекетпен берілетін, сатылатын, бірінші жер нарығының жолдарын, сонымен бірге жер нарығы учаскесінің құрылымын, бірінші реттік нарығы қатысушыларының қызығушылығын және жер учаскесіне қойылған талаптардың себебін анықтау қажет.

Жер учаскесінің мемлекетпен жеке меншікке пайдалануға берілуі 19 суретте көрсетілген.

Жеке меншікке келесі мақсаттарда пайдалануға жер учаскелері берілуі мүмкін: өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізуге, бағбандыққа және саяжай құрылысына.

Жеке тұлғалардың және заңды тұлғалардың жеке меншігінде: жер учаскелері, құрылыс астындағы немесе құрылыс жері, сонымен бірге тұрғын үйлер немесе тұрғын үй салуға берілген жер учаскесі белгіленген мақсатта болады.



| Мемлекетпен жер учаскаларының жеке меншікке берілуі | Мемлекетпен жер учаскаларының жеке меншікке сатылуы | Мемлекетпен жер учаскаларының мемлекеттік кәсіпорындарға тұрақты пайдалануға берілуі | Мемлекетпен жер учаскаларының уақытша пайдалануға берілуі | Мемлекеттік арнайы гранттар |
|--|--|---|---|-----------------------------|
| 1.Өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізуге, бағбандыққа және саяжай құрылысын, тұрғын үй салу үшін бекітілген норма бойынша; 2.Кондоминиумның пайда болуы | 1.Құрылыс астындағы немесе құрылыс жері, сонымен бірге тұрғын үйлер немесе тұрғын үй салуға берілген жер учаскасі бекітілген норма бойынша; 2.Өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізуге, бағбандыққа және саяжай құрылысын, тұрғын үй салу үшін бекітілген норма бойынша | 1.Заңды тұлғаларға ғимараты бар, объектісінде кондоминиумы бар, шаруашылық жүргізу немесе басқару құқығымен; 2.Заңды тұлғаларға ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге және орман өсіруге; 3.Заңды тұлғаларға ерекше қорғалатын аймақта жер пайдаланушылықты жүргізу үшін; 4.Ерекше жағдайларда ҚР заңымен қарастырылады | 1.Жалға; 2.Кәсіпке; 3.Мемлекеттік заңды тұлғаларға; 4.Басқа да | 1.Инвесторларға беру |

Сурет 19. Қазақстанда бірінші реттік жер нарығының пайда болуы

Тұрақты жер пайдалану құқығы төмендегі мемлекеттік жер пайдаланушыларға, заңды тұлғаларға беріледі:

- 1) ғимараты бар, объектісінде кондоминиумы бар, шаруашылық жүргізу немесе басқару құқығымен;
- 2) ерекше қорғалатын аймақта жер пайдаланушылықты жүргізу үшін;

3) ауыл шаруашылығы өндірісін жүргізуге және орман өсіруге;

4) ерекше жағдайларда ҚР заңымен қарастырылады.

Мемлекет меншігіндегі жерге жер пайдалану құқығы жеке тұлғаларға, мемлекеттік емес заңды тұлғаларға тегін, ерекше жағдайларда ҚР Үкіметімен бекітілгенде ақылы беріледі.

Жоғарыда көрсетілген мақсатта екінші рет тегін жер учаскесін алуға рұқсат етілмейді. Ерекше жағдайларда ҚР Үкіметі бекіткен сату бағасы бойынша беріледі.

Зерттеу қорытындысында белгіленгендей, Қазақстанда Жер реформасын жүргізу кезінде шаруашылық субъектісінің құрылымы мен жер иелену формасы өзгерді. 2014 жылы 3,6 млн азамат өзіндік қосалқы шаруашылық жүргізуге, бағбандыққа және саяжай құрылысы үшін жеке меншікке жер учаскесін алған. Бұл жалпы Қазақстан Республикасы аумағының 0,16% (434,0 мың.га) құрайды.

Зерттеу қорытындысында көрсетілгендей бағасы шамамен 13,0 млрд.теңге болатын, 155,2 мың.га жерде мемлекетпен жеке меншікте жер пайдалануға беру мақсатында 55,1 мың іс жүргізілген. Соның ішінде уақытша жер пайдалануға бағасы шамамен 10,5 млрд. теңге, ауданы 49,7 мың.га жер болатын 48,0 мың жер учаскесі сатылды.

Зерттеу қорытындысы көрсеткендей, бірінші реттік нарығында, Қазақстанда тұрақты пайдалануға берілген жер учаскелері көп үлесті алады. Оның құрамына: шаруа (фермерлік) қожалықтары, мемлекеттік емес ауыл шаруашылық заңды тұлғалар (акционерлік қоғамдар, ауыл шаруашылық кәсіпорын кооперативтері және басқалары), мемлекеттік ауыл шаруашылық кәсіпорындар кіреді. Бұл жерлер 93 млн.га жерді алып, Қазақстан Республикасының - 34,2% құрайды. Ең аз үлесті уақытша пайдалануға сатылған 49,7 мың.га немесе республика аумағының 0,02% жерлер алады.


Зерттеу қорытындысы бойынша, Қазақстанда бірінші реттік нарығы жер пайдаланушылық құрамы бойынша және жер учаскесінің пайдалану құқығы бойынша әртүрлі. Қазақстан жерінің көп бөлігі мемлекеттік меншікте, бірақ, бірінші реттік

нарығында жер айналымы пайда болады, әсерін тигізеді және екінші реттік нарығының пайда болуына негіз болады (сурет 20).

Жер нарығындағы жер көлемін жалпы мемлекет аумағындағы жерден нарықтық істерді жүргізуге тыйым салынған, яғни сатуға, сатып алуға, кепілге беруге болмайтын жерлерді алып тастап анықтауға болады. Қазақстан Республикасының жер қоры 272,5 млн.га, соның ішінде 34% ауыл шаруашылық мақсатындағы және 43,9% босалқы жерлер. Жер қорының көп бөлігі (81,6%) жайылымы бар ауыл шаруашылық жерлеріне берілген.

Жер реформасын жүргізу кезінде меншік түрлеріне бөлінуде көптеген өзгерістер болды. Ауыл шаруашылық мақсатындағы ауданы 89,9 млн.га немесе 96,6% жер мемлекеттік емес ауыл шаруашылық кәсіпорындарының еншісінде. Мемлекеттің жеке меншігінде 3,2 млн.га жер немесе ауыл шаруашылық мақсаттағы жердің 3,4%.

Қазіргі заман талабына сай белгілі себептерге байланысты жер нарығы айналымынан 200 – 210 млн.га жер шығарылды. Жер нарығының потенциалдық көлемінде 50 - 60 млн.га жер қалады. Болашақта жер нарығы қандай жағдайда дамидынын, жердің қанша бөлігі сату - сатып алуда болатынын және қанша жер учаскесі иелерін өзгертетіні анықталуға тиісті.



Сурет 20. Қазақстан Республикасында екінші реттік нарығының пайда болуы

Бірінші жер иелерінің, яғни жеке және мемлекеттік емес заңды тұлғалардың жерлерін жылжымайтын мүлік ретінде қайта бөлу екінші реттік жер нарығының пайда болуына әкелді (2 сурет). Қазақстан Республикасының заңнамасы бойынша жер пайдаланушы мен жер иеленуші мемлекеттің қатысуынсыз өздігінен иелік етеді. Екінші реттік жер нарығы бойынша ауыл шаруашылық мақсатындағы жер айналымына қойылатын талаптар бар. Соған сәйкес, ауыл шаруашылық жерлері бір меншіктен екінші меншікке ауысып, яғни екінші реттік жер нарығына қатысуда. Бұл құқық жер пайдаланушылықтың ауданына шек қоймайды. Қазақстан Республикасының Жер кодексіне сәйкес, уақытша пайдаланудағы немесе ұзақ мерзімді ауыл шаруашылық өнімін өндіруде пайдаланудағы жер пайдаланушылық ауданы жергілікті атқарушы органмен жергілікті жердің ерекшеліктері мен талаптарына сай бекітіледі.

Жер пайдаланушылық меншігі анықталғанша жер мемлекет меншігінде болады. Екінші реттік жер нарығының масштабы әзірше белгісіз, негізіне елді мекен жерлеріне әсер етеді. Жер үлесін жүргізу заңға сәйкес уақытша тоқтатылған.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Өндіріс факторлары нарықтарының игіліктер нарығынан айырмашылығы қандай?
2. Өндіріс факторлары нарықтарында сұраныс пен ұсынысты кімдер қалыптастырады?
3. Туынды сұраныс дегеніміз не?
4. Жер ресурстары нарығының ерекшеліктері қандай?
5. Жер рентасының түрлері қандай?
6. Жердің бағасын қалай анықтауға болады?
7. Мемлекеттік жер тізімдемесінің объектісі ретінде Қазақстан Республикасының Жер қоры немен түсіндіріледі?

БӨЛІМ 4. КАПИТАЛ НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ПРОЦЕНТ

4.1 Капитал нарығының мәні және мазмұны. Капитал нарығындағы сұраныс және ұсыныс. Капитал нарығындағы тепе-теңдік

Капитал - көп мағыналы ұғым: ол материалдық игіліктердің қоры, ол сонымен қатар материалдық емес элементтерді де қамтиды, атап айтқанда адамның қабілеті, білімі. Капиталдың екі негізгі формасын айтуға болады: өндіргіш капитал-өндіріс құрал - жабдықтары, ақшалай капитал – ақша капитал тиімді пайдалану арқылы ол иесіне табыс әкеледі, Капиталдың өсімі – пайызы деп аталады.

Нарықтағы сатушылар мен сатып алушылардың арақатынастарының объектісіне байланысты, капитал нарығы деген түсінікке анықтаманың екі түрлі болуы мүмкін:

- Өндіріс факторлары нарығында капитал деп олардың құндық өлшеміндегі физикалық капитал түсініледі. Бұл жағдайда капиталдар нарығы өндіріс факторлары нарығының бір бөлшегі болып табылады.

- Қаржы нарығында капитал деп ақша капиталы түсініледі. Сондықтан капиталдар нарығы қарыз капиталдар нарығының құрамды бөлігі болып табылады.


Қарыз капиталының нарығы деп ақша капиталы объектісінің қызметін атқаратын және осы капиталға сұраныс пен ұсыныс қалыптастыратын, өзара қатынастардың жиынтығы аталады. Қарыз капиталдарының нарығы ақша нарығына және капиталдар нарығына бөлінеді. Ақша нарығы мерзімді бір жылға дейінгі банк операцияларын жүргізумен байланысты болады. Капитал нарығы банктің орта мерзімді және ұзақ мерзімді операцияларына қызмет етеді.

Капитал нарығындағы сұраныс пен ұсыныс - бұл физикалық капиталға (ғимараттар, имараттар, машиналар және т.б.), сонымен қатар заемдық құралдарға деген сұраныс және ұсыныс.

Нарықтық экономикада капитал нарығының әртүрлі сегменттері болып табылатын капиталдық игіліктер нарығы мен капитал қызметтерінің нарығы арасында шектерді айқын көрсетеді. Мысалы, еңбек, жер, капитал кіретін өндіріс факторларының ұсынысын үй шаруашылықтары жүзеге асырады, ал өндіріс факторларына сұранысты кәсіпорындар тарапынан көре аламыз. Үй шаруашылықтары фирмаларға станоктарды, құралдарды және жабдықтарды ұсынбайды. Бірақ, олар өздерінің салымдарын (заемдық құралдар) фирмаларға ұсына отырып, фирмаларға осы капиталды (станоктарды, құралдарды және жабдықтарды) сатып алуға көмегін тікелей тигізеді.

Осыдан, фирмалар құралдарды, жабдықтарды және станоктарды сатып алу және жанарту үшін заемдық құралдарға сұранысын білдіреді.

Капитал нарығындағы сұраныс – бұл өздерінің инвестициялық жобаларын жүзеге асыруға мүмкіндік беретін фирмалардың физикалық капиталға сұранысы. Ақшалай салым түрінде капиталы бар үй шаруашылықтары бизнеске материалдарына сұраныс түрінде қолдануға өз капиталын береді. Бұл үшін олар салынған қаражаттарға процент түрінде табыс алады (сурет 22).



Сурет 22. Капитал нарығындағы сұраныс қисығы

Капитал қызметіне сұранысты графикте теріс қисық ретінде көрсетуге болады. Тігінен капитал қызметіне баға (немесе ренталық бағалау) R , сондай-ақ ақшалай түрде шекті өнім болса, көлденең – капитал қызметінің мөлшері (D_K) болады.


График, әсіресе капитал қызметіне сұраныс қисығы өндіріс үрдісінде капитал артқан сайын, шекті өнім немесе капиталдың шекті табыстылығы ($MRPK$) төмендейтінін көрсетеді. Еңбек нарығындағы сұраныс пен ұсыныс сияқты, осында да шекті өнімнің төмендеу заңдылығы орын алады, немесе басқаша айтқанда азаймалы табыстылық заңы көрінеді. Адам Смит, Давид Рикардо, Альфред Маршалл және басқа да экономистер фирманың өндіріс үрдісіндегі капитал мөлшері артқан сайын оның өнімділігі және табыс деңгейі төмендейтінін байқаған. Басқаша айтқанда, капиталдың таза өнімділігі азаяды. Сондай тенденцияны шаруашылық субъектілер аясында ғана емес, сонымен бірге мемлекет деңгейінде көруге болады. Капиталдық игіліктер мөлшері аз мемлекеттерде әдетте капиталдан табыстылық жоғары болады.

Жетілген бәсеке жағдайында капиталдың табыс деңгейі бір шаруашылық субъектілерден екіншілерге капиталдың орын ауысуынан теңестіріледі.

Капиталға сұраныс қисығы фирманың алынатын капиталдың мөлшерін көрсетеді.

Капитал қызметіне ұсыныс үй шаруашылығы, сонымен бірге құрылғыларды, жабдықтарды және т.б. жалға беру арқылы фирмалар бір-бірлеріне капитал қызметін ұсынады. Ұзақ мерзімді және қысқа мерзімді капитал ұсынысын бөлу керек. Қысқа мерзімде капиталға ұсыныс қисығы абсолютті икемсіз, себебі осы қысқа мерзімде жабдықтардың, құрылғылардың, ғимараттардың және т.б. санын арттыру мүмкін емес. Ұзақ мерзімде қисық икемді болады, өйткені жабдықтардың, құрылғылардың және т.б. мөлшері өзгере алады.

Графикте ұсыныс оң қисық түрінде болады. Тігінен капитал қызметіне баға (немесе ренталық бағалау) R , сондай-ақ жоғалған мүмкіндіктердің шекті шығындары (MOC) болса, көлденең – капитал қызметінің мөлшері (SK) болады (сурет 23).




Сурет 23. Капитал нарығындағы ұсыныс қисығы.

Оң көлбеулі капитал ұсынысының қисығының негізінде келесідей қорытынды шығаруға болады: капитал қызметтерін ұсынатын шаруашылық субъектілер оларды басқа мақсаттарда қолданғысы келмейді. Мысалы, белгілі бір фирма токарлық станокты жалға беруге шешім қабылдады. Бұл станокты жалға беруге шешім қабылдаған фирма міндетті түрде одан максималды пайда алу мақсатын алдына қояды. Капитал ұсынысының қисығына сәйкес, ренталық бағалау көлемі (R) жоғары болған сайын, берілген капиталды игіліктің (SK) көптеген көлемін нарыққа жеткізу мүмкіндігі жоғарылай түседі. Капитал қызметінің нақты көлемін анықтай үшін капитал қызметінің бір данасынан минималды ренталық бағалау (R_{min}) мен жоғалтылған мүмкіндіктердің шекті шығындары (MOC) арасында салыстыру өткізу қажет.

Шаруашылықтық субъект капиталды игіліктерді жалға бере отырып, жоғалтылған мүмкіндіктер шығындарына тап болады. Бұл берілген капиталды игіліктерді сатып алу үшін фирма өзінің немесе заемға алынған ақшаның белгілі бір соммасын шығындайды. Осыдан, станокка белгілі бір сомманы шығындағаннан кейін, ол бұл құралдарды қолданудың басқа,

альтернативті тәсілдерінен бас тартады (мысалы, қызмет автокөлігін сатып алу, банкке пайызға ақша сақтауға салу және басқа). Бұдан қорытынды келесідей, капитал қызметінің нарығы заемдық құралдар нарығымен тығыз байланысты (сурет 24).



Сурет 24. Капитал нарығындағы тепе-теңдік

Тепе-теңдік нүстесінде капиталдың шекті табыстылығы ($MRPk$) мен жоғалтылған мүмкіндіктердің шекті шығындардың ($MOCk$) сәйкестенуі жүзеге асады. Ссудалық капиталға сұраныс оның ұсынысына сәйкес келеді.

4.2 Процент және капитал нарығының түрлері

Несие проценті – белгілі бір мерзімде капитал иесіне оның құралдарын пайдаланғаны үшін төленетін бағасы. Несие проценті капиталға деген сұраныс пен ұсыныс арқылы қалыптасады. Капиталға деген сұраныс келесі факторларға тәуелді:

- инвестицияның пайдалылығына;

- экономиканың дамуына;
- мемлекеттің сұранысына;
- салым мерзіміне;
- салым салу саласына тәуекелге және басқа да факторларға.

Несие пайызы номиналды және нақтылы мөлшері болып бөлінеді. Номиналды процент ставкасы – инфляцияның өсімін есепке алмайтын, ағымдағы нарықтық пайыздың мөлшері.

Несиеге берілетін ресурстардың құны процентті құрайды. Бірақ тәжірибеде процент қарыз капиталына баға ретінде, яғни банктердің қызмет етушілердің кәсіпкерлерге берілетін үлесі болып қарастырылады. Банк қарыз беруші мен қарыз алушы арасында делдалдық қызмет атқарады. Ең бірінші кезекте тұрғындар мен кәсіпорындар банктің кредиторлары болып табылады, өйткені сақтауға өзінің бос ақша құралдарын береді. Ал банк дебитор болады, өз кезегінде жиналған ақшаларды банк несие ретінде пайдаланады, яғни тұрғындар мен кәсіпорындарға уақытша пайдалануға қаржы береді. Бұл кезде тұрғындар мен кәсіпорындар дебитор болып табылады. Осы жерден банктегі проценттердің екі түрі келіп шығады:

1. Депозиттік процент – тұрғындар мен кәсіпорындардың өздерінің ақшаларын банкке салудан алатын табысы.

2. Қарыз проценті – банктердің тұрғындар мен кәсіпорындарға несие беруден түсетін табысы.

Банктік пайда табыс пен шығыс арақатынасы арқылы анықталынады. Банктік пайданың нормасы төмендегі формуламен анықталады:

$$\text{Бп} = \frac{\text{Банктік жалпы пайда-банктік істі жүргізу шығындары}}{\text{Банктік меншік капиталы}} * 100\%$$

Қарыз проценті - бұл қарыз капиталының бағасы. Маркстік ілім бойынша қарыз проценті қарыз капиталын пайдалану құқығы үшін төлем болып табылады. Оның белгілі бір деңгейі мен нормасы болады. Процент нормасы қарыз капиталынан алынатын жылдық табысты барлық қарыз капиталына бөлу арқылы анықталынады. Егер қарызға берілген капитал 100 мың

долларға тең болса, ал осы сомадан алынатын жылдық табыс 6 мың долларды құраса, онда процент нормасы 6-ға тең болады:

Неоклассикалық теорияға сәйкес процент бүгінгі және болашақтағы игіліктер, құндылықтар арасындағы айырманы көрсетеді. Бүгінгі ресурстар немесе тұтыну игіліктері әдетте болашақтағы игіліктерден жоғары бағаланады деп санады. Бұл ресурстарды иемдену қазіргі уақытта тек ғана тұтынушының таңдауын кеңейтіп қоймайды, сондай-ақ оған болашақта да жоғары табысты қамтамасыз ету үшін іс-әрекет қабылдауға мүмкіндік беретіндігімен түсіндіріледі. Неоклассиктер өсімді меншік иесі ақша капиталынан немесе өндіруші кәсіпкерлік табыстан алуынан тәуелсіз капиталға баға деп түсіндіреді. Жылдық процентпен көрсетілген қарыз капиталының табысын олар проценттік мөлшерлеме деп атайды. Оның 2 түрі бар:

1) Номиналды – оның құны бойынша ақша бірлігінде көрсетілген мөлшерлеме.

2) Нақты - инфляцияны есепке алғандағы проценттік мөлшерлеме.

Мөлшерлеме көлемі келесі факторларға байланысты өзгеруі мүмкін:

1. Тәуекел. Қарыз алушының қарызды төлемеу мүмкіндігі жоғары болған сайын кредитор жоғары қарыз процентін алып отырады;

2. Жеделдік. Қысқа мерзімді қарызға қарағанда ұзақ мерзімді қарыз проценттік ставкамен беріледі;

3. Қарыз мөлшері. Аз қарызға қарағанда проценттік мөлшерлеме жоғары. Оның себебі ірі және ұсақ қарыздардың әкімшілік шығындары ұқсас.

Проценттік мөлшерлеме өндіріс деңгейіне және құрылымына әсер етеді: төмен проценттік мөлшерлеме инвестицияны өсіріп, өндірісті кеңейтеді, ал жоғарғы проценттік ставка инвестицияны, тұтынушыларды және өндірісті тоқтатады. Екіншіден, проценттік мөлшерлеме капиталды орналастыруға әсер етеді, оларды неғұрлым пайдалы салалар арасында бөледі.

Капитал екіге бөлінеді:

- 1.Негізгі
- 2.Айнымалы

Негізгі капитал - өндірісте ұзақ мерзім бойына қатысатын өндірістік капитал үлесі ол өз құнын дайын өнімге біртіндеп аударады. Оған өндірістік ғимарат, еңбек құралы, машина, техника және т.б жатады.

Айнымалы капитал - бұл өз құнын жаңадан жасалған өнімге бірден толық мөлшерде аударатын өндірістік капитал үлесі. Ол ақшалай формада өз иесіне 1 айналым кезінде қайтарылады. Оған шикізат, жанармай т.б жатады. Кәсіпкерлер негізгі капиталды сақталып қайта қалпына келуге ерекше мүмкіндік береді. Негізгі капитал тозуы амортизация деп аталады.

Кәсіпорындағы өнімдерді өндіру үрдісі адам еңбегінің еңбек құралдарына әсер етуі және олардың еңбек құралдары көмегімен өзгеріске ұшырауы болып табылады. Еңбек құралдары және еңбек заттары өндіріс құралдарын құрады және кәсіпорын капиталдарының материалдық-заттық негізі болып табылады. Өндірістік үрдісте еңбек құралдары мен еңбек заттарының айналым тәсілдері әртүрлі: еңбек құралдары өндірістің көптеген циклдері кезінде қолданылады, ал еңбек заттары әрбір өндірістік циклде толықтай қатысып, тұтынылады. Бұл өндіріс құралдарын негізгі капиталға (синонимдері - негізгі құралдар, негізгі қорлар) және айнымалы капиталға (синонимі - айнымалы құралдар) бөлудің экономикалық сипаттарын шарттайды.

Жоғарыдан мәліметтерді ескере отырып, *негізгі капитал* - бұл өндірістік үрдіске ұзақ уақыт қатыса отырып, өз заттық түрін сақтап, өз құнын өндірілетін бұйымға бөліктермен, пайдалану шамасымен біртіндеп (по частям, постепенно) аударатын өндірістік қорлардың бөлігі. Олар күрделі қаражаттар арқылы орнын толтырады. Өндіріс процессіне қатысуына байланысты негізгі қорлар өндірістік және өндірістік емес болып бөлінеді.

Ұлттық қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 50 бұйрығына сәйкес негізгі құралдар - бұл:

- тауарларды (жұмыстарды, көрсетілетін қызметтерді) өндіруде немесе жеткізуде пайдалану үшін, басқа адамдарға жалға беру, құнын өсіру немесе әкімшілік мақсаттар үшін субъект ұстап қалатын;

- бір кезеңнен астам уақыт ішінде пайдалану ұйғарылған

материалдық активтер.

Негізгі құралдар актив түрінде қабылданады, егер: а) активтермен байланысты болашақ экономикалық пайда кәсіпорынға тиесілі болатын мүмкіндік бар болса; б) активтердің өзіндік құны сенімді түрде өлшенетін болса; в) актив кезектегі сатуға емес иеленетін болса.

Негізгі құралдар өзінің натуралды-заттық құрамы бойынша біркелкі емес, сондықтан олардың жіктелімін жасау қажеттілігі туындайды. Негізгі құралдардың жіктелімі бірнеше нұсқалары ұсынылып отыр:

1) Ұлттық қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 50 бұйрығының 13 п. сәйкес, негізгі құралдарға материалдық-заттай нысаны бар активтер жатады. Мысалы, жылжымайтын мүлік, көлік құралдары, машиналар мен жабдық, жануарлар мен көп жылдық өсімдіктер, сондай-ақ Қазақстан Республикасының Азаматтық кодексінде жылжымайтын және жылжитын мүлік деп айқындалған басқа да мүлік, оларды субъект тауарларды шығаруда немесе қызметтерді көрсетуде немесе беруде пайдалануға, басқа адамдарға жалға беруге немесе әкімшілік мақсаттарға ұстап қалады және бірден астам кезең ішінде пайдалану болжанады.

2) 2015 жылдың 1 қаңтарынан енгізілген **ҚР МЖ 12-2014 Негізгі қорлар жіктеуішіне сәйкес,**

- Материалдық негізгі қорлар (негізгі құралдар):

- Жер;

- Ғимараттар, оның ішінде тұрғын ғимараттар, тұрғын емес ғимараттар, өнеркәсіптік ғимараттар мен қоймалар, Сауда ғимараттары, мәдени-ойын-сауық мақсатындағы ғимараттар, қонақ үйлік, мейрамханалық және осыған ұқсас ғимараттар, оқу орындарының ғимараттары, медициналық ұйымдардың ғимараттары, кеңселік ғимараттар, көлік, байланыс және коммуникация ғимараттары, өзге де тұрғын емес ғимараттар;

- Имараттар, оның ішінде беріліс құрылғылары, магистральдық құбырлар, байланыс желілері және энергетикалық (кабельдік) желілер, жергілікті құбырлар мен кабельдер; қосалқы құрылғылар, азаматтық құрылыстың басқа да объектілері,

автомагистральдар (жер үстіндегілерден басқа), көшелер, жолдар, темір жолдар, аэродромдардағы ұшу-қону жолақтары, көпірлер, жер үсті автомагистральдары, туннельдер және жер асты жолдары, айлақтар, су жолдары, бөгеттер, суландыру жүйелері және су шаруашылығының басқа да имараттары, кен өндіру және өңдеу өнеркәсібіне арналған құрылыстар, спорт және демалыс орындарына арналған имараттар, қоршаған ортаны қорғауға арналған құрылыстар, азаматтық құрылыстың өзге де объектілері;

- Өзге де негізгі құралдар, оның ішінде қайық, яхта немесе десанттық жүзетін заттарға арналған брезенттер, желкендер; бастырмалар, маркиздар, тенттер және кемпингтерге арналған жабдықтар (үрленетін матрастарды қоса алғанда), аспаптар, ауыл шаруашылығында, бақ шаруашылығында немесе орман шаруашылығында қолдануға арналған қол аспабы, басқа қол аспабы және т.б.;

- Биологиялық активтер;

- Аяқталмаған құрылыс;

- Материалдық емес негізгі қорлар (материалдық емес активтер), оның ішінде бағдарламалық қамтамасыз ету, ойын-сауық жанры, әдебиет және өнер туындыларының түпнұсқалары, туынды шығармалар, құрамдық шығармалар, лицензиялық келісімдер, патенттер, гудвилл.

3) Куатова Д.Я. жіктемесіне сәйкес, негізгі капитал функционалды тағайындамасы бойынша келесідей топтарға бөлінеді:

1. Ғимараттар, қосымша құрылымдар
2. Құрылыстар
3. Табыстау қондырғылары
4. Күш көліктері және жабдықтары
5. Жұмыс көліктері және жабдықтары
6. Өлшеуші және реттеуші құралдар, құрылғылар, лабораториялық жабдықтар
7. Есептеуіш техникасы
8. Көлік құралдары
9. Құрал-саймандар және құрылғылар
10. Өндірістік және шаруашылық мүлік (инвентарь)
11. Басқа да негізгі құралдар

Негізгі құралдарды өндірістік және өндірістік емес болып екіге бөледі. Бірінші топқа өндірістік үрдіске тікелей қатысатын құралдарды жатқызады, екінші топқа кәсіпорынның тұрақты қызметін қамтамасыз ететін, әлеуметтік міндеттерді шешуге арналған құралдар жатқызылады. Соңғы топқа, мысалы, денсаулық сақтау, мәдени-тұрмыстық объектілері, тұрғын үй қоры.

Өндірісте атқаратын роліне байланысты негізгі құралдар активті және пассивті бөліктерге бөлінеді. Бірінші бөлік өнімнің шығарылымына тікелей әсер ететін болса, екінші бөлік сәйкесінше жанама әсер етіп, өндірістік үрдістің тұрақты түрде жүзеге асуын қамтамасыз етеді.

Негізгі құралдардың элементтері және топтары арасындағы ара қатынас олардың құрылымын ұсынады. Ресейлік ғалым-экономист Фролова Т.А. негізгі қорлардың құрылымын келесідей жіктейді: жасына қарай (возрастная), технологиялық және өндірістік (түр) құрылымын айырады.

Өндірістік (түр) құрылымы - негізгі қорлардың жалпы орташа жылдық құнындағы заттық - натуралды құрамы бойынша негізгі өндірістік қорларының әртүрлі топтары арасындағы ара қатынасы.

Технологиялық құрылым жалпы құнынан пайыздық сипатта негізгі қорлардың кәсіпорынның құрылымдық бөлімшелері арасындағы бөлінуін сипаттайды.

Жасына қарай (возрастная) құрылымы негізгі қорлардың жастық топтарына қарай бөлінуін атайды (5 жылға дейін; 5 жылдан 10 жылға дейін; 10 жылдан 15 жылға дейін; 15 жылдан 20 жылға дейін; 20 жылдан астам).

Қазақстандық ғалым-экономист Куатова Д.Я. негізгі қорлардың құрылым түрлеріне келесідей анықтамалар береді:

Өндірістік (түр) құрылымы негізгі құралдардың әртүрлі түрлері (элементтері) арасындағы ара қатынасты сипаттайды.

Технологиялық құрылымы - активті және пассивті бөліктері арасындағы ара қатынас. Активті бөліктің үлестік салмағы көп болатын болса, сонша құрылым тиімді болып табылады.

Негізгі капиталды қайта өндіруді есепке алу және жоспарлау үшін бағалаудың натуралды және құндық әдістері қолданылады.

Бірінші әдіс өндірістік қуаттылықты, жабдықтардың баланстарын құрастыру, негізгі құралдардың техникалық құрамын және жағдайын анықтау үшін қолданылады. Екінші әдіс негізгі құралдардың динамикасын, ескіруді анықтау, амортизацияны, құралдарды қолдануының өзіндік құнын және әсерлілігін есептеу үшін қажетті.

Негізгі қорлардың ақшалай бағалануы негізгі қорларды толық қайта өндіруді жоспарлау, амортизациялық аударымдардың ескіру деңгейі және көлемін анықтау, жекешелендіру көлемін жоспарлау үшін қолданылады.

Негізгі қорларды бағалаудың бірнеше түрлері бар:

- Бастапқы құн;
- Баланстық құны;
- Жою құны;
- Қалдық құны;
- Әділ құны.

Негізгі қорлардың бастапқы құны - бұл қорларды сатып алу немесе оларды дайындауға (салуға), тасымалдауға, жөндеу-құрастыруға және т.б. кеткен шығындардың нақты сомасы. Объектінің бастапқы құны өзгертілмейді. Жеке объект үшін бастапқы құн келесі формула бойынша анықталады:

$$\mathbf{Қбаст = Қжабд + Қжж + Штас + Шб,} \quad (2)$$

мұндағы *Қжабд* – жабдықтар құны;

Қжж – жөндеу жұмыстарының құны;

Штас – тасымалдауға кеткен шығындар;

Шбас – басқа да шығындар.

Негізгі қорлардың баланстық құны - кәсіпорынның балансында есептелген, көрсетілетін негізгі құралдардың құны. Баланстық құны қайта бағалану мәліметтері бойынша қорлардың құны немесе қайта бағаланбаған объектілердің бастапқы құны болып табылады.

Негізгі құралдардың жою құны - бұл жабдықтарды, ғимараттарды, өткізгіш құралдарды қайта жөндеу және бөлшектеу құнын алып тастағандағы еңбек құралдарын жою кезінде алынатын басқа машиналарды, металлдарды, құрылыс

және басқа да материалдарды жөндеу үшін жарамды детальдардың құны, ескірген және өндірістен шығарылған негізгі құралдарды сату құны (мысалы, сынық заттар, құрал-саймандар бағасы).

Негізгі қорлардың қалдық құны - бұл бастапқы немесе қалпына келтіру құны және тозу соммасы арасындағы қатынас, яғни бұл өндірілетін өнімге әлі де аударылмаған негізгі құралдар құнының бөлігі.

Негізгі қорлардың әділ құны - бұл шаруашылық келісім субъектілері арасындағы жүргізілген операциялар нәтижесінде негізгі құралдар объектісінің айырбасы немесе оның төлемі жүзеге асырылуы мүмкін болатын келісімдік құны. Бұл құн нарықтық принципке сәйкес есептелінеді: сұраныс - ұсыныс. Негізгі құралдардың әділ құны - бұл операцияны жүзеге асыруға жақсы хабардар, қалаушы екі жақтың арасында келісімге отыру кезінде активті айырбастауға болатын сомма.

Негізгі құралдардың жыл басына және жыл аяғына қарай бір-бірінен айырмашылығының болуына байланысты экономикалық есептерде орташа жылдық құн көрсеткіші қолданылады. Негізгі құралдардың орташа жылдық құнын келесідей тәсілдермен анықтауға болады:

$$\mathbf{Қорт = (Қбасы + Қаяғы) / 2} \quad (3)$$

немесе

$$\mathbf{Қорт = Қбас + Қкірг \times C/12 - Қшығар \times (12 - C) / 12} \quad (4)$$

мұндағы *Қбас*, *Қаяғы* – сәйкесінше жыл басына және жыл аяғына қарай құны;

Қкірг – жыл ішінде енгізілген объектілер құны;

Қшығар – жыл ішінде шығарылған объектілер құны;

C – объектінің жұмыс істеу айларының саны.

Өндіріс үрдісінде ұзақ уақыт кезінде негізгі құралдар тұтынушылық құнын және құнын жоғалта бастайды, табиғи және моральдық ескіруге ұшырайды.

Негізгі қорлардың тозуы – бұл пайдалану не болмаса жұмыс істемейтін күйінде негізгі қорлардың тұтынушылық қасиеттерін, сипаттарын және құнын бөліктік немесе толық жоғалтуы. Негізгі құралдардың тозуы екіге бөлінеді: табиғи тозу және моральдық тозу.

Табиғи тозу қолдану немесе табиғат күштерінің әсер етуі үрдісі кезінде негізгі құралдардың физикалық, механикалық және басқа да қасиеттерінің төмендеуінен байқала бастайды.

Негізгі құралдардың моральдық тозуы бұл негізгі капиталдың, еңбек құралдарының құнының төмендеуінің нәтижесінде, немесе, олардың өнімділігінен жоғары өнімді еңбек құралдарының пайда болуына байланысты құнының бағалылығының жойылуы.

Моральдық тозудың екі түрін айырады: бірінші және екінші ретті. *Бірінші ретті* моральдық тозу негізгі құралдар құнының төмендеуіне алып келетін, өндіріс құралдарын өндіретін салаларда еңбек өнімділігінің төмендеуімен ерекшеленеді. Нәтижесінде көліктер және жабдықтар бұрынғыға қарағанда арзан бағада өндіріледі және дайын өнімге өзінің құнын аударады.

Екінші ретті моральдық тозу ғылыми-техникалық прогрестің нәтижесі болып табылады және өндіріске экономикалық жағынан тиімді көліктер мен құралдардың, жетілген технологиялық үрдістердің, өндірістің рационалды, тиімді ұйымдастыруын енгізумен шартталады.

Амортизация ұдайы өндірісте негізгі қорлардың тозу орнын толтыру үшін қаржы жинақтау түрін білдіреді. Амортизацияның міндеті - негізгі қорлардың тозу орнын толтыруға байланысты амортизациялық қор оның орнын толтыру құнына сәйкес болуы тиіс. Осылайша, амортизация өндірісті бұрынғы қалпында ұстап тұратын жай ұдайы өндіріс көзі болып табылады. Бірақ, амортизациялық аударымдар негізгі қорлар қызметін аяқтаған соң ғана қалпына келтіруге жұмсалады. Сол себепті, осы кезең ішінде көрсетілген төлемдер резервтік қор түрінде сақталып, толығымен тозған еңбек құралдары табиғи түрде қалпына келтіруді қажет еткенше тұрады.

Амортизациялық мөлшерлер амортизация мөлшеріне қарай

ерекшеленуі мүмкін: ол уақыт бірлігіне (бір жылға) - негізгі қор құнының пайыздық бөлігі (%); шығарылатын өнім бірлігіне - теңге; жұмыс бірлігіне (тонна - км жүріс жолы, ұшу сағатына) сәйкес белгіленеді.

Амортизацияны есептеуде келесі әдістер қолданылады:

- түзу сызықты (бір қалыпты) есептен шығару әдісі;
- құнды орындалған жұмыстың, өндірілген өнімнің көлеміне тепе-тең мөлшерде есептен шығару әдісі (өндірістік әдіс);
- азайтылатын қалдық әдісі;
- пайдалы қолдану мерзімі жылдарының санының соммасы бойынша құнды есептен шығару әдісі (кумулятивтік әдіс).

Түзу сызықты (бір қалыпты) есептен шығару әдісі.

Түзу сызықты (бір қалыпты) әдіске сәйкес, объектінің амортизациялық құны оның жұмыс істеу мерзімі ішінде бір қалыпты есептен шығарылады. Амортизация жабдықтың немесе негізгі құралдардың басқа да түрлерінің қызметінің барлық мерзімі ішінде өндірілетін өнімнің құнына өздерінің құнын толық аударғанша тепе-тең бөлікпен есептеледі. Пайызбен есептелген амортизация нормасы тұрақты болып табылады.

Түзу сызықты (бір қалыпты) есептен шығару әдісі бойынша амортизациялық аударымдар соммасы келесі формула бойынша есептеледі:

$$AA = K_{\text{баст}} * Na \quad (5)$$

мұндағы AA – амортизациялық аударымдардың жылдық соммасы;

$K_{\text{баст}}$ – негізгі құралдардың бастапқы құны;

Na - пайызбен есептелген амортизация нормасы.

Құнды орындалған жұмыстың, өндірілген өнімнің көлеміне тепе-тең мөлшерде есептен шығару әдісі (өндірістік әдіс).

Құнды орындалған жұмыстың, өндірілген өнімнің көлеміне тепе-тең мөлшерде есептен шығару әдісі амортизация тек қана пайдалану нәтижесі болып табылатындығына негізделген және

оны есептеу кезінде уақыт бөліктері ешқандай ролді атқармайды. Амортизациялық аударымдарды есептеу есептік мерзімде өнім (жұмыс, қызмет) көлемінің натуралды көрсеткіші және негізгі құралдар объектісінің бастапқы құны мен негізгі құралдар объектісін пайдалы қолдануының барлық мерзімінде өнімнің (жұмыстың, қызметтің) жоспарланған көлемі арасындағы ара қатынас арқылы жүзеге асырылады.

Өндірістік әдіс бойынша амортизациялық аударымдар соммасы келесі формула бойынша есептеледі:

$$AA_i = ((K_{\text{баст}} - K_{\text{жою}}) / \sum \Pi \Theta_i) * \Pi \Theta_i \quad (6)$$

мұндағы, AA_i – i -ші жылы амортизациялық аударымдардың соммасы;

$\Pi \Theta_i$ – i -ші жылы шығарылатын өнім немесе жүргізілетін жұмыстың жоспарлы саны;

$K_{\text{жою}}$ – негізгі құралдардың жою құны.

Азайтылатын қалдық әдісі.

Азайтылатын қалдық әдісі объект құнының қалдық құны бойынша амортизацияны есептеп шығару әдісі болып табылады. Яғни, жыл сайын дайын өнімнің өзіндік құнына сай келетін негізгі құралдардың амортизациясының көлемі қалдық құнының төмендеуіне сәйкес қысқарып отырады.

Азайтылатын қалдық әдісі бойынша амортизациялық аударымдар соммасы келесі формула бойынша есептеледі:

$$AA_i = (K_{\text{бал}} * 2 \text{ Ha}) / 100 \quad (7)$$

мұндағы, $K_{\text{бал}}$ – i -шы жылындағы негізгі құралдардың баланстық құны;

Ha – амортизацияны есептеудің бір қалыпты әдісінде қолданылатын негізгі құралдар амортизациясының нормасы (негізгі құралдар құнын өтеудің жылдық пайызы).

Пайдалы қолдану мерзімі жылдарының санының соммасы бойынша құнды есептен шығару әдісі (кумулятивтік әдіс).

Пайдалы қолдану мерзімі жылдарының санының соммасы бойынша құнды есептен шығару әдісі (кумулятивтік әдіс) - бұл жыл сайын амортизация объектінің бастапқы құнын коэффициентке көбейтумен анықталады.

Кумулятивтік әдіс - латын тілінен аударғанда өсу, жинау деген мағынаны білдіреді, яғни сандарды қосу арқылы тозу соммасы есептеледі, демек нысанның қызмет ету мерзіміндегі жылдар санын қосу арқылы анықталады. Құндық сандар соммасына сәйкес есептеу есептік коэффициентті анықтаудан тұрады. Коэффициенттің бөлімі пайдалы қызмет ету мерзіміне тең жылдар қосындысын көрсетеді, ал алымы қызмет ету мерзімінің қалған жылдарын санау арқылы табылады. Бұл әдісті қолдануда амортизациялық аударымдар соммасы алғашқы пайдалану жылдарында кейінгі жылдарға қарағанда едәуір жоғары болып келеді.

Кумулятивтік әдіс бойынша амортизациялық аударымдар соммасы келесі формула бойынша есептеледі:

$$AA_i = (K_{\text{баст}} - K_{\text{жою}}) * Kei, \quad (8)$$

мұндағы, Kei – пайдаланудың әрбір i жылы үшін анықталатын есептік коэффициент:

$$Kei = Ni / Kc, \quad (9)$$

мұндағы, Ni – i -шы жылына дейін объектінің қызмет ету мерзімі аяқталғанша жылдардың саны;

Kc – объектінің қызмет ету жылдарының соммасымен анықталатын кумулятивтік сан.

Кумулятивтік санды келесі формула бойынша есептеп шығаруға болады:

$$Kc = ((1 + t_{\text{кызм}}) / 2) * t_{\text{кызм}} \quad (10)$$

мұндағы, $t_{\text{кызм}}$ – негізгі құралдардың қызмет мерзімі.

Амортизацияны есептеудің бірқалыпты әдісіндегі амортизация нормасы (Ha):

$$Ha = (1 / n) * 100 \quad (11)$$

мұндағы, n – объектіні қолданудың жылдар саны.

Кәсіпорынның тұрақты жұмысын қамтамасыз ету үшін негізгі құралдармен бірге еңбек заты, материалдық ресурстар, яғни айналым қорлары қажет. **Айналым қорлары** - өндіріс үдерісінің басты элементі және өзіндік құнның негізгі бөлігі болып табылады. Шикізатқа, материалдарға, отынға және энергияға кеткен шығындар аз болса, ол сондай арзан болады.

Айналым өндірістік қорлары дегеніміз - еңбек үдерісінде негізгі өндірістік қорларына қарағанда әр өндірістің циклінде жұмсалатын және олардың құны еңбек өніміне бірден және тұтас көшетін өндіріс қаражаттарының бөлігі, заттық элементтер. Айналым қорларының заттық элементтері еңбек үдерісінде өзінің натуралды формасы мен физикалық - химиялық қасиеттерін өзгертеді. Олар өндірістің тұтынылу шамасы бойынша өз тұтыну құнын жоғалтады. Жаңа тұтыну құны оларда жасалған өнім түрінде қалыптасады.

Өндірістік қорлар үш бөліктен тұрады:

– Өндірісте пайдалану немесе жұмыстар мен қызметтерді атқару үшін жұмыс мерзімі бір жылдан аспайтын қажетті шикізаттар, материалдар, сатып алынатын жартылай фабрикаттар мен жинақтаушы бұйымдар, конструкциялар мен деталдар, отын, тара және таралық материалдар, қосалқы бөлшектер, басқа материалдардың (босалқы) қорлары.

– Аяқталмаған өндіріс, жұмыстар мен қызметтерді атқару үшін материалдың босалқы қорлары.

– Болашақ мерзім шығындары. Субъектінің әрекеті барысында сату үшін бағытталған тауарлардың дайын өнімдерінің босалқы қорлары.

Айналым өндірістің қорлары өз қозғаласында, сонымен қатар айналым саласына қызмет көрсететін айналым қорларымен байланысты болады.

Олар өзіне қоймалардағы жатқан дайын өнімдерді, жолдағы тауарларды, ақша қаражаттарын және өнім тұтынушыларымен есеп айырысудағы қаражаттарды, көбінесе дебиторлық

борыштарды кіргізеді. Айналым және айналыс қорларын қалыптастыру үшін бағытталған кәсіпорынның ақша қаражаттарының жиынтығы кәсіпорынның айналым қаражаттарын құрайды.

Айналым қорларының жеке элементтерінің пайыздар немесе олардың құрамдас бөлшектері арасындағы өзара қатынасты айналым қорларының құрамы деп атайды.

Айналым құралдарын әртүрлі сипаттарға байланысты жіктеуге болады:

1. *Айналым саласы бойынша* олар айналым құралдарын және айналыс қорлары болып бөлінеді.

2. *Нормалауды қамту бойынша нормаланатын және нормаланбаған* болып екіге бөлінеді. Нормаланатын айналым құралдарына өндірістік қорлар, аяқталмаған өндіріс, болашақ мерзім шығындары, және қоймадағы дайын өнімдері жатқызылады. Нормаланбаған айналым құралдарына жөнелтілген бірақ төленбеген дайын өнім; ақша құралдары және есептегі құралдар жатады.

Қалыптастыру көздеріне байланысты айналым құралдары *өзіндік, өзіндік құралдарға теңестірілген, тартылған, қарыздық* болып бөлінеді. Өзіндік айналым құралдарының көздері болып кәсіпорынның жарғылық (акционерлік) капиталы, пайда; өзіндік айналым құралдарына теңестірілген - тұрақты пассивтер, яғни жұмысшылардың жалақысы бойынша кәсіпорынның қалыпты қарызы, борышы, демалыстарды төлеу бойынша резервтер, басқа да төлемдер резерві; тартылған - үлестік жарналар, бюджеттік құралдар; қарыздық - банктің және басқа да қаржылық институттардың несиелері.

Айналым құралдарын тиімді пайдалану талабы оларды нормалау және қажеттілікті анықтау болып табылады. Айналым құралдарына деген жалпы қажеттілікті өндірістік қорларды, аяқталмаған өндіріс және кәсіпорынның қоймасындағы дайын өнімдерді қалыптастыруға айналым құралдарына қажеттілікпен анықталады.

1. *Өндірістік қорларды қалыптастыруға айналым құралдарына деген қажеттілікті анықтау.* Өндірістік қорларға деген қажеттілікті есептеу кезінде кәсіпорынның қалыпты және

үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін минималды мөлшерін табу қажет. Өндірістік қорлар салыстырмалы және абсолютті мөлшерде өлшенеді.

Өндірісте қолдану үшін материалды дайындауға қажеттілігіне байланысты қорлар ағымдағы, сақтандыру және дайындық болып үшке бөлінеді.

Ағымдағы қорлар (Қа) - шикізаттар мен материалдарды екі кезекті жеткізілім арасында өндірістің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін қорды атайды. *Сақтандыру қоры (Қс)* - жеткізілімнен ауытқу жағдайында өндірістің үздіксіз жұмысын қамтамасыз ететін қорды атайды. Сақтандыру қоры ағымдағы қордың жартысына тең. *Дайындық қоры (Қд)* - өндірістік тұтыну, өндірістің ары қарай жұмысы үшін кәсіпорынға жеткізілетін шикізаттар мен материалдарды дайындауға қажетті қорларды атаймыз (материалдардың алдын ала технологиялық өңдеу бойынша арнайы операцияларды орындауға кететін уақыт; шикізат пен материалдарға, төлемдерге есептік құжаттаманың жұру уақыты; шикізат пен материалдарды жөнелту, тиеу, жеткізу, тасымалдау, қоймалау және лабораториялық талдауға кеткен уақыт).

Өндірістік қорларды қалыптастыруға айналым құралдарына деген қажеттілік ($Қөқ$) келесі формуламен анықталуы қажет:

$$Қөқ = Ш1 * Нқ, \quad (12)$$

мұндағы, $Қөқ$ - өндірістік қорларды (шикізат пен материалдарды) қалыптастыруға айналым құралдарына деген қажеттілік;

$Ш1$ - құндық сипаттағы шикізат пен материалдардың біркүндік шығыны;

$Нқ$ - қоймадағы шикізат пен материалдар қорының нормасы.

Қоймадағы шикізаттар мен материалдар қорының нормасы ($Нқ$) шикізат пен материалдардың ағымдағы, сақтандыру және дайындық қорларының соммасын болып табылады:

$$Нқ = Қа + Қс + Қд, \quad (13)$$

мұндағы, $Қа$ - ағымдағы қорлар;

$Қс$ - сақтандыру қоры;

$Қд$ - дайындық қоры.

Сатып алынатын шикізат партиясының тиімді мөлшері Уилсон моделі бойынша анықталуы мүмкін (Q):

$$Q = \sqrt{\frac{2mo}{rk}}, \quad (14)$$

мұндағы, Q - сатып алынатын шикізат партиясының тиімді мөлшері;

m - сатып алынатын шикізаттың жылдық көлемі (натуралды сипатта);

o - бір партияға келетін сатып алуларға қызмет көрсету шығындары;

r - орташа жылдық қорларға пайызбен шикізаттарды қоймалау бойынша шығындар (коэффициент арқылы ондық бөлшек түрінде сипатталады);

k - шикізаттың бір бірлігіне бағасы.

Сатып алынатын шикізат партиясының тиімді мөлшері анықталуы мүмкін:

$$Q = \sqrt{\frac{2FD}{H}}, \quad (15)$$

мұндағы, F - тапсырыстың партиясын орындау құны, теңге;

D - белгілі бір мерзім ішіндегі шикізатқа деген жалпы қажеттілік, дана;

H - шикізаттың бір бірлігін сақтау бойынша шығындар, теңге.

Сатып алынатын шикізат партиясының тиімді мөлшерін анықтап алынғаннан кейін бір жыл ішінде тасымалдауға жататын партиялар санын есептеу қажет (N):

$$N = \frac{m}{Q}, \quad (16)$$

мұндағы, N - белгілі бір мерзім ішіндегі партиялар саны.

Сатып алынған шикізаттың кезекті партиялары арасындағы интервалды (I) есептеп шығаруға болады және ағымдағы қорды табуға мүмкіндік туындайды:

$$I = M/N \quad (17)$$

мұндағы, I - тапсырыстың партиялары арасындағы интервал;

M - жұмыс мерзімінің ұзақтығы, күндер.

2. *Аяқталмаған өндірісті қалыптастыруға айналым құралдарына деген қажеттілікті анықтау.* Бұл қажеттілік келесі формула бойынша анықталады ($Қаө$):

$$Қаө = Ш1 * Ұ * Кшө, \quad (18)$$

мұндағы, $Қаө$ - аяқталмаған өндіріске айналым құралдарына деген қажеттілік;

$Ш1$ - құндық сипатта өнімнің біркүндік шығарылымына шығындар;

$Ұ$ - өндірістік циклдың ұзақтығы;

$Кшө$ - шығындардың өсу коэффициенті.

Шығындары бір қалыпты болатын кәсіпорындарда шығындардың өсу коэффициенті ($Кшө$) мына формуламен анықталады:

$$Кшө = (Үс_1 + 0,5Үс_2) / 100, \quad (19)$$

мұндағы, $Үс_1$ - өндірістік циклдың бірінші күнінде жүзеге асырылатын шығындардың үлестік салмағы;

$Үс_2$ - өндірістік циклдың кейінгі күндері жүзеге асырылатын шығындардың үлестік салмағы.

3. *Дайын өнімді қалыптастыруға айналым құралдарына деген қажеттілікті анықтау.* Бұл қажеттілік ($Қдө$) тапсырыстар ойынша бұйымдарды таңдау, сұраптауға кететін жұмыстарды өткізуге, өнімді бұйып-түю, таңбалауға, жөнелту партиясына дейін оны сақтауға байланысты және келесі формула бойынша анықталады:

$$Қдө = Ш1 * Ндө, \quad (20)$$

мұндағы, $Қдө$ - дайын өнімге айналым құралдарына деген қажеттілік;

$Ндө$ - қоймадағы дайын өнім қордарының нормасы.

Сонымен бірге Уилсон моделі арқылы есептеп шығаруға болады:

$$Q = \sqrt{\frac{2m\sigma}{rk \left(1 - \frac{s}{p}\right)}}, \quad (21)$$

мұндағы, Q - өндірілетін өнімнің тиімді мөлшері;

m - өнімді өндірудің жоспарлы көлемі;

σ - жылына өнімдерді дайындауға кететін шығындар;

r - қорлардың орташа жылдық құнына пайызбен дайын өнімдерді қоймалауға кететін шығындар;

k - өнім бірлігіне кететін айнымалы шығындар;

s - берілген мерзімде сатудың максималды мүмкін көлемі;

p - белгілі бір мерзімде өндірістің максималды мүмкін көлемі.

Қажеттіліктің есептелген үш элементі кәсіпорынның айналым құралдарына деген жалпы қажеттілікті анықтауға мүмкіндік береді.

Өзін-өзі тексеруге арналған сұрақтар:

1. Кәсіпорынның негізгі капиталы түсінігін ашыңыз.

2. Кәсіпорынның негізгі капиталының жіктемесін келтіріңіздер.

3. Негізгі қорлардың активті және пассивті бөліктері дегеніміз не?

4. Амортизация нормасы дегеніміз не?

5. Тозудың түрлерін атап өтіңіздер, және олар бір-бірінен қалай айрықшалаынады?

6. Амортизациялық аударымдар дегеніміз не және олар не үшін қолданылады?

7. Амортизациялық аударымдардың көлемін анықтайтын қандай әдістерді Сіз білесіз?

8. Қор қайтарымдылық және қор сыйымдылық коэффициенттері нені көрсетеді?

9. Кәсіпорынның негізгі қорларының қолда бар болуын, жағдайын және қозғалысын сипаттайтын қандай көрсеткіштерді білесіз?

10. "Кәсіпорынның айналым құралдары" түсінігінің мәні қандай?

11. Айналым құралдарының құрамы қандай?

12. Айналым құралдарын қалыптастыру көздері қандай?

13. Айналым құралдарының құрылымы дегеніміз не?

14. Өндірістік қорға анықтама беріңіз және оның есептеу формуласын жазыңыз.

15. Кәсіпорынның айналым құралдарын нормалау үшін қандай көрсеткіштерді қолданады?

16. Кәсіпорынның қызметінде айналымдылық коэффициентінің ролі қандай?

17. Айналым құралдарының айналымдылығына әсер ететін факторларды атаңыз.

18. Айналым құралдарын қолдану тиімділігін не сипаттайды?

ҚОЛДАНЫЛҒАН ӘДЕБИЕТТЕР ТІЗІМІ

1. С. Әкімбеков, А.С. Баймұхаметова, У.А. Жанандаров Экономикалық теория. Оқу құралы. Жалпы редакция С. Әкімбековтікі. - Астана: 2002.

2. Вехи экономической мысли. научное издание / сост. В.М. Гальперин. - СПб. : Экономическая школа, Т.2 : Теория фирмы, 2000- 534с.

3. Вечканов, Г.С. Микроэкономика: учебное пособие / Г.С. Вечканов, Г.Р. Вечканова. - СПб: Питер, 2007. - 256 с.

4. Гальперин, В.М. Микроэкономика: учебное пособие в 2-х томах для студентов экон.спец.вузов / В.М. Гальперин, С.М. Игнатъев, В.И. Моргунов. - СПб.: Экономическая школа, 2002. - Т.2. - 503 с.

5. Гилфердинг Р. Финансовый капитал. Исследование новейшей фазы в развитии капитализма. - М., 1959. - 345 с.

6. Государственное регулирование рыночной экономики. Учебник для студ.и слушателей экон.спец. / ред.Кушлин В.И., ред.Волгин Н.А. - М. : Экономика, 2001. - 735с.

7. Государство и бизнес: учебник / Н. К. Мамыров, А. Н. Саханова, Ш. С. Ахметова, Л. Брузати. - Алматы : Экономика, 2002 -Кн.3 : Менеджмент государственного сектора. - 2002. - 736 с.

8. Долан Э., Линдсей Д.Е. Рынок: микроэкономическая модель. - СПб.: 1992. - 496 с.

9. Кирцнер, И.М. Конкуренция и предпринимательство: научное издание / Кирцнер, И.М. - М. : ЮНИТИ-ДАНА, 2001. - 239с.

10. Кларк Дж. Б. Распределение богатства. М. ; Л., 1934. 371с.

11. Маркс К. Капитал Т.3, Кн.3. Процесс капиталистического производства взятый в целом: ч.2, 1986 г. - 545 с.

12. Маршалл А. Принципы политической экономии. М., 1984. Т. 2. - 524 с.

13. Милль Дж. О свободе / Пер. с англ. А. Фридмана // Наука и жизнь. - 1993. № 11. С. 10-15; № 12. С. 21-26.

14. Поланьи К. Великая трансформация: Политические и экономические истоки нашего времени / Пер. с англ. А. Васильева и А. Шурбелева, под общ. ред. С.Е. Федорова. СПб.: Алетейя, 2002. - 320 с.
15. Предпринимательский кодекс Республики Казахстан от 29.10.2015 № 375-V
16. Саффа П. Производство товаров посредством товаров.- М.,1960. – 359 с.
17. Сборник Фридмена и Хайека о свободе, серия «Философия свободы», вып II. – М. Социум.2003. – 343 с.
18. Смит А. Исследование о природе и причинах богатства народов. М., 1993. – 454 с.
19. Хайек Ф.А. Индивидуализм и экономический порядок. -- М.: Изобраф, 2000. - 356 с.
20. Cairnes J. E. Some Leading Principles of Political Economy Newly Expounded. London, 1874.
21. Cournot A. Mathematical Principles of the Theory of Wealth. New York, 1029.
22. Edgeworth F.Y. Mathematical Psychics. London, 1881.
23. Jevons W. S. Theory of Political Economy. 1st ed. London, 1871.
24. Moore H. Paradoxes of Competition // Quart. Journ. Econ. 1905-1906. Vol. 20. P. 209-230.
25. Pareto V. Cours d'economie politique. Lausanne, 1896, 1897.
26. Pareto V. Manuel d'economie politique. 2nd ed. Paris, 1927.
27. Senior N. W. Political Economy. New York, 1939.
28. Smith A. The Wealth of Nations. London, 1954.
29. Walras t. Elements of Pure Economics. Homewood (111.), 1954.
30. Экономика труда: учебное пособие / В.А. Киселева. – Челябинск: Издательский центр ЮУрГУ, 2011. – 286 с.
31. Қазақстан Республикасы Ұлттық Экономика Министрлігі Статистика комитетінің ресми сайты www.stat.gov.kz

32. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы/Мейірбеков А.Қ., Өлімбетов Қ.Ә. – Алматы: Экономика, 2003. – 252 б.
33. Экономика труда: учебник/А.И. Рофе. – М.: КНОРУС, 2010. – 400с.
34. Халықаралық экономикалық қатынастар: оқу құралы/ жалпы ред. Р.Е. Елемесов. – Алматы: Қазақ университеті; 2002. – 389б.
35. Абакумова Н. Н. Политика доходов и заработной платы: Учебник. – М.: ИНФРА, 2002. – 222 с.
36. Экономика труда: учеб. для вузов/ред. Погосян Г.Р. – М.: Экономика, 1991. – 303с.
37. Кәсіпорын экономикасы (тәжірибе сабағына арналған оқу құралы)/ К.Ж. Оразалин. – Алматы: ЛЕМ, 2008. – 294б.
38. Микроэкономика: оқу құралы / К.С. Құдайбергенова. – Көкшетау: Келешек – 2030, 2005. – 223б.
39. Нуреев Р.М. Курс микроэкономики учебник для вузов 2-ое издание, изм. – М.: Норма, 2007. – 576с.
40. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы/ Р.Т. Дуланбаева: Қазақ Ұлттық университеті. – Алматы: Қазақ университеті, 2009 – 187б.
41. Республикалық оқу-әдістемелік кеңесінің мәжілісінде 2014 жылы 22 қазанында хаттама шешімімен бекітілген, ҚР Білім және ғылым министрлігінің жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру және халықаралық ынтымақтастық департаменті 2014 жылдың 03 қарашасында № 03-3/529 бұйрығы негізінде енгізілген "Кәсіпорын экономикасы" пәні бойынша (КЕ 3301 Кәсіпорын экономикасы) типтік бағдарламасы
42. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы/ Р. Т. Дуламбаева; Қазақ ұлттық ун-ті. - Алматы: Қазақ ун-ті, 2009.
43. Кәсіпорын экономикасы: оқу құралы/ Р. Қ. Ниязбекова, Б. А. Рахметов, П. Т. Байнеева. - Алматы: Экономика, 2008.
44. Кәсіпорын экономикасы: (тәжірибе сабағына арналған оқу құралы)/ К. Ж. Оразалин. - Алматы: ЛЕМ, 2008.
45. Кәсіпорын экономикасы (дидактикалық материалдар және көрнекі құралдар): оқу құралы/ Т. Т. Түсіпбеков, Г. С. Теңізбаева. - Астана: Фолиант, 2008.

46. Ұлттық қаржылық есептілік стандартын бекіту туралы Қазақстан Республикасы Қаржы министрінің 2013 жылғы 31 қаңтардағы № 50 бұйрығы;
47. ҚР МЖ 12-2014 Негізгі қорлар жіктеуіші;
48. Эконом-ика предприятия: учебное пособие / В.П. Волков, А.И. Ильин, В.И. Станкевич и др.; под общ.ред. А.И. Ильина. 2-е изд., испр. — М.: Новое знание, 2013. — 672 с.
49. Экономика организации (предприятия): Учебник для ср. спец. учебных заведений / Н.А. Сафронов. - 2-е изд., с изм. - М.: Магистр: НИЦ Инфра-М, 2014. - 253 с.
50. Экономика предприятия (фирмы): учебник / Под ред. О. И. Волкова; О. В. Девяткина. - 3-е изд., перераб. и доп. - М.: ИНФРА-М, 2009. - 604 с.
51. Куатова Д. Я. Экономика предприятия: учеб. пособие - Алматы: Экономика, 2011. - 351 с.
52. ҚарМУ Ғылыми кітапханасының мәліметтер қоры: ELSEVIER, EBSCO, Science, Thomson Reuters, Springer
53. Оксфорд университетінің Ғылыми кітапханасының ресми сайты - www.oxfordreference.com

МАЗМҰНЫ

| | |
|---|-----|
| Кіріспе | 3 |
| Бөлім 1. РЕСУРСТЫҚ НАРЫҚТАРДЫҢ МИКРОЭКОНОМИКАЛЫҚ НЕГІЗДЕРІ | 5 |
| Бөлім 2. ЕҢБЕК НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ЕҢБЕКАҚЫ | 11 |
| 2.1 Еңбек нарығының жұмыс істеу тетігі және оны талдаудың теориялық жолдары | 11 |
| 2.2 Еңбекақының экономикалық табиғатын және функцияларын зерттеудегі теориялық-әдістемелік тәсілдері | 18 |
| 2.3 Еңбекақыны анықтаудың нарықтық механизмі ... | 39 |
| 2.4 Қазақстандағы еңбекақының қарқыны және саралану деңгейіне талдау: эмпирикалық-корпоративтік тәсілдер | 53 |
| Бөлім 3. ЖЕР НАРЫҒЫ ЖӘНЕ РЕНТА | 59 |
| 3.1 Жер нарығының түсінігі мен мазмұны. Жерге деген сұраныс пен ұсыныс. Жер нарығындағы тепе-теңдік... .. | 59 |
| 3.2 Жер нарығының факторлы табысы - жер рентасы | 65 |
| 3.3 Қазақстан Республикасында жер нарығының қалыптасуы мен дамуы | 72 |
| Бөлім 4. КАПИТАЛ НАРЫҒЫ ЖӘНЕ ПРОЦЕНТ ... | 78 |
| 4.1 Капитал нарығының мәні және мазмұны. Капитал нарығындағы сұраныс және ұсыныс. Капитал нарығындағы тепе-теңдік... .. | 78 |
| 4.2 Процент және капитал нарығының түрлері | 82 |
| Қолданылған әдебиеттер тізімі | 102 |

Оқу құралы

**Асанова Марал Кабдрахмановна
Жартай Жанибек Маратулы
Газизова Майя Ривелевна**

РЕСУРСТЫҚ НАРЫҚТАР

Авторлық оригиналдан баспаға шығарылды

Баспаға қол қойылды _____. Формат 60/84 1/16. Қағаз _____. Көлемі _____.
Тираж _____. Бағасы келісілген. Тапсырыс № _____.

Е.А. Бөкетов атындағы ҚарМУ Баспаханасының типографиясында шығарылды.

100028, Қарағанды қ., Гоголь көшесі, 38